

ҚҰДАЙБЕРЛІ МЫРЗАБЕК

ҚАРМЫС АТЛАЖЫҒ ҰРПАҒЫ



ҚҰДАЙБЕРЛІ МЫРЗАБЕК

ҚАРМЫС АТАНЫҢ ҰРПАҒЫ
Өмірбаяндық деректі хикая

КӨКШЕТАУ – 2008

ББК 84 Қаз 7-4
М 91

М 91 Құдайберлі Мырзабек
Қармыс атаның ұрпағы (Өмірбаяндық деректі
хикая). – Көкшетау: «Келешек-2030», 2008. – 155 б.

ISBN 978-601-231-029-0

Ауыл ақсақалы Маман Әубәкіровтің өткен өмірі,
өскен ортасы, замандастары туралы шынайы
баяндалады. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 978-601-231-029-0

© Құдайберлі Мырзабек, 2008

Алғы сөз

Алланың берген өнерінің арқасында бірсыпыра алыс-жақын ел мен жерді көріп, біргалай игі жақсылармен сыйлас, сыбағалас, сапарлас болып жүрміз. Соған іштей шүкіршілік етемін. Халқымыздың мақтанш тұтар небір марқасқаларының қасына еріп, иманымды толықтыруға сара жол іздедім. Қазақтың екі кемеңгері Көкен Шәкеев пен Сәкен сері Жүнісов ұраны «Алаш» ұлтымыздың намысына жаралған тұлғалары еді ғой. Бірі дардай Қазақстанның халық ақыны, бірі таудай Қазақстанның халық жазушысы. Табиғи дарындарын мойындаған елі оларды алақандарына көтеріп еркелеткендігіне замандастары куә. Сол екеуіне де мен еркелеп өскен екенмін. Мұны аз бақыт деп ойламаймын. Ұстазым Көкен ақын: «Сен менің болашағым, жеткіншегім, сен менің кеудемдегі жанымдайсың», – десе, жан ағам Сәкен сері: «Өз әкеннің құдай берген ұлысын, Маған құдай бере салған інісің», – деп өлең арнап еді. Сөйтсем көзі тірілерінде екеуі де менің мойныма батпан-батпан жүк арқалатып кетіпті. Әдебиет пен өнердегі менің пірлерім осы кісілер. Бұл сөзімнің төркінін келесі еңбектерімде ұқтыруға тырысамын қадірлі оқырмандарым.

Осы ғұмырымда лауазымды дәкейлер мен қалталы мықтыларды жағалатудың түрлі мүмкіншіліктері туса да, бойымды илкітіре алмадым. Даньшпан Абайдың «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, ақылың мен қайратың екі жақтап» деген ұлағатына дең қойып, Аллаһтың жібіне жармастым. Сонымды дұрыс санадым. Соңғы жылдардағы елеусіз өмір сүруімнің бір сыры сонда жатыр. Биіктеген сайын ауа қысымының тарылу заңдылығы секілді адамзат аурасы да соған ұқсастау. Қарапайым жұрттың арасында тынысың да кен, жүрісің де еркін. Кіммен болса да шынайы қарым-қатынас орнатасың. Күлгендері де, жылағандары да түсінікті. Мүмкін ауылда туып, өскен маған солай көрінетін шығар.

Кенашы ауылымен байланысым сонау сексенінші жылдардың соңынан басталды. Онда айтыстың арқасында

рухани туыстасқан ағам Баянғали Әлімжанов тұрды. Жұмасына болмаса да айына арнайы барып қайтатынымын. Ауыл тұрғындарының біразымен танысып, араласып та кеттім. Шаруашылықтың директоры Қалиасқар Әйткенов те құрметтеп күтіп шығарып салатын. Ат мінгізіп, шапан жапқаны да есімде. Жарықтық Тақан әкеміз аңқылдаған жан еді. Құрақ ұшып қарсы алатын. Қасымда бірге барған кім болса да менен кейін оны да құшақтап сүйіп жатқаны.

– Қайтесің Бөтен біреудің бетін сонша жалап? – деймін қалжыңдап. Сонда ол да:

– Сен жақсы болсаң жаныңда жаман кісі жүре ме? – деп орынды жауап қайтарып, мәз қылатын. Содан бір қарасаң домалатып қой сойып жататын.

Мына шығарманың басты кейіпкері Маман Әубәкіровпен де сол жылдарда таныстым. Ақсақал ол кезде сопқоздың орталық бөлімшесінің меңгерушісі қызметін атқаратын. Ақынжанды адам. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал барып сәлем береді», – деген қазақы жолды берік ұстанғандығынан болар, мені кәдімгідей әспеттеп амандасуға келетін. Кейін баласы Нұрлыбекпен достасып кеттік. Өлі күнге дейін аралас-құраласпыз. Бірлесіп атқарған ортақ істеріміз де жоқ емес.

Мәкең өз заманынына лайық өмір сүрген өз ортасының бетке ұстар тұлғасы. Қоғамымыздың біртұтас тарихының бөлінбейтін бөлшегі осы кісілер. Біз бүгінгіге солар жүрген бейнетті соқпақтар арқылы жетпедік пе? Бұл біреудің әкесі, біреудің атасы өткен өмір жолы. Асыра мадақтап, әсіре сыйпаттамай-ақ жазып шықтым. Әрине көркем шығарманың өз таразысы бар. Деректі хикаяның шарты бір басқа. Оқылуы жеңіл, сіңімді болуы үшін аздап тұздықтағанымды жасырмаймын. Шаңырақты көтеру мақсатында уықтарын ептеп иіп, жонып айқастыру шебердің еркіндегі іс қой. Бірақ бұрмалап берекесін қашырмай оқиғаларды қаз-қалпында сақтадым. Қиялмен қосақталған кейіпкер мұнда енгізілмеді. Қалғанын өздеріңіз оқып, бағаларсыздар.

Автор



*Ғұмыры адамзаттың жаз бен қыстай,
Алмасып тұрады ол жасап жыл-жыл.
Жапанның жайсыз жатқан даласындай
Көрінер өткен өмір бұлдыр-бұлдыр.*

Сүгір

Ауладағы ас үйдің алдында қақпағынан буы будақтаған дәу самауыр қызыл шоқтың қызуынан бұрк-сарқ қайнап, түтікшесінен ышқына ысқырып жіберді. Енді болмаса ұшуға шақ қалғандай. Жансыз самауырдың қанасын керген қысым қуатынан кем түспестей әлде бір күш Қуаныштың да жан дүниесін аударып, төңкеріп жатқандығы өзінен өзгеге беймәлім. Қуаныштың асыға күткені күйеуі Маман мен баласы Нұрлан. Қарағандыдағы келіні Баршагүл «Атамдар жолға шықты» – деп таңертең телефон шалып хабарлағалы заматында жетіп келетіндей-ақ самауырды он рет ысқыртқан шығар. Күніне әкесін бір көрмесе байыз таппайтын үлкен ұлдары Ғелман да таң атқалы екі қайта соғып, біліп кетті. Көптен алысқа ұзамай ауыл арасында көз алдарында жүргендігіне үйреніп қалғандықтан ба отағасының екі-үш күндегі жоқтығы кәдімгідей сезілді. Алаң көңілі алабұртып, іштей тықыршып, жаны жай табар емес. Сонда да онысын бөгде көзге байқатпауға тырысып бағуда. Үйдің сыртын айналып Намазғұл жақты қарауындап та қайтты. Бұл үй кімді тосса да сол Намазғұлдан бері асатын тас жолмен құлдырап жететін. Оның арғы жағында аудан орталығы Степняк қалашығы. Ауыл төңірегінде Намазғұлмен бой таластырарлықтай төбе жоқ. Кеңашыны жанамалап Уәлиханға қарай өтетін тас жолдың Көкшетау жағын жотасымен жауып алған қарт төбе: «Алдымен сүйіншіңді маған бересің», – дегендей қоқиып тұр. Ертелеу заманда осы өлкені көктей көшіп бара жатқан бір елдің ақсақалы осы төбенің етегінде жарығы таусылып, көз жұмыпты. Жарықтықтың аты Намазғұл екен. Төбенің атауы соған байланысты қойылған деген ауызша дерек жұрттың жадында жатталған. Әр ауылдың өз төбесі өзіне асқақ, өздеріне ыстық. Мейлің ол басқалардың тауларынан аласа болсын, алайда әр төбенің өзіне лайық аңыз-әңгімелері, өзіне тән тарихы бар. Оның маңызы мен қадірін

маңындағылар жақсы біледі. Бауырайын көмкеріп, басына қарай өрлей біткен шашақты жасыл орманы, етегіне еңдей созылған жасыл құрақты айдын шалқар көлі болмаса да, мына ашылы жазықтың андағайлаған биігі – Намазғұл. Асыра дәулеті, асқақ дәрежесі жоқ қарапайым ғана ауыл ақсақалы – Маман да бір әулеттің арқа сүйер асқар тауы ғой. Әдетте адамның адамдық деңгейі биік мансапты бағындырған жоғары лауазыммен емес, үлкен жүрекпен өлшенбей ме? ...

Қыз-келіншек күндерінде талдай майысып, құлындай қозғалушы еді, жасы ұлғайғалы аяғы құрғыр алшаң бастырмайды. Көп жүрсе сырқырап ауырады. Алғашқы кездерде Көкшетау, Қарағандының ауруханаларына жатып, емделіп те көрді. Жақпаған майы, ішпеген дәрісі кемде кем. Айыртаудың арғы жағында шипалы ақ балшық бар дегенге сұрау салып оны да алдыртып балтырына езіп, тартты. Жұрт ағылып жатқан көзіқарақты емші-балгерлердің де біразының алдына барды. Олардан да ем дарымады. «Ақжолға аттанып, пәленше бабтың басына түнесең жазыласың», – деушілер де табылды. «Қой, шойнақ қасқырдай қиралаңдап қартайғанда зират аралап кететін жайым жоқ», – деп қолын сілтеген. Іштей дауасыз кәріліктің салдарына мойын ұсынып тынышталған сыңайлы. Тынышталғанда бойын бағып қимылсыз қарап отыруға дәті жетер ме, қолындағы келіні Күмісшаштың жанашыр қарсылығына қоймай қабаттасып үй шаруасына қолқабыс жасайды. Күмісшаш биыл төртінші рет босанып, немере сыйлады. Ұлдың есімін Дарын деп атады. Келінге әлсін-әлсін жаялық жуып, жаңалау да оңай емес. Оның үстіне келімді-кетімді қонақ та бұл үйдің босағасынан толас таппайды. Соның біріне қабақ шытпайтын келініне көмектеспей қайтып шыдасын. Өзі де із құрғатпайтын талай жайсаңның қонақасын әзірлеуден жалықпайтын. Қыздарына да: «Қонақтан қаппаңдар. Қонақ үйдін

берекесін кіргізеді», – деп үйретіп, тәрбиелеп ұзатқан. Кісі түспейтін үйге құт оралушы ма еді? Мейман да мейманасы келіскен шаңырақты жағалайды. Атадан ұлға, анадан қызға жалғасқан өнегелі үрдіс қара шаңырақтың табалдырығынан үркіп, төрінен безген жоқ. Қуанып балаларына риза: «Ауырсам ауырайын, бірақ осыларға сабытымды салмасам екен», – деп тілейді жатса, тұрса да.

Самауыр бұрқылдап қайнай бастағасын шоғын өшіріп тастады. Сыртқа оттауға кеткен қаздар балапандарын шикылдатып, қаңқылдасып шуласып орамға кірді. Ауланы былықтырмай тұрғанда шарбағына айдап енгізіп, қамап тастау керек. Сосын науаларына су үстейді. Соны ойлап мамырлап орнынан көтеріле бергені сол еді, байлаудағы ит шынжырын жұлқып, өршелене шабаланып үре жөнелді. Манадан маңқ етпей тұмсығын шабына тығып, көлеңкеде бүктетіліп жатқан сұрқасқа дүрегей дарбазадан еніп келе жатқан салт атты жылқышының қарасынын көрген екен. Қазақ салтында ежелден берік қалыптасқан жылқышы атаны қашан келсе де құрметпен қарсы алу жосынын басқа ұмытса да, бұл ұмытқан жоқ. Ықылас-пейілін амандық-саулығымен-ақ үйіп-төкті.

– Серік, айналайын, аттан түсіп, жоғары шық. Шай қайнап тұр.

– Рахмет, апай, асығыспын. Нұрлан үйде ме?

– Естімеп пе ең, Нұрлан әкесін алып Нұрлыбектікіне Қарағандыға кеткен. Алла жазса бүгін келіп қалар. Жайшылық па, шырағым?

– Ана соңғы әкелген екі байталы жылқыдан бөлініп кетіп кешеден жер-көкті шарлап таппай жүрмін. Атым болдырып қалды. Нивасымен айналып шықсақ деп едім. Ә, дегенде-ақ ескертіп едім: «Аяқтарына сүйреткі тағайық», – деп. Қастық ойлағандай тындамады. Малды аясаң, осы өзінді діңкелетеді.

– Айналайын қарағым, Нұрланның өзге жылқысын жоғалтсаң да, сол екі байталдан айрыла көрме. Ол ана Көкшетаудағы екі жиеніңнің бәсіресі. Біздің Гүлбақыттың мінезін білесің ғой ертең дау шығарады. Ардақ пен Әділге деп нағашысы әдейі таңдап әкелген текті жылқылар. Қап, Нұрланның жол жүріп кеткеніне кереғар келгенін қарашы қырсыққанда.

– Мен әдейі қуып жібермедім ғой, апа, әрине іздеймін. Серіктің «жібермедім ғойы» ернінің ұшына жеткенде өзгеріске ұшыраған сөз. Жұмсартқан түрі.

– Өкен, Қабдөш марқұм Мәдениеттен әкелінген тоғыз жүз бас жылқыны аз жылда мыңғыратып өсіріп, екі мәрте Ленин орденін кеудесіне қадап еді жарықтық. Сәбет үкіметі құламағанда әне-міне «герөй» атануға шақ жүрген. Сенің екі тайды қайыра алмағаның ұят та. Қабдөш маған «Осы жылқының бәрі сенің қалыңмалыңа төркініңнен келген», – деп қалжыңдайтын. – Алпыс тоғызыншы жыл ғой деймін, біздің Мәдениеттің жері мал жайылымына таршылық етіп, аудан басшылығы тайлы тұяғы тоғыз жүз бас жылқыны осы Кеңашыға айдатқан. Жануарлар жаңа өріске ауысқасын құлынды төкті ғой келесі жылы. Қабдөш марқұмның құрығы да құтты еді, шіркін!

– Абыржымаңыз, қайтсем де табамын. Сіз жүтімді тіпті ауырлатып жібердіңіз-ау. Енді намысқа тырыспасам ішкенім ас болмас.

– Жүгіңді ауырлатпағанда ше, «жиен назары» деген бар емес пе?! «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді», – демейтін бе еді бұрынғылар. Сөйт қалқам, Мамау мен Нұрлан жоқта екеумізді қара баспасын.

Серік атына асығыс мініп, итті қайта шабаландырып, ауладан желе шықты. «Жолың болсын, жоғыңды Қамбар атаң қарсы айдап әкеп, алдына тартсын», – деп күбірлеген Қуаныш тағы да самауырға көз тастады.

– Орындығыңызды аздап шалқайтыңқырасам қайтеді?

– Аландама, пырағым, осы қалпында әбден жайлы.

– Онда қалауыңыз білсін.

Баласы одан әрі мазаламады.

Қарағандыдан ұзап шыққаннан бермен қарай еңсесі көтеріңкі. Кәрі жүрегіне қанат біткендей. Бұрын мұндай алыс сапарларда қалғып-шұлығып көзіне ұйқы тығылатыны болушы еді. Онысын мүлдем ұмытты. Кедір-бұдыры сезілмейтін айнадай тегіс тас жол қандай ғанибет қауырсындай қалқып ұшып келе жатқан секілдісің. Бөтен дауыс, бөгде иіс сезілмейді. Көліктері де су жаңа. Рөлде кіші ұлы Нұрлан. Өздері тұратын Кеңашы ауылының қазіргі әкімі. Демалысына дөп келген соң әдейілеп екі-үш күн уақытын арнап қыдыртып әкеле жатқан беті паңырақ иесі атанып қолында отырғандықтан ба өзге балаларына қарағанда осы тентегі асып тұр. Жастау күнінде ұрыншақ мінезінен қауіптеніп: «Осы неме қалай болар екен?» – деуші еді. Құдайға шүкір бекер дүдемалданыпты. Бүгінде елдің аузынан түспейтін айтулы азаматқа айналды. Кейде: «Осы балама неліктен сонпа қатал болдым екен?» – деп те өкініп қоятыны бар. Тұлғасына қарап сүйсініп, іштей мақтан тұтады. Әке-бала. Қандай жарасымды көрініс. Әрқайсысы өз ойларымен отырса да шырайлы жүздерінде тартымды үндестік қоныс тапқан.

Жолдың біресе оңында, біресе солында кезектесіп үзік-создық қалып жатқан ауыл-ауылдың келбеттерінде үлкен өзгеріс байқалады. Бұдан бұрынғы сапарларымен салыстырғанда айырмашылықтары жер мен көктей. Заман үлгісіне сай жаңаша өрілген әсем құрлыстар көздің жауын алады. Іргелі елдің ілгері басқан тұрмысын танытқандай. Қазіргі кейпінде байтақ даланың төсінде салтанат құрған орасан үлкен көрменің мәртебелі мейманы іспетті. Тағы-

тағысын тамашалаған сайын таңырқап тамсануы жиіледі. Алайда еш жалықтырмайды.

Әне-міне дегенше бұлар Астанадан да ағып өте шықты. Бүкіл Қазақстанның ұлы жетістіктерін өн бойына сіңіріп, дүниежүзіне паш еткен бас қаланың сән сәулетіне тілті сөз жетпес. Айналма жолмен алыстан орағытып бара жатқанмен қиялай карап, сүйсініп асты. Осыдан бір жыл бұрын армансыз аралап қайтқаны есінде. Онда Ақмола облысынан арнайы шақырылған ардагер қарттардың қатарында елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдауына қатысқан. Тұңғыш президенттің дидарын көргеніне бір масаттанған. Ол да ақсақалдың пейішке тірісінде бас сұғып, пірге қол тапсырғандай бақытты шағы еді. Алып бәйтеректің шырқау биігіне көтеріліп, айналасына назарын тастағанда өзін осы жасаған саналы ғұмырында ең алғашқы рет шежірелі жасампаз халықтың, тарихи қуатты мемлекеттің нағыз өкілі сезінген-ді. Бойына баяғы жас күніндегі қажымас қайраты мен жалынды жігері қайтадан орағандай көкірегін мақтаным кернеген. Қазақтығына мерейленіп, қазақтығымен айбынданды сол бір сәтте.

– Әке, не ойланып отырсыз? Жол қысқарсын. – Нұрлан сірә қарттың көңілін аулап, әңгімеге тартқан сыңайлы. Автомобиль магнитоласында «Саржайлау» күйі баяу ойнап келеді. Әсем ырғақты қоңыр сарын сезім пернелерін дөп басып, жеңіл тербеп, тұңғықты толқытады.

– Далаға көз тігіп жырауларша ой толғап отырмын. Зеріктірмесе тыңдап көр. Ұшы қиырына аттың белі, құстың қанаты талатын ұлан-байтақ сахараға иелік жасау үшін де қаншама даналық, қаншама батырлық қажет-ау, балам. Соның барлығы қазақтың өз ішінен шықпаса қазақтың үрім-бұтағына мұнша кеңістік қайдан мирас болар еді. Ата-бабаларымыз қылша мойнына түскен соншалықты ауыр міндетті қалай сүйреді екен. Тұс-

тұсынан анталаған сансыз жауға төтеп беріп, бетін қайтару мақсатында төгілген қан мен терге қисап жетпейді-ау тегінде. Бірі – жүзге, жүзі – мыңға татымаса осынша дархан жердің пұшпағы да бізге бұйырмасы кәміл ғой. Не деген ұлы халықпыз расында. Кеңес дәуіріндегі мемлекеттік әнұранымыз: «Ұлы орыс елінен нұр алып, шыңдалған», – деп құйды ғой санамызға. Республиканың әнұранындағы: «Мың алғыс айтамыз ұлы орыс еліне», – деген жолдарды да өңешіміз қызарып жыртылғанша жамырай қосылып шырқаған жоқпыз ба? Барып тұрған қорлау емес пе. Ұлттардың теңдігі қайда қалды сонда? Япырай, бодандық қамытын басымызға кигенше көрсоқыр надан, саңылаусыз мал болып едік дегеніміз бе? Тәубә-тәубә. Иә, Алла тағала, осы тәуелсіздігімізді ұзағынан сүйіндіріп, қайырлы ете гөр. – қос алақанын жайып, бетін сыйпады. Сақалын салалаған күйі тағы үнсіз қалды.

Үйде қамалып бойкүйезденіп отыра бергенше шамаң жетсе ел көріп, жер шолғанға не жетсін. Баяғының шалдарының кейде атқа салт міне салып, дала кезіп қайтатынының мәнісін енді ғана жете парықтағандай. Бойын тарап, құрысын жазады екен ғой жарықтықтар. Қарлығаш көңілі рахатқа бөленді мұның да. Жүзі жадырап, тынысы кеңіп, кеуде сарайында бұлбұл сайрай бастағандай. «Адам қалай, заман қалай өзгерді, өзгергенді шүкір міне көз көрді», – Шымболат ақынның термесіндегі осы бір жыр жолдары ғайыптан тіліне оралып, күбірлеп келе жатқандығын өзі де аңғармады. Жан дүниесінде жылдар бойы қатталып елеусіз қалған өмір-қазынасы десте-дестесімен қопсып, қотарылуға шақ тұр. Задында шабыт дегені осы шығар. Шалық дегені де бар-ау тағыда. Шабыт болса жыр шақырады, шалық болса жын шақырады.

– Нұрлыбектің ұсынысы көкейіңізге қонды ма? Меніңше пікірі құптарлық – оқыстау үн қатқан Нұрлан ойын оқып қойғандай дөп басты.

– Өзім де сол төңіректен сонар қуалаған жайым бар, шырағым.

– Қазір жұрттың бәрі кітап жазғыш. Әсіресе алтын қасықпен ас ішетіндер бәсекелесіп кірісті. Дені заманында жоғарғы қызмет атқарғандардың өмірбаяндары. Қынжылтатыны соларын сатып таратуды тоқпақтап бізге жүктейтінін қайтерсің. Құндарын да шырқатып бағалайды. Көрнекті қаламгерлердің көркем туындыларының өзін құнттамайтын ауыл тұрғындарына зорлық жүре ме? Өтпегесін ақшасын өз қалтамыздан төлеуге мәжбүрміз.

– Оқырманның талғамымен ойнауға болмайды. Жазғыштар жазып шығара берсін. Өмірбаяндарды тасқа басылған деректі құжат деп таныған дұрыс. Таразыға тартатын да, електеп екшейтін де тарих.

– Нұрлыбектің дйттегені де осы пікіріңізбен сабақтасады.

– Онысын анық аңғардым.

Нұрлыбек Маманның Қарағанды қаласында тұратын ортаншы ұлының аты. Ғылыммен шұғылданады. Көп жылдан бері Қарағанды мемлекеттік университетінде ұстаздық қызметте. Мана таңғы шайдың үстінде ауылға қайтқалы отырған әкесіне кеңінен орағыта салмақты уәж тастаған-ды:

– Алла жазса биыл сексенге толасыз. Осы бастан ертерек дайындалып, жақсылап тойлайық. Бізді еркелетіп өсіріп, тәрбиелеп қатарға қостыңыз. Біз де өзімізді көрсетейік. Солай емес пе, Нұрлан?

– Өте орынды, – інісі қуаттап, басын изеді.

– Елге сіңірген еңбегіңіз ұланғайыр. Бұл істен абырой-беделіңізге тәнті замандастарыңыз да тысқары

қалмас деп сенемін. Қаншама жерлестеріңіз шарапатыңызға бөленді.

– Сексен жасты қалай тойласа да сөкеттігі жоқ – Нұрлан токетерін күтіп дегбірсізденді. Жолдың алыстығын ескерген Нұрлыбек те мұғалімдік дағдысынан уақытша бой тартып, әкім інісінің ыңғайымен ойын ширатып қысқа қайыруға тырысты.

– Тойдың жабдығы мен жоралғысы қалтадағы қаражатқа байланысты. Оны Баршагүл, Күмісшаш бар өзіміз пешеміз. Сізден қолқалайтынымыз: бастан кешкендеріңізді, естіген, білгендеріңізді еске түсіріп, біртіндеп қағазға тоғыта берсеңіз. Мүмкін болса кәдемізге жаратайық.

– Қарғам-ау, сөз әлпетіңнен жаңылмасам, – сонда: «Қартайған маған кітап жаз», – деп отырғанның қай жағындасың? Әкесінің шүбәлі сауалына Нұрлыбек тосылмай жауап қатты.

– Өйтіп қыстаудан аулақпыз. Өміріңізде өзіңіз араласқан оқиғаларды хал-қадеріңізше көркемдемей-ақ тізіп берсеңіз жеткілікті. Одан арғысы менің міндетімде. Кіндігіңізден өрбіген ұрпаққа аталары туралы естелік сыйласаңыз одан құнды мұрағат, одан қымбат қазына бар ма тегінде біз үшін?

Ұлының меселін қайтаруға қимай, бас шұлғи салғанымен іштей: «Е, қарағым, ол қайдан болсын, не тындырғаныма бөсермін», – деп ойлаған. Қалам ұстамағалы қашан? Көздің жанарынан нұр қашқасын кітап оқудан күдер үзген. Өйтпесе «Жұлдыз», «Жалын» журналдарымен қазақ газеттерін жыл құрғатпай жаздырып алатын ауылдағы санаулы оқырманның біреуі өзі еді. Дегенмен Нұрлыбектің жебей сөйлеген сөзі кәрі тарланға қамшы болғандай.

Көмескідегі бүркенген елестер көрпесін сілкіп ояна бастады. Ескірген бірі жоқ. Ескермеген өзі екен. Маман,

Маман болғанына да сексен жыл аттай шауып өте шыққанын қарай гөр.

* * *

Мынау Астана мен Көкшетау арасындағы толассыз зу-зу қозғалысты бірінен-біріне алма-кезек сапырлыстырып, қысы-жазы, күні-түні белі бір сәтке суымай жататын желілі тас жолдың Макинка атты қалашықты қабырғалай, құлағын шулатып өтетін айналма тұсы. Ондай ызың-ызың, гүр-гүр дауысқа анау шығыс жақ беткейдегі үш шақырымдай қашықтықта орналасқан Шиелі ауылының да құлақ еттері әбден көндігіп кеткен. Өйткені мазасыздықтан запыс күй келіп, байбаламдап басы ауған бағытқа үдере көшіп бара жатқан тірі пенде байқалмайды. Өркениеттің дауыспаз үнін кім жатсынсын. Аз уақыттың аясында арналы тас жолдың екі жақ қапталына тізіле қалған жанармай бекеттері ұлы қозғалыстың қуат қарқынын одан бетер үстемелей түсуге барынша құлықты секілді. Тіпті түнгі көріністе шырақ шамдардың нарасынан шыға жаздай шатынаған жарығы самаладай жарқырағанда өз алдына бір жеке қалашықтай сәулеттеніп кетеді. Тәулік бойына үзіліссіз істейтін дүкен, дәмханалар сол әуселелі жарықтардың аясынан мен мұңдалап кірпік қағып тұрады. Бұрын өзен жағалағанның өзегі талмайтын болса, бүгінде жол бойлағанның ұрты босамайды деуге болады. Бірақ солардың көбі табандарының астындағы жердің Шиелі ауылына тиесілі екенін біле бермейді. Макинка – Бұланды ауданының орталығы. Ал, қолтықтың астындағы шағын ғана Шиелі ауылы Шортан ауданының қарамағына қарайды. Қарамағында екені қарамағында ғой, дегенмен қарау қарамау жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің орталығы Климовка кеңсесіндегілердің күзіретінде.

Қазақтар Мәтен деп атайтын шағын қалашық көсіле-көсіле Шиелі ауылының көрпесіне аяқтарын сұға бастаған. Мұндай жағдайға байланысты көделі жердің пұшпағынан кесіп кәде үлестіру әдеті шиеліліктерге әбден мәлім іс. «Баяғыда пәлен гектар жеріміз болып еді», – деп естелік айтатын қариялар айтуын айтса да, заманның да, заңның да өзгергенін түсініп: «Әй, қойшы, қай атамнан қалған жерімді даулайын», – деп теріс қарап бір түкіріп үнсіз тынады.

Шиеліліктердің тұрмыс-тіршілігі Шортан ауданынан гөрі Мәтен қалашығымен тығыз байланыста. Әр үйдің жұмысқа жарамдылары түгелге жуық қалашықта жұмыс істеп, табыс табады. Өз қораларында мал өсіріп, шаруа баққандар үшін өндірген өнімдерін ақшаға айналдыруға қолайлы жайма базар да Мәтеннің қақ ортасында. Сонымен қатар қалашықты көктей өтетін темір жол торабынан да шиеліліктерге бұйырған несібі аз емес.

Ауылдың көшетіндері көшіп-көшіп әлдеқашан саябыр тапқан. Онда да тас жолдың даңғазасынан шошынды дейсің бе? Күні кеше ғана қос бүйірден шаншудай қадалған өтпелі кезеңнің өкпек желі талайдың етегін желпілдетті емес пе? Сол бір аралықта ауыл іргесі сәл-пәл сөгіліңкіреп, шындығында түріліп барып, соңғы жылдарда ғана қисайған жығасын¹ қайта тіктеп еді. Біраз тұрғындар уақыт сынағында лажсыздыққа ұшырап, күнкөріс қамымен қасындағы қалашықтың қойнына еніп қорғаласа, ауқаттылары немесе ауқаттылардың жақын-жамағайындары Астана мен Көкшетау қалаларына қоныс аударған. Ол үшін ешкімді ешкім сөгіп жатқан жоқ. Мызғымай қалған елу шақты үй біріне-бірі септесіп тырмысып бақты, тырысып шыдады. Шиелі ауылының шүйгін топырағында мамырайқан күй кешіп, түтіндерін

¹ Жыға – дулығаның төбесі

әлі түтетіп отыр. Қайта бұрынғысынан да ширап, бұрынғысынан да шырайлана түскендей ме қалай? ...

Сыртқа кеткендердің де бір талайы берекелі кәсіп тауып, кәдімгідей айтулы табыскерлерге айналыпты. Ауылдағылардың айтуынша, ақшалары гу-гу дейді. Шетелдік қымбат көліктері бар. Биік дуалды үйлерде тұратын көрінеді. «Болсын, болсын, басқада болғанша соларда болса, бізге де шарапаты тиер», – дейді, оны естіген кемпір-шалдар тілеулестік танытып. Иә, олар не жақсылық күтсе де өз араларынан шыққандардан, өздерінің көз алдарында өскендерден күтеді.

Елдің құлағы түрік. Шеткі үйге жеткен әңгіме лезде барлық ауылға тарап, түрленіп шыға келеді. Жақында ғана жырақта жүрген жігіттердің екеуі ауылдың қотанынан жер алыпты. Зәулім-зәулім үйлер салмақшы деген сүйінші хабар ауыл үйді лезде аралап шықты. Шиелінің қатығы шайқалмаған, қаймағы бұзылмаған күнін аңсайтындар бұл жаңалыққа қуанысып қалды. Қуанатын реттері бар. Қабілетті азаматтар елге бет бұрса, ауылдың қайтадан түлеп, жаңаша көркейіп, олқынын толатындығын бәрі сезеді. Өйткені Шиелінің еңкейген кәрісінің де, еңбектеген баласының да көксегендері осы еді

Ауыл тұрмысының серги түскендігін, орталықтағы мәдениет ошағының мұржасынан шыққан түтіні мен айқара ашылған есігінің өзі-ақ паш еткендей. Сезімтал жүрекке аядай қоныстың аяулы жүзіндегі жымыған көзіндей көрінген, шағын ғана ақ үйден айналаға ғажайып нұр шашылып, шуақ төгіледі. Жанға жайлы жылы леп ескендей көңілді марқайтады.

Жастары жабырқаулы ауылдан ажарлы көрініс табылуы екіталай. Жастар жабырқамасын де, жастар жабырқаса, жарық дүниенің дидарын мұң шалады. Жабығу жалығудан туындайтын дерт. Жалыққан жасты алдын торласаң да, аяғын матасаң да ауылда ұстап тұру қиын.

Еріксіз қинасаң жігерін жасытасың. Жігерінен айрылған жігіт, ол жігіт пе? Ал, қыздың қылығын үйде жасырғанда кімге қосақтап жай таптырарсың? Өзің де тыншымассың.

Шиелінің қыз-жігіттеріндегі жігер де, белсенділік те ерекше қуатты. Олар күні бойғы шаршағандықтарын кешкісін мүлде ұмытады. Бейне қалжырағандарын жұмыс киімдерімен қоса үйлеріне біржолата шешіп тастап кеткендей. Сауық-кешіне жиналғасын көңілдері шалқып, би билеп мауықтарын бір басады-ау, шіркін. Қызулы құлшынысты да, ақжарқын күлкіні де, ду-ду әңгімені де, қысқасы нендей қызықты қаласаң да анау тұрған ақ үйге барып көр.

«Өркені өскір Елеуке ағамызға мыңда бір алғыс», – дейді өткендегі оқиғаны жадында тұтқан ересектеу бозбалалар мен бойжеткендер ақ отаудың босағасынан дабырласып аттаған сайын. Елеуке дегендері елудің ертоқымын белінен тартқан, орта бойлы, дембелшен, адуынды жігіт ағасы. Мәтеннің бергі шетіндегі жерүйлердің бірінде тұрады. Түбі шиелінікі. Маманның жұрағаты. Жұрт Маманның баласы деп біледі. Елеукенің өз басы да солай айтқандарға шынымен бейіл. Кішкене күнінен «папа» деп атайды. Ес біліп, еңсесін тіктегелі арқа сүйері де, ақылға жүгінері де сол кісі. Аты бұл өңірге кеңінен мәшһүр. Бірен-саран кейінгілер болмаса, бұрыпғылар түгелге жуық таниды. Нағашы атасы Өубәкірдің қара шаңырағында өскендіктен, қаршадайынан Маманды үлгі тұтып, бойын да, ойын да соған қарап түзеуге дағдыланды. Елеукенің мінезінің көбі Маманға ұқсас. Іштей еліктеген де болар. Көпшіліктің ортақ мүддесіне бел шешіп бейім тұратындығы да сондықтан шығар.

Елеуке үйінен шыққан бойда басқа ешқайда бұрылмастан тура Шиеліге тартты. Туған аулына күніне бір барып қайтпаса ісі – іс, асы – ас емес секілді. Елегізіп бітеді. Ол әдетіне әйелі Майра да үйреніп алған. Тіпті қайда бара жатқанын ежіктеп сұрамайды да. Күйеуін іздегендерге беретін сілтеме жауабы да біреу. Шиелінің жолына салып оп-оңай құтылады.

Шеткі үйдің қалқасынан асып, көшеге іліккенде жүрегі атойлап ала жөнелді. Орталықтағы клубтың төбесінде әлдебіреу әкесінің үйіндей шешініп тастап, шатырын қопарып жатыр. Саймандарын сайланған екеуі басқышқа сүйеніп темекі шегіп тұр. Бұл алыстан көріп, жылдамдықтың үдеткішін басып жіберді. Ақ жигули орғи заулады. Жайшылықтағы абайлап баппен өтетін кедір-бұдыр шұқанақтардың біріне қарамады. Қаны басына шауып, бойын ашу кернеп, жеткенше асықты. Басқалар қалай ойласа өздері білсін, осы бір ақ отау талайдан жабық тұрса да, Елеукеге кешегінің құтындай қадірлі еді. Сауыққұмар салтбасты дәурені әлдеқашан бел астында қол бұлғап қалғанмен осы ғимаратқа көзі түскен сайын көңілі қатты толқитын. Жастық шағын, жауқазындай жайқалған құрбы-құрдастарын елестететін.

Көлігінен лыпып шыққан Елеукенің ақырған дауысы жер жарардай қатты естілді:

– Қайт былай жандарыңның аманьында. Өй, көргенсіз, жүгенсіз немелер, не бүлдіріп жатырсындар, э?! – білегін сыбанған бұзармандар атойлы айқайдан абыржып қалды.

– Елеке, біраз жыл болды бәрі бір жұмыс істеп тұрған жоқ қой. Сосын ... – біреуі мұрнының астынан міңгірледі. Қызынған Елеуке іліп әкетті:

– Өшір үніңді, жетесіз, биыл істемесе келесі жылдар бар емес пе? Әлде заманақыр туды деп пе едіңдер?!

Ниеттерің қандай жаман өздеріңнің. Адамда келешекке деген үміт болмайтын ба, шырақтарың-ау?!

– Ағаке, төңіректегі ауылдар түгелдерліктей клубтарын баяғыда-ақ бұзып кәделеріне жаратып алды. Біз болмасақ та басқалар ерте ме, кеш пе әйтеуір талапайға салар еді.

– Міне, бізді құртатын келесіздіктің көкесі. Кері кеткеннің кесірін үйренгенше, ілгері басқанның ісін неге үлгі тұтпайсыңдар?! Мына түрлеріңмен сендер моланың тасына да қол сұғудан әсте тайынбассыңдар. Астағифиралла, мен шынында шошиын дедім беттеріңнен, – деп, жер жебірлеріне жеткізе өктем-өктем айтылған сөздерден төменде тұрған жігіттердің қабақтары салбырап, жуасығаны байқалады. Тек төбедегі тәпелтектің тілі қышып, ділмарсығаны жағдайды әрі қарай ушықтырды. Қораздай қоқиланып, қос бүйірін таянып, өзінше лақты.

– Өйтіп үрейленуіңіз жосықсыз. Қылмысқа да, күнәға да жатпайтын титтей істі соншалықты бадырайтып қайтесіз. Өрбірден соң осыған килігетін ретіңіз жоқ, ағай. Өзіңіз Макинкада тұрмайсыз ба? Сізге қажеті қанша ескі-құсқы үйшіктің. Шатырдағының шаншу сөзі шамына тиген Елеуке түтігіп кетті.

– Өй, екеңнің ғана... әлін білмеген әлек, түс бері. Мен саған қазір қайда тұратынымды және қайда барып жататынымды көрсетейін, – деп басқышқа жақындады. Мұны күтпеген алаңғасардың көзі бақырайып, сұғанақ тілі тұтығып, көмейіндегісі үзіліп-үзіліп әзер құралды.

– Ағ-ағ-ай, ке-кеш-ір-іңіз. Андамай аузымнан шығып кетті.

– Бәсе, солай ма? Түс жерге, желкен үзілмесін десең!

– Қойдым, ағай, қойдым.

– Түс деймін жылдам!

– Қазір, ағай, мына шиферларды орындарына қайтадан түзеп, қаға қояйын.

Қорғалақтаған байғұс жылпылдай бастады. Өйткені өзіне болысуға ешкімнің батпайтынын жақсы білді.

– Сумаңдағанша бағанадан сөйтпейсің бе? Ашуы сонда ғана тарқап сабасына қайтты. Қасындағыларға жерден шеге әперткізіп, бекіткенін қадағалады.

Сасқалақтаған тәпелтек жұмысын бітірсе де, төбеде бөгелектей берді.

– Әй, түссеңші енді шұқыланбай.

– Ағатай-ау, қойдық қой.

– Қойғанына күмәнданбаймын, бірақ басқышты алып тастаймын, – деп нығарлап ұқтырды.

Бұл кезде бірнеше кісінің басы қосылып қалған. Қайсысы болмасын қағыс тұрып сырттан бақты. Күңкілдескендері болмаса араға кірігіп, даурыққан жан жоқ.

Шатырдағы жаужүректің заматта тілі байланып, басқышқа леккен аяғын төмен қарай екі басса, жоғары қарай бір басып, буындары дірілдеп эзер түсті. Елеуке ағаш басқышты бір-ақ итеріп сұлата салды. Сосын ағайындарына бұрылып, салмақты пішінде:

– Арттарыңнан өкшелеп еріп келе жатқан жас жеткіншектерден ұялсаңдар етті. Менің тұрағым Мәтенде болғанымен, жүрегім Шиеліде. Құдайға шүкір көп ұзамай бәрі де қалыбын тауып жөнделеді. Ортамыздағы жалғыз ғимараттың қай тақтайы қайсыңның қисайған тұрмысыңа шікіра болар дейсіңдер? Бұдан былай талапайды тоқтатайық, – деп бірақ кесті. Одан әрі іс насырға шаппады. Мінезі мәлім ауылдастарының ағалығынан ба, айбынынан ба, дегенмен екінші кезекке ешкім дауаламады.

Жастардың жадында сақталып, аузында жүргені осы оқиға. Көбі анық-қанығын нақтылап білмесе де, ауылдағы мәдениет ошағының аман қалғанына Елеуке ағаларының әйтеуір бір септігі тигендігінен хабардар.

Шиелі Маманның кіндік қаны тамып, асыр салып өскен байырғы мекені. Үйлері қора-қопсысымен жапсарласып сонау шоқ ағаштың бауырында қоныстады. Бүгінде жұртына шөп қаулап, жусан басып кеткен. Көнекөздер әлі күнге «Әубәкір шоғы» деп атайды. Шалдың көзі тірісінде белдеуінен ат, албарынан адам арылмайтұғын. Әубәкір қария жасында ғалым молладан сабак үйреніп, діни дәріс алған. Зеректігімен он сегіз мың ғаламның ғажайып сырларынан мағлұмат жинады. Екі дүниенің парқына ақыл бойлатты. Маңындағыларға шарифат жолын уағыздаудан еш жазбады. Шежіреге де, шешендік сөздерге де қандыратын, шебер әңгімеші еді. Тындаушысы жолықса танды таңға ұрып сөйлегенде бір болдырмайтын. Орыстың тілін де жақсы меңгерді. Жаңылу, мүдіруді білмей суша ағызатын. Қайта баласы Маманның шорқақ орысшасын әжуәлап:

– Мамаудың орысшасы біздің үйренген орысшамыздан басқа орысша. Керек десеңдер орыстың өзі әзер түсінеді, – деп әзілдейтін. Көпшілік ол кісіні қолпаштап «молла ағатай» дейтін. Бірақ өз басы аса жақтырмай, олай атағандарға қарсылық білдіріп бағатын. Онысы қалқайғанды қарауылға ілген, қайырымсыз асыра сілтеушіліктен запыс болғандығынан да шығар. Қайткен күнде де жарықтық бес уақыт намазын қаза қылмауға тырысатын. Сонысына қарағанда үкіметтің сотынан гөрі алланың алдындағы жауаптан қатты қорықса керек. Ғибадатын қаза етпей, күнәдан бойын сақтаған адам айналасына әулиенің кейпін елестетеді. Ақсақалды пір тұтатындар да табылып жатты. Емшімін деп жар салғаны жоқ. Бірде жазатайым мертлікке әлдекімге жаны ашып, алладан медет тілеп, құран көтереді. Шын жалбарынған пендесін жаратқан иеміз қашан да жарылқайтыны анық. Емі зая кетпеді. Аяғынан тік тұрған мүсәпірді көргендер,

іле жар салып, елдің елу құлағын елендетіп, ойдағы омыртқасы тайғанға, қырдағы қабырғасы сынғанға жеткізді. Кімнің аузына қақпақ қоясың. Ат арқасы қияннан әдейілеп келушілер көбейді. Бәрі де зар еңірейді. Біреуі аяғындағы сынықтың сырқырағанын, біреулері иғының ойнамалылығын айтып ботадай боздаса, енді біреулерін аузынан ақ көбігін шұбыртып, құрым кигізге орап байлап-матап әкелген туысқандары:

– Мына бейбақ бейшараның бойындағы шалықты қайтарыңызшы, – деп жатып жалынады. Солардың ішінде Әубәкірдің жеке басының қауіпсіздігіне алаңдаған пенде болсайшы. Екі оттың ортасында шиыршық атты. Олардың мүшкіл халдерін көре тұра, қолын сілтеп, аулақтатып қуып тастауға жүрегі дауаламады. Ақыры көнді. Адамға жасалған әр жақсылық үшін амал дәптеріне жазылатын сауалқа сенді. Кіріптарлықпен табалдырығын аттағандардың ешқайсысын беттен қақпады. Көп тостырмай:

– Менің қолым емес, Лұхман-хакімнің қолы, – деп ем-дом жасауға кірісе бастайтын. Миннат шегуші құлы үшін Аллаһ-тағаладан пәрмен тілеп, мінәжат етеді. Жәрдем сұрайды. Мың да бір шүкір, талай науқастың дертінен айығып, сауығыш кетулеріне септігі тиіп, зор алғыстарына бөленді. Алайда мұншалықты қасиет өзімнің бойымда бар деп әсте күпірлік жасаған емес. Жүз бір кеселдің, мың бір кесапаттың дауасы да, шипасы да пайғамбарына уаһи болған құрани кәрімнің аяттары мен дұғаларынан, Аллаһ сұбханатағаланың шексіз құдіретінен деп ұқты. Кәміл иланды. Көз майын тауысып құран параларын оқудан жалықпады. Жатса, тұрса да кәлимасынан жазбады. Бірақ ақсақал ол кезде өзінің жетпіс жеті жасында, рамазан айының ішіндегі, мың айдан қайырлы болған әл-қадір түнінде, дәретін алып келіп, аппақ атластан тігілген көйлек-шалбармен, таспиғын

тартып отырған қалпындағы әулиенің бейнесінде маһшарға сапар шегетінін болжамаған да шығар. Кім білсін? «Тек имансыздардың парықсыздығынан сақтай гөр», – деп тіледі. Ондай сәттерде жүрегіне түскен қасіретті жара қан жылап қоя беретін.

* * *

Әубәкірдің туған інісі Сыздық кеудесінде оты бар, заманындағы білімді жігіт еді. Жасынан ел басқару ісіне араласты. Күншығыс колқозының ірге тасы қаланғандағы жаңа шаруашылықты табанынан тік бастырып берген ең алғашқы басшысы. Белсеніп кіріскен ісін түйініне жеткізбей тынбайтын іскерлігіне ел сүйінетін. Үкімет қайда жұмсаса да құлшына атқа мінетін Сыздыққа да қара күйе жағылды. Атқа емес, ажалға мініпті. Солтүстік Қазақстан облысына қарайтын алыстағы Торанғұл деген жерге шаруашылық басқаруға бара жатқанда жолай үйге соққан. Әубәкірмен ашылып ұзақ сырласты. Заманға, қоғамға деген титтей қарсы пікірі, кереғар көзқарасы болса шет жағасын туған ағасына ептеп сездіруі мүмкін еді ғой. Жо-жоқ ондай құбылыстың ұшқыны да қаперіне кіріп шықпағаны анық. Әңгіме аңысында Төкеннің айдалып кеткенін естіп, қатты қынжылды. Байғұс Төкен Байыс атты байдың тұқымы. Атадан қалған дәулет оған мирас болмаса да, атасының дақпыртынан қарақан басына қара бұлт үйірілді. Қашып бой тасалауға мұршасы жетпеді. Қаусаған кәрі шал қашқанда қайда жасырына алады. Қараөзекке барғанда Қайролла көрсетіпті деген альп-қашты қауесет, сыбыс бар. Анық-қанығы Аллаға ғана аян. Төкеннің ізін шала Шиелінің қотанында Азынабайдың Рахымжанын да ГПУ-дің жеңдеттері қолын артына қайырып, кісендеп әкетті. Ол бейшара да сіңіріне легіп эзер жүрген, төрінен көрі жуықтаған бейбақ та. Жазығы Біржан салдың өлеңінде аты аталатын Азынабай болыстың баласы еді.

Бір күн бұрын іңір қараңғысында Сайлыбайдың Нұрқанының жаппасына келіп түнейді. Әбден арып-ашып көзі шүңірейіп кеткен. Ұсқынынан адам шошырлық. Жаны қысылғанда әкесіне поштабай болған Сайлыбайдың әулетін сағалаған сыңайлы. Сайғақтай сая таппай сергелдең кешіп жүр. Қайда бет алғаны басқа тұрмақ өзіне де беймағлұм. Ертемен қоналқысынан бұйырған таңғы несібесін ұрттап отырып, Нұрқанның бәйбішесіне өтініш жасады:

– Жылы қабақтарыңа рахмет. Мен бір ұшарын жел, қонарын сай білген қаңбақпын. Мұнпалықты мүсәпір күйге душар еткен Алланың ісіне шарам жоқ. Өлейін десем жан тәтті, кірейін десем көр қатты. Құр сұлдерімді сүйретіп жүрген тірі әруақпын. Кесірім сендерге тимесін, қарамды батырайын. Жолазыққа өзек жалғарлық бір сынық нан дайындап берсең, екі дүниеде разымын. Пақырыңды елесең осы тілегімді орында. Басқа ештеңе сұрамаймын. Бақұл болыңдар! – деп жасаураған көзін жеңінің ұшымен сүйкеді. Бәйбіше кебжені ашып, елеуіштеп ұн алып жатқанда Рахымжан орнынан сылбыр түрегеліп, тысқа беттеді.

– Раха, қайда асықтыңыз? – үнсіз отырған Нұрқан соңынан айқай салды.

– Төкеннің үй ішіне кіріп шығайын. Ол да бір асылдан қалған тұяқ еді. Қазір келемін. – Азынабай баласы сол кеткеннен мол кетіп, оралмады.

Ауылдағы осы мазмұндас оқиғаларды естігенде Сыздықтың өңі сұрланып, қабағы түйілді.

– Ақылы келте, шолақ байталдың құйрығындай шолтандаған опасыз белсенділер қашан тобасына түсер екен? Солардың кеудемсоқ надандықтары мен ұрда-жық әрекеттері қалың бұқараның үрейін ұшырып, берекесін қашырды-ау әбден. Ондайлардан өздерің де абайлап, сақ жүргейсіңдер, – деп ескертті. Сол күні Сыздық

басқармалық қызметте ертелі-кеш ат жалында жүрген бауыры Оспанға да Шиелідегі ағайынның ауызбірлігін сақтауды пысықтап талсырып барып аттанған. Өкініштісі өзін күткен қанқұйлы қастандықтан ақ жүрегі мүлде бейхабар болатын.

Қайран Сыздық-ай, сені халықтың жауы деуге кімнің аузы барып, кімнің беті бүлк етпеді екен? Әлде халық деген біз ойлағандай ел-жұрт емес, белгілі бір топтың атауы болғаны ма? Қандай айыбыңнан ату жазасына кесті. Сәкен Сейфуллиннің өлеңін айтқаннан алашордашы екенін сезіп қойыпты дейді. Сәкеннің қай өлеңі халықты құртуға бағытталған. Жалпы ықылым замандардан бермен қарай халқына қарсы сөйлеген ақын болды ма екен тарихатта? Әйтпесе біз аңғармайтын қандай құйтырқы астары бар Сәкен өлеңдерінің? Естуінше Сыздық қонақта отырып ел арасында кең тараған «Тау ішінде» атты әнін айтса керек. Келесі күні таң атпай тұтқындалып, жеделдетілген үштік соттың үкімімен атуға бұйырылды. Адам тағдырының соншалықты жеңіл қақпақылға түсуі неліктен. Енді міне жазық маңдайы жарқырап, жанарынан от шашып, көк семсердің жүзінде қылпыған не бары отыз сегіз жастағы бауырының сүйегі қай шұқырда қалғанын ешкім білмейді. Білгендер айтпайды. Білмегендер сұрауға батпайды. «Мен келем тау ішінде түнделетіп», – мұның қай сөзінде қастандықтың сызы сезіледі. «Әлде түнделетіп тауда не себеппен жүрдің? Сәкен екеуің солай кездескенсіңдер», – деп тергеді ме екен? Бет мұрыннан айырылса, екі көз шұқысып қалады деуші еді. Байларды түп-тұқыянымен құртқанда кедейлердің діттеген мұраты осы болғаны ма? Жарлы мен жаралының жарға таласқан жапалақ пен жапалақтай жалпылдасып жатқаны неткені? Торанғұлдағы зарлап қалған Сыздықтың әйелі Қалима мен шиеттей бес баласы: Шәріп, Жаңалық, Роза, Кенел мен емшектегі Амангелдіні әкеле жатып Әубәкір осылай мазаланып еді.

Жүрегіне қанжардай қадалған қанды жара жанына батқанда көзінің жасып ірке алмады.

Сыздықтың түбіне жеткен нәубет ауылдағы Оспанды да жанынан түңілдірді. Қарауылға ілінгенін сезісімен басқармалығынан безіп, мөрін атқосшысына тапсырып, бөгелместен бас сауғалауға мәжбүр болды. Өзін танымайтын бөтен өңірге қашып бой тасалады. Жазықсыздан жазықсыз жапа шегіп, жан беруге көнбеді. Соғыс басталғанда ғана қайтып оралып, өз еркімен майдан шебіне сұранды. Ашынған жолбарыстай ақырып, жасанған жауға атой салды. Кескілескен шайқастарда аянбай айқасып галай фашистке қан жұтқызды. Отанына, халқына деген адалдығын ерен ерлігімен дәлелдеп жүргендігі жайлы хаттар жазатын. «Атасы Қармысқа тартса немісті қойша қырып, бауша жусатқан шығар?» – дейтін әкесі Аяпберген иығын қыранша қомдап, хат оқылып болған шақта. Жазмыштан оза алмаған Оспан соғыстан қайтпады. Хабар-ошарсыз кетті.

Маманның арғы атасы Қармыс алпамса денелі, ірі кісі болыпты. Бірде Көлбай жұртына жанамалас, Желқызылдың тұсындағы тоғайшаны аралап жүріп аюмен бетпе-бет кездесіп қалады. Қашса құтыла алмасын бірден түсінеді. Абажадай аю селебе тырнақтарын сермеп, орманды басына көтере ақырып, тап береді. Мұрсат таппаған Қармыс қанды қанжарларды тәніне дарытпауды ойлап, жалма-жан қарсы ұмтылып, алыса кетті. Қармаған уысына жыртқыштың жұтқыншағы лекті. Одан енді айрылса құрығаны. Қос қолының бар қуатын жұмсап, пәрменімен сығымдап қысқаштай жабысты. Қапияда жолыққан орманның дүлейі мен адамның балуаны тайталаса қасарысып күш сынасқанда тағдырдан өзге төреші жоқ. Бірінен бірі аяушылық күтпейді. Аюдың құшағы темір құрсаудан бетер жаншып барады. Бұл – өмір мен өлімнің арпалысы. Буыны сәл босаса-ақ хайуанның

астына құлайды. Одан соң аман құтылу мүмкін емес. Қармыс қайтседе қазақпа күрестің әдісімен жамбасқа алуға тырысты. Беліне дейінгі денесі қыспақта. Кеуделеп итеріп, жапырып әкете жаздайды. Қабырғалары қайысып тынысы ауырлады. Жанталаса сіресе жылжып, оң аяғын ілгері созып, жұртқыштың жүн-жүн сол тізесінің сыртынан салды. Кеңірдегінен ауа жетпеген аюдың да өкпесі соғып, дыбысы қырылдап, бойы әлсіреуге айналды. Жандәрмен ақтық қайратын шақырып, «әруақ» деп күшене ышқынғанда алапат албасты аударылып астына гүрс етті. Көзі қарауытып, таңдайыша кермек дәм білінді. Тұла бойы малмандай шылқып кетіпті. Тер де, қан да аралас. Демі таусылған аю жан тәсілім етті. Хайуанның алқымына қарысқан салалы саусақтарын эзер дегенде жазып, ажыратып, өлген жауынын жансыз кеудесін басына жастап біраз жатты. Жаралы денесі ырыққа көнбей, еңтігін ұзақ басты. Суырып үлгермеген қонышындағы сапысын да сонда байқаған. Содан бермен айқас өткен жер аңызға айналып, «Қармыстың аю жыққаны» атанды. Керісінше «Қармыс өлген» деп те аталуы да ықтимал еді.

Қармыстың бәйбішесі тоғыз құрсак көтеріп, тоғызында да қыз туды. Ұлдың аты ұл. Әлмиссақтан орны бөлек. Қыз ежелден жат жұртқа жаратылған. Шежіреге жазылмайды. Жасы болса жерортадан асып барады. Шаңырағына ие жоқ. Артында атын атататын бір еркеккіндікті қалмағанына налитын. Аллаға жалбарынып, жүрегі жылап жүргенде, бір күні ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде алтын жүгенді акбоз атқа мініп, шығтай ақ киінген, ақ сақалды қария Қармыстың қолын қысып ұстап:

– Айналайын, жылама, жасыңды тый. Сені құдай аяды. Тілегің қабыл болды. Әйелің жүкті көрінеді. Айы-күні толғанда мандайы торсықтай ұл табады. Үрім-бұтақ, зәузетің көбейеді. Атыңды солар мақтан тұтып, ұмыттырмайды, – деп үзеңгісін тебініп ұзай береді.

Ұйқысы шәйдай ашылған Қармыс ата, аталап қос қолын ербеңдетіп төсегінен ұша түрегеледі. Жанында жатқан бәйбішесін оятып, сүйінші сұрайды. Аян беруші ғайып-ерен қырық шілтеннің тап өзі деп жориды. Қуанышы қойнына сыймай ғажайып түсін ырымдап, бозқасқа шалады. Жүзі балбұл жанған жар-қосағы да ерінің ізгі хабарын қосыла тойлайды. Бойына біткен нәрестенің тілеуіне жұмалық сайын садақа үлестіріп, кембағал, ғаріп-кәсір, жетім-жесірдің батасын алады.

Ұлы ананың толғағы жеткен сәтті күні сарғая күткен атұстар ұл баланың сағынышты үні дүниені жаңғыртты. Қуаныштан құрақ ұшқан ағайын-туған естігені естімегеніне сүйіншіге шалты. Көзінен бақыттың нұры, шаттықтың шуағы төгілген Қармыс алақанындағы жас нәрестені көкке көтеріп тұрып:

– Алла тағала мені аяп берді. Бұл ұрпағымның аты – Аяпберген, Аяпберген, – деп мұқым жұртқа жар салды. Сәбидің есімін жел – қамысқа, қамыс – көлге, көл – далаға жариялады.

Аяпбергеннің кіндігінен Хасен, Әубәкір, Сыздық, Омар, Оспан деген бес ұл, Сара, Мәрә атты екі қыз тарады. Жеті перзентті тапқан Қармыстың келіні Сағым-шешей әулие шарапаттылығымен дүйім елге танылды. Қазақ даласында дәрігер-акушерлер жоқ заманда төңіректегі төмен етектінің піріне айналған кісі еді. Толғағы созылып, босана алмай қиналған, жатыры орнына түспей талықсыраған аналар Сағым бибі табалдырықтан аттап еніп, етегін желпіп қалған заматта жеңілейіп сала беретін.

* * *

Сұрапыл соғыстың суық толқыны Шиелі ауылын да айналып өтпеді. Маусым айының мамырайқан күндерінде тұтқиылдан соққан үскірік ағайынның арқасын қарып жіберді. Иықтарына батпандап зіл артты. Елсіздегі ебелек,

көлсіздегі көбелекке дейін қабарған қара бұлттың тектен тек үйірілмегенін сезіп шарқ ұрды. Ақауын жаңа-жаңа бүтіндеген жарымжан тұрмыстың көркі қожырады. Атан білекті азаматқа аранды жаудың аптығын ауыздықтап, ажырғы кигізгенше аяғы дамылдамайтын тар жол, тайғақ кешу басталды. Жігіт біткен желбіреген тудың астында шалғайдағы майдан шебіне аттанды. Түздегі түрен де, қорадағы құрал-сайман да ауылда қалған кемпір-шал, қыз-келіншек, буыны бекісе де қабырғасы қатпаған балашағаның қолдарына ауысты. Отанның жауы бұлардың жаулығын оятып, отанның кегі бұлардың кегін тұтатты.

Майданға сұранған Әубәкірдің жас шамасын анықтап білген, өлкелік соғыс комиссариятының бастығы, бір мың тоғыз жүз қырық екінші жылы оны еңбек армиясының тізіміне тіркеп, Қарағандыдағы шахтаға қара жұмысқа жұмсады. Үй ішінің түгел ауыртпашылығы оттың басында, ошақтың қасында, айыр-күректің сабында, ара-балтаның жүзінде қалды. Шешесінің белін майыстырған салмақты сол жылы жасы он төртке қараған Маман да тең бөлісті.

Соғыстың сүргіні созылған сайын елдегі тұрмыс та жадағайлап, жадай түсті. Арқа сүйерлерін отан қорғауға жөнелткендер қыруар шаруаны жауапкешіліктеріне алды. Қаншалықты жандары қиналса да мұнша азаптың барша халыққа бірдей хикмет екендігін әр қайсысы жақсы түсінді. Шама-шарқымен парасыз бейнеттен аянып жатқан жоқ. Тозып жүрсе де, төзіп бағуда. Бірін бірі сүйеп, біріне-бірі көмектесіп, орта да болса ортақ күй кешуде. Дүние-мүлік, байлық-дәреже деген пендешіліктің құлқын-құрты қурағалы қашан. Бұл нәлет қамыттан құтқаратын жанашыр арашашы жеңіс қана. Сол жеңістің қамы үшін, жадырап атар таңы үшін тасқияқтай қатқан, тарамыстай ширатылған тағдыр иелері еді олар.

Біреуге майданнан хат келсе, бүкіл ауыл жабыла оқиды. Ол хаттардың мазмұн ырғасы тек сағыныш, тек

қана сабырға шақыру. Жеңісті күндерге жетелейтін алаулы үміт. Оның несін бірінен бірі көлегейлеп жасырады. Бәрі жамырай дуылдасып, қуанып сала береді. Ол күнгі еңбекке деген ықылас та өзгеше артады. Қай-қайсысының да үрейленетіні, қаламайтыны қаралы қағаз. Оны табыстаған пошташы да қан уыстап әкелгендей қатты күйзеледі. Қаралы қағазбен ілесе келген қайғыдан қара жер қак айрылардай жан түршігеді. Қоңсы қоныстанған Тайшыбек, Күсен, Бейсен, Үкібай, Молдабай ауылдарының біріне жеткен қасіретті хабар барған жерін от тигендей қақсатады. Айналасындағы елдің аза бойы қаза болып, сол тұстан өрт шыққандай үрпийсе қалады. Жоқтаушының ащы дауысы құйқаны шымырлатады. Үлкендердің қабақтары лезде қырыстап, өндері қашып, қандарын ішіне тартып, сазарып сала береді. Алғашқы кездерге қарағанда кейін оған да еттері өліп, көндіге бастады. Ол шарасыздықтың белгісі еді.

Маман биылғы көктемде соқаға, жазға салым шікәға мойынтұрықталған қоңыр өгіздің арқасынан түскен жоқ. Тақымы қажала-қажала қайыстай қатып алды. Әуелгіде қанап ашптын. Жанына батқанын жанындағыларға сездірмеуге тырысады. Тісін шықырлатып отырып, өшін қоңыр өгізден алады. Қамшысын үйіріп-үйіріп, үсті-үстіне төпейді-ай кеп. Жамбасына пырт-пырт тиіп жатқан дойырды қарасан келгірдің елең қылмайтыны одан сайын зығырданын қайната түседі. «Білгеніңді істей ғой, менің білетінім осы», – дегендей шоларқ құйрығын шошандатып, санап басқан жүрісіне жүріс қоспастан пыс-пыс етіп үйреншікті шұбалаңынан айнымайды.

Атауы беймәлім аулақтағы колхозда осындай бір өгізді жұрт әспеттеп «комсомол» деп атайды екен. Өздеріңше жаңа заманның жаңғырығына үн қосқан түрлері пығар. Таңның атысынан күннің батысына дейін омыраулап соқа сүйретуден сілесі құрып, титықтаған сол

жануар боразданың ортасында төрт табандап тұрып алады. Айдаушысы әліпті таяқ деп танымайтын, қара жаяу можан топай шал. Қаперінде қаскөйлік кінәраті болсайшы. Жаны кейігеннен ашуы қыстап:

– Мүйізіңді пәлен қылайын, антұрған «кәмсәмөл». Бауыздап тастайын ба қасарысқаныңа ерегіскенде? «кәмсәмөл». Өмірем қапқыр «кәмсәмөл». Ащы шегін шұбатылып, жылы жұмсағыңды ит жегір, «кәмсәмөл», деп боқтап, шыбыртқының астына көміп, басқа, көзге сабайды. Онысын естігендер заматта қылжаққа айналдырып, қостан-қосқа жеткізеді. Арада апта өтпей жандайшаптардың жымысқы сілтемесімен шал тұтқындалып, «кеңестік комсомолды даттаған «контра»» ретінде барсакелмеске айдалып кете барады. Маман бұл әңгімені үлкендердің аузынан естіген. Өгізінің ербиген екі мүйізіне қарап күлкісі келді. Ала жаздайғы ауыр жұмысқа сыр бермеген осы екі мүйізі ғана. Басқа мүшелері арса-арса, ойдақ-сойдақ. «Бұл маубастың аты қалай екен?», – деп ойлады. – «Қоңыр-шолак» -хе -хи -хи. Онша жараспайды. Тұрпайы естіледі. Одаңда «пионер», «октябрат» десе ше! Тфу, тфу, тәйт, құтырмайыншы, шәйттан түртіп, сотталып кетіп жүрермін, – тақымындағы жарасының сыздағаны сәл-пәл басылған сияқты.

* * *

Жаздың ортасынан ауа шөп айырлап, шөмеледен шошақ үйісіп жүрген жерінен басқарма келіп, Маманды «Жамбас шоқтағы» қара қосқа жұмсады. Ол арада қанының құрамынан бруцелез анықталған қара мал табыны бағылатын. Бақташы Ғималов Ағмал деген татар шалы. Соған көмекшілікке қосақталды. Сол жылдарда Шиеліге жер ауып келген жиырма үйлі татардың біреуі осы Ағмалдың отбасы. Алғашқысында әр шаңыраққа бөлінген босқындар, аз уақытта ағаштан бұрап, өздеріне

баспана тұрғызып үлгерді. Тілмәшсыз тілдесетін татарды жатырқаған қазақ жоқ. Еттірліктерімен «епташлап» ебін тауып, қонақжай қауымның қойнына еніп, қолтығына кіріп, лезде сіңісіп алған. Енді қусаң да ажырамас.

Ауыруының жаманаты болмаса, сиыр-өгіздердің бурцелезден шеккен ешқандай кемдігі байқалмайды. Өзгерген дәнемесі жоқ. Сау малдан асырмаса, аз оттамайды. Көзден келетін көдені тілдерімен жалай орап, қомағайлана ымтағанда бидай соққан молотилькадан тажал. Қырсық мінездері де бәз қалпынша. Ағмалдың мәлімдеуінше тезірек семіртсе, тезірек құтылады. Ерінбей ерте өргізіп, кеш қамаған абзал. Дендері сау басқа тұқымдастарынан аластатылған мына аша тұяқтылар бөлекше бағылып, жаппай етке тапсырылуға тиіс. Соны санасына құптаған Маман қай ойпаттың майсасы бойлауық, құнарлы деп бажайласа табынды сонда апарып жаяды. Шермие тойғандарын көргенде көңілі қанағаттанады.

Ағмалдың айтуынша бұлардың еттерін дәу қазанға бұқтырып, бабына келтіріп, балбыратып ұзақ уақыт пісіреді екен де, арнайы қалбырларға бұрап бекітіп, соғыстағы солдаттарға жөнелтеді. Әуелгі естігенде шоршып түсе жаздаған. Күтпеген мәліметке құлағы елең етті. Байыбын ұқпай, басы дал болды. «Жандарын отаны үшін шүберекке түйген сарбаздарға ауру малдың еттерін жібергені несі, дұрысы жетпегендей», – миына шаншылып мазалаған күпті сауалдың жауабын тағы да татар шалынан сұрап білгенше тыншымады. Оның білмейтіні жер астында секілді.

– Ехей, малай, зор градис ыстыққа пыштыртқасын бурсиләзинән нимә қалар. Бәсе, үкімет те ақымақ емес қой. Әскеріне қастық жасаса оның қай жері үкімет.

Күдік, күмәні сейілген Маманның көз алдына соғыстағы туысқандары елестеді. Әсіресе Байдәулет

ағасын қатты сағынды. «Ағам қазір қарша бораған қорғасын оқтың астында жаумен арпалысып жатқан шығар. Неше немісті атып өлтірді екен? Кәпірлердің саны тым көп-ау шамасы. Әйтпесе әлдеқашан таусылатындай уақыт болды емес пе? Әттең не керек кеш туғаным. Ертерек туғанда ағамның қасында сұм фашистердің сазайын бірге тартқызып, қиянкескі ұрыстың бел ортасында шабуылдап жүрмес пе ем. Қолымда тапанша. Жоқ оның оғы аз. Бітіп қалады. Одан да оғы алысқа ұшатын автомат, немесе пулемет қолайлырақ. Иә, ең дұрысы пулемет. Оның оғы көп. Біздің бұршақтай төпеген оқтарымыздан зәре-құты қашқан жау сасқандарынан кірерге тесік таппай «жеңілдік, жеңілдік, жан сауға, жан сауға» – деп жалынып тізе бүгер еді. Қанша шырқыраса да жауыздарды аямаспыз сірә. Қанға – қан, жанға – жан берсін олар да. Ерлігімізге сүйсінген командир: «Міне нағыз сайыпқыран батырлар осындай болады», – деп сыртымыздан басқаларға үлгі етпес пе? Омар, Оспан ағатайларым да біржағымыздан болысып, – қане, балалар, (бәлкім «жігіттер» дейтін шығар) танытайық мына қарғыс атқырларға Қармыс атаның ұрпақтары екенімізді – десе одан бетер өжеттенбейміз бе? Қармыс-атаның аю жыққанын майдандағылар да білетін болар. Шиеліден барғандар айтпады дейсің бе? Айтпаса өзім-ақ айтамын несі бар».

Ұзақ сонар қиялды қуалап елігіп ере жөнелген жүйрік ойы селт етіп кері қайтты. Бойын тіктеп, төңірекке назар салды. Қараптан қарап отырып алдындағы түліктен көз жазудан сақтасын. Атын тепеңдей бүлкектетіп, шашырай жайылған малдың шетін қоғамдауға кірісті. Жырақтай бастаған үш басты сыдыртып айдап әкеп табынға қосты. «Ол жақтың да шөбі осындай. Қайда лағып барады-ей мыналар? Сендерге әдейілеп біреу керемет бірдеңе егіп қойғандай. Беталбаты қанғыра бергенше

аяқтарыңның астындағыны тақырлап оттамайсыңдар ма, арамқатқырлар» – «арамқатқыр» дегені өзіне де қолайсыз естілді. – «Тфэ, тфэ, арамқатқаны несі. Одан да адал бұйыртсыншы».

Мыналардың бәрін сойып етке тапсырғасын, қалбырларға толтырып, бекітеді де соғыстағы сарбаздарға аттандырады. Сонда пышағының ұшын қаңылтыр қақпағына бойлатып, қалбырды ашып жатқан Байдәулет ағам ішіндегі уылжып піскен майлы еттің мен баққан малдардың еті екенін білсе ғой, шіркін. Қасындағы жауынгерлерге:

– Мынау менің туған жерім – Шиеліден келген дәм. Інім Мамау бағып әдейі семірткен. Жендер, жендер, – деп мақтанар еді.

– Рас па? Оны қалай сездің ?

– Қалжыңдайтын шығарсың?

– Ту, не деген майлы. Шылқып тұр.

– Дәмін айтсаңшы балдай.

Ол кезде ағам масаттанып:

– Нанбасандар еріктерің. Өтірік жарыстыратын уақыт па, түге. Соғыс болса мынау. Немісің әне иегіміздің астында гүрсілдеткен. Анығында бұл бозға семірген сиырдың еті. Иісін айтсаңшы бұрқыраған. Біздің Шиелінің шөбі шүйгін, топырағы құнарлы. Түгін тартсаң май суырылады. Бозға семірген етке ет жете ме, тәйірі – деп ауылды есіне алары сөзсіз».

Маман үзенгіге салмағын сала екінші жамбасына ауысты. Ертоқымның шап айылы бос. Төс тартпасы ғана сәл қысыңқы. Ауыздығы иегінде салпылдаған торы ат басын жерден көтеретін емес. Құйрығын анда-санда бір қағып құныға оттайды. Құнаньында үйретілгеннен бері қапталынан құрық кетпеген, арқасынан ер арылмаған, мыңтоқым жануар мініске берік. Анау-мынаудан елпидеп үркүді білмейтін сабырлы. Үстінде кісі отырғанда орнынан

қозғалмай тұяғының айналасынан ғана жұлуға дағдыланған. Тақымыңмен бірге бейімделіп, тізгінін бұрмалап шаужайламасаң да малды өзі қайтарады. Ыңғайына көнбегендерін құлағын жымитып алып, құйымшағынан қарпып-қарпып жібереді. Уытты азуына бір рет легіп қалған жүреген сиырлар мұның беттегенін көргенде жылыстап ортаға тығылады.

Көгілдір аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Екіндіден ауған күн жылы жадырайды. Қарсыдан ескен самал даланың жұпар иісін танауыңа үрлеп, кеуде сарайындағы жүрегінді аймалағанда қос өкпең бірге желпілдеп, тынысың кеңиді. Боз көдеден бой асырған ақселеу сабағынан тербеліп, үкілі басын ырғағанда сайын жазық толқыған теңізді елестетеді. Ара-арасында селдір өскен көк жусандар құла жонды құрлықты судың түсіне бояуға әдейі шашылған қоспа іспеттес.

Оты қанған сиыр-өгіздер бірен сараны болмаса жата-жата қалысып күйіс қайыруда. Қоржын қарнындарының қалта-қалталарын шөппен тығыздап толтырған жануарлар бүйірлері тырсиып жиі ыңқылдайды. Малдың тамағынан өзге уайымы бар ма? Тойынса тоңқандап секіреді немесе неменесіне секіреді. Қуанған түрлері ғой. Түгі жылтырап денелеріне шыр біткеніне қуана ма екен? Сондағы жеткен мұраты қазанға түсу ме? Таландарына: «Сиыр-өгіз тоқ қылар, түнеген жері ай батпақ», – дегеннен басқа марапат та бұйырмаған. Айналып келгенде адамның кәдесіне жараудан өзге бұл хайуандарда қандай бақыт болуы мүкін. Өкініштісі ешбір адам: «Па, шіркін, пәлен сиыр ерледі ғой», – деп ескерсе ше. Тіпті: «Мынау қай сиырдың еті?» – деп сұрамайды да. Кім үшін, не үшін өлетінін білу де ұлы бақыт қой.

Осылардың еттері қалбырға туралып түспей-ақ жауды бір жола тойтарып, ауылға оралса ғой бауырларымыз. Бәріде қайта түрленіп, бәз баяғыша

қалыпқа ауысар еді. Біз мектебімізге барып оқуымызды әрмен қарай жалғастырамыз. Соғыстың кесапатынан біріміз бірімізге жолығудан қалдық. Жандарын көгендегі қозыдай құлазытқан сұрықсыз тірлік қапанға дейін қыспақтайды. Көз алдына жарқын-жарқын күлген құрбылары елестеді. Кітап толы қапшықтарын иықтарына арта тастап, сонау жылдардағыдай ауылдан пыққан ат арбаның соңынан топырлап еріп барады. Анау Сейтен мен Мұңдық, анау Сартай мен Құсайын тағы тағылары. Бұлар ересектер. Кішіректеулері арбаның үстінде. Жақтауша шабақтарының арасынан аяқтарын салбыратып қойып, бұларға қарап мәз. Теңдеп тиелген азық-түлік толы қаптар мен төсек-жастықтардың арасынан жас қыздардың бұрымдары желкілдейді. Құдық ағашқа жеткенше жолшыбай бірін бірі қуалап ойнайды-ай кеп. Уақыт та тез зымырайды, жол да қысқарады. Санаулы сағатта улап-шулап Құдықағаштың да қотанына енеді. Бұларды алыстан шырамытқан мектепті мекеннің балалары топ-тобымен жүгіріп алдарынан шығады. Әрқайсысының өздері сағынған достары бар. Іштеріндегі бұған жақыны Әйттім. Иә, өзінің жан досы Әміров Әйттім. Екеуі жылда бір партада отыратын. Биыл да сөйтеді. Оның әкесінің орнына жанар май бөшкесін күзетуге де баяғыдай серіктесіп, бірге барады. Алыстан арсалаңдап: «Мамау, Мамау», – деп айқайлап ұшып келе жатыр. Маман да пыдамай қарсы жүгіреді. Жеткен бойда құшақтары айқаса кетеді.

– Амансың ба, бауырым!

– Бармысың, құрдасым!

Шіркін, сол күн тез туса екен.

Күн қызыл жиектеніп, батысқа еңкейе бастады. Мал екеш мал да уақытты сезеді. Артқы бөксесін баяу көтеріп, тізерлеп орнынан түрегелген ала өгіз рахаттана керіліп алды да сондайда жатқан қара сиырды барып бүйірінен түртті. «Жамбасың ойылғанша жата бермей тұрсаңшы.

Жаталақ тигеннен саусың ба?», – дегендей. Қара сиыр мүйізін жайқал: «Осы сен де күйісімді бұзып», – дегендей жақтырмай әукесін сызып орнынан қопарыла қозғалды. Екеуі де мамырлай басып өргендердің соңынан ілесті. Енді табынды жолай суарып, қосқа беттетеді. «Жамбас шоқ» жақтан салт аттының қарасы көрінді. Ол тепеңдеп келе жатқан аға бақташы Ағмал әбзи.

* * *

Бозқыраулы сарыбалақ күздің соңғы онкүндігінде салқын жел терістіктен айналып соғатын. Ақыры түтектеп қар жауды. Ауа райы тіптен суытты. Жылдағыдай бір еріп, бір қатып созалаңдаған жоқ. «Биыл қыс қатты болады», – деп жүр үлкендер. Сүмбіленің басылғанына да көп өтпеген. Жер әбден қанағаттанса керек. Қалың шөккен қар бір жатқаннан мөл жататынын байқатты. Үскірік ерте қаруланды. Күннің суығын желдің ызғары қамшылап, одан сайын ушықтырып барады. Жұрт құлақшындарын түсіріп, құлақтарын қымтады. Ақыл басқарма аттың үстінде. Мал түгел қораланып біткен. Қарламайтын сиыр малы әзірге суатқа айдап апарып суарылып жүр. Құдықтан қауғалап су тартып, науаларды толтыру ол да бір машақат. Соңынан сарқындыны төгіп тастамаса астаулар лезде қатады. Одан кейін жарты күн әлектеніп сүймендеп, балталап, мұз оюмен дінкең құриды.

Маман түздегі табын бордақыға қамалғалы қорадағы малдың күтімінде. Өзі құралыптас балалардың арасында сүйегінің шымырлығынан ба, әйтеуір басқарма мұны малшылықтан босатқысы келмей үгіттеп алып қалған. Үйде жайбарақат отыра бергеннен гөрі еңбек күн тапқан бұған да, шешесіне де теріс көрінбеді. Соғыс болса әлі жүріп жатыр. Оқу басталатын емес.

Ертемен оттықтарға басып-басып нығыздап салған үйеме балаусаны жылан жалағандай жалмап соғып алған

өгіздер мөңіреп тұр. Шөлдеген болар. Манадан айырға сап жонып, көңілдегі шаруасын бірыңғайлаған Ағмал әбзи, өзінің жаңа туындысын сынақтан өткізіп байқайын дегендей шанадағы шөпке салалап сұғып тұрып:

– Ергенекті аш, – деп ишарат жасады. Қораның аузындағы тосқауыл айқара ашылысымен шығар жерге ентелеп өздері де иек артып кеу-кеулеген күйлі өгіздер бірінен соң бірі тайрандап сыртқа ұмтылды.

Шиелінің маңындағы ойпаттың кіндігінде әуелде қолмен қазылған кең шұңқыр бар. Аумағы әжептәуір. Жылда күртiк құлаштап көтерілгенше меншіктің қара-құра түлігі де, қазынаның шұбырған табыны да сол арадан су ішетін. Маядан жеткізілген шөпті оттыққа аударып жайлағасын, Ағмал әбзи екеуі ұзыннан ұзақ жырақа ойып қайтқан. Мұздың қыртысы қарыстанып әжептәуір бекіген сияқты. Аттарды шанадан доғармаған күйінде ауыздықтарын ғана ағытып суғарып әкеткен болатын.

Бірін-бірі қабырғадан қағып, бүйірден түйгілеп, ара-тұра мүйіздескен өгіздердің бетін сонда бейімдеді. Қамаудан босағалы тапырақтап, құйымшағын дөңгелентіп, құйыршығын ойнатқан жануарлар ешқайда бұлтармай шұңқырға өздері асықты. Сілекейлері әукелеріне шұбырған қауғабас немелер киіп-жарып, артқысы алдыңғысын жапырып, жапатармағай суатқа тұмсықтарын сұқты. Атын жайдақ желдірткен Маман да соңында қалғандарын түре айдап, іле жеткені сол. Кенет аяқ астынан күтір-күтір дыбыс естіліп, қалың мұз шытынай бастады. Көзді ашып жұмғанша суаттың айналасы ойран-топан ойылды да кетті. Он екі өгіз өкіріп-бақырып, опыр-топыр суға құлады. Аты үркіп ала қашпағанда өзі де әлде қандай жағдайға ұшырары кәдік еді. Мұндай аласапыранды күтпеген Маманның абыржығаннан екі көзі алақтап шарасынан шыға жаздады. Малтыққан өгіздер сыртқа ұмтылып жанталасуда. Ілгергі жағы тайғанақ

жарлауыт. Былайғысы құрсаулаған мұз. Омыраулаған сайын омырылып, сынып жатыр. Тұяқ лектірер тиянақ жоқ. Енді не істесін. Атты борбайлап ауылдағыларға шапты.

Ақыл-басқарма төтенше жағдайды хабарлап барлық тұрғындарды тік көтерді. Құлақтанғандар шұңқырға қарай шұбырды. Әркім қолына түскенін іле кеткен. Біреуде күрек, біреуінде айыр. Құрықша сүйреткен, арқан, бас-жіп шумақтап ұстағандары да бар. Ауыл адамдары мұндайда құралақан жүгірмейді. Құдайдың дес берісінде суат ойылған тұстың суы терең емес екен. Өгіздердің арқасын жаппай тұр. Алда-жалда мұнша бас қырылатұғын болса талайдың төбесіне әңгір таяқ ойнайды. Өңі қашқан Ағмал санын сабалап, бая-шая. Түс әлетінде суық ызғырып, аяз қарыды. Шалдар мықты аттарды қамыттатып, бірінің алына бірін көсемдетіп, ересек балалар өгіздердің мүйіздеріне құрықша созып, бұғалық лектірді. Осы оңтайлы тәсілмен суға малшынған жануарларды біртіндеп қабаққа сүйретіп шығара бастады. Өршелене тырмысқан аттарға адамдар да жабыла тартысып көмектесуде. Қарап тұрған ешкім байқалмайды. Аяғы тайып суға жығылғандар да баршылық. Екі жерден от жағылды. Әуірім дегенде өлімші өгіздер мұздың құрсауынан тірідей құтқарылды. Бірақ қалпылдаған байғұстар дірдектеп буындарын баса алмады. «Мыналарың енді мал болмайды», – деп түйді түліктің жайын білетін кәрілер, ортақ тоқтам жасап.

Жұрттан ала бөтен үрейленген Маманның шешесі: «Құлыным-ай, қаршадайыңнан бәлеге шалынып, басың кететін болды ғой. Құдайға қай қылығымыз жақпады екен?!» – деп аза бойы қаза. Шыр-шыр етеді. Біресе: «Ақылжан-ау, зекетің кетейін. Аяй көр бізді», – деп басқарманы бұра бастырмай оң-солын орағыштап зыр қағады.

– Беймазаланып, саспаңыздар! – деп үн қатты әлден уақытта Ақыл – басқарма айналасындағыларға тоқтау салып. – Жауабын өзім берермін. Өгіздер аман ба, аман. Оларды ешкім қасақана батырған жоқ. Абырой болғанда мақсатты түрде етке деп бордақыланған бруцелез малдар. Арам өлтіріп алмай союға кірісейік. – үрпісіп тұрғандардың көңілі жайланды.

Малдар сойылып жатқанда аспаннан түскендей ауданның өкілдері сап етіп үстеріне келіп тоқтады. Әдейі хабарласа бүйтіп шұғыл жетпес. Кездейсоқ болса да дөп басты. Тура андушы қойғандай-ақ. Машина тоқтар тоқтамаста жұлқына шыққан жасамыс белсенді әпербақанданып зеки сөйледі.

– Басқарма кім? Шақырындар! Үкіметтің малын уақсыз уақытта қызыл жоса қылып неге рұқсатсыз қырып жатырсындар? Шеттеріңнен тізіп тұтқындау керек бәріңді. Бетің бар, жізің бар демейтін нағыз сыңаржақ атарманның мінезі. Қоқанлоқыдан шиеліліктер абдырап қалды. Соңын ала саспай көліктен түскен еңсегей бойлы егделеуі сабыр сақтады. Жолдасының шапшыма қылығына қосарланбай байсалды кейіпте байыпшен төңірекке көз қыдыртты. Ұстанымына қарағанда лауазымы биіктеу адам. Енді-енді қызу жұмысқа құлшына жұмылысқан қасапшылар ұрлықтары әшкереленгендей бүгежектеп, пышақтарын қайда жасырарға білмей пұшайман болды. Сол шақта: «Мен басқарма», – деген дауыс саңқ етті. Бұл Ақыл еді. Тап қасынан шыққан оқыс дауысқа жас өкіл дағдарып қалды. Егдесінің жүзінде шырай жүзіп өтті. Ауыл басқармасын бұрыннан танитындай. Әліптің ақырын күткен әлпеті сонда сезілді. Екеуі қос қолдап амандасты. Жанындағыға сыңар қолын ұсынған Ақыл: «Сонша қытымырланғаның қалай, бидай қуырғандай қылып. Тында ал, бәсеке, менің рапортымды», – ананың алақанын уысынан босатпастан өлеңдете жөнелді:

Басқарманың аты – Ақыл,
Көңілінде қапа тұр.
Бізден көрме, мұздан көр,
Айылыңды тарта тұр.
Боғын шайып, тазарттық,
Он екі өгізге бата қыл.

Егделеу уәкіл күліп жіберді. Маңдайы жазылып, жадыраған қабағына нұр үйірілді. Маңғаз бітіміне лайық рахаттана желпінді. Бір шамада бойын жинап, салмақты райда орнықты төрелік айтты:

– Сөзге тоқтаған қазаққа осыдан артық қандай жауап бар. Аталы сөзге арсыз ғана таласады. Біздің Ақаң әр нәрсенің парқын білетін азамат. Өзіміз де азық-түлік жоспарына орай тапсырмамен келмедік пе? Міне, ендеше жоспар. «Құланның қасынуына мылтықтың басуы», – деген осы. – жарасты әзілдеп, жас белсендінің арқасынан қақты. Ағалық ықыласында: «Бұл саған сабақ», – дегендей ескертпе де жоқ емес. Алаңғасарлығынан ыңғайсыздыққа ұрынған кіші уәкілдің бетінің қызылы тұтанды. Жаңа ғана қасқыр шапқан қойдай ұйлығыш қалған жас-кәрілер де басқармасының тапқырлығына сүйсініп, қыран топан күлкіге кенелді. Маман да іштерінде. Сол сәттен бастап оның балаң көңілінде сөз құдіретіне деген ерекше құрмет ұялаған еді. Бір шумақ өлең оның қыл үстіндегі тағдырын, заматта шешіп жібергендей әсерленді.

* * *

Соғыс аяқталатын емес. Қайта қыза түскен түрі бар. Екі жақ қатты арпалысып, қиян кескі ұрыстар жүріп жатқанға ұқсайды. Жауынгерлердің үшбұрыш хаттарындағы мәліметтер әр текті. Біреулері: «Кеше, бүгін қоршауды бұзып шықтық», – екіншілері: «Жауды артына бұрылтпай, тықсырып қуып барамыз», – үшіншілері: «Бір қаладан екінші қаланың шегіне ауысып, күш біріктіріп,

келесі ұрысқа қамданудамыз», – деп жазады. Соған карағанда дүниенің жарымын неміс басып кеткендей. Мәнжайды көзімен көріп білмегесін мұндағылардың әр қайсысы өзінше топшылайды. Осындай өздігінен шолақ кесіп, келте пішілген ұшқалақ пәлсапасы салғырт ойлап, аңғырт сөйлеген Тоқтардың Балтабайын қара бастырды.

Босағасынан күле аттаған Айқожа мен Төкебайдың күрт құбылып, күңіреніп шығатынын қайдан болжасын. Шайын қою демдеп, үстей құйып отырып, әуелі аз-мыз тері-терсегіне орыстан айырбастап алған патефонын көрсетіп байғазы сұрайды. Одан да ол екеуінің іштерін қызған темірмен қарып алғаны жеңіл еді. Онысымен тиылса ше. Сөз арасында түлені түрткен Балтабай тағы көңірсітеді.

– Пәшістер Мәскеуді басып кірсе біз Гитлерге бағынамыз ба? – деп қойып қалды. Қос белсенді апыл-ғұпыл кеселерін төңкере тастап, дастарханнан бір-ақ аттап сыртқа безді. Аңғал Балтабай не бүлдіргенін өзі түсінгенше ауданнан суыт жеткен атарман-шабармандар ұстады да әкетті. Соғыс уақытындағы заңға сәйкес облыстық сот атуға үкім етіп, Қарағандыға айдалды. Аһ ұрған Балтабай елге арнаған хатын өлеңмен жолдады.

Алдында есігімнің тал болады,
Ішкен шай отбасыңмен бал болады.
Абайсыз ақымаққа бір сөз айтсаң,
Артынан қара басың дал болады.
Патипон сатып ап ем ойнатуға,
Көркейтіп үйдің ішін жайнатуға.
Төкебай, Айқожамен куә болып,
Обылсот үкім қылды мені атуға.
Үшбу хат Шиеліде замандасқа,
Айқожа, Төкебайға амандаспа!
Қызығын жалғызының көрмей өтсін,
Айтатын алғысым жоқ одан басқа.

Өлеңнің тақырыбына арқау болған оқиғаның ақиқаты үлкенге де, кішіге де аян. Дауыстап айтпаса да іштей мың мәрте қайталанып жүрек түкпірлерінде жатталып қалды. Айқожалар мен Төкебайлардың жандайшап жымысқы әрекеттері кімді де болмасын шошындыратын. Ел тоң желке тағдырдың талқы-тәжікесіне де, құлазыған қу тұрмысқа да лажсыз мойын ұсынды. Шалға кәрілігін, әйелдерге ұзын етектілігін, балаларға еркелігін ұмыттырған шерлі кезең Маманды да қолға алып, ерте есейтті. Санамен саралап, сабырмен шешім жасау оған өмірдің өткір-өткір сабақтарынан кейін сіңген асыл мінездер.

* * *

Күзгі жиын-терін тиянақталысымен аудандық басшылар Шиелідегілерге тағы бір жұмыс тапсырды. Халықты қыстатып шығару мақсатында қазынаның азық-түлік есебінде тұздың зәрулігі туындады. Тұзды сонау Бестөбенің маңындағы «Жақсы тұз» аталатын көлден алуға арнайы нұсқау бар. Бұл міндет басқарманың шешімі бойынша жекеменшік мініс аттары барларға жүктеліп, Маманның үйіндегі қара бие де тізімге лектірілді. Үкімет атынан айтылған бұйрық заң. Қали ақсақал бастаған жүргіншілер аз уақыттың аясында тұзға лайықтап тақтайдан арнайы қораптар әзірледі. Шешесі Бибіғайша Маманды жолға қамдап бәйек. Киім-кешек, ішіп-жемін қомақтап, әрқайсысын жеке-жеке дорбаға тығып ұқыптағасын, ескі сандықты ақтарып, түбінен түйіншек суырды. Буманың астарында бүктелген бір уыс қағаз ақшасы бар екен.

— Әкеңнің Қарағандыдан жіберген еңбек ақысы. Әйтпесе мен бірдеңе сатты деймісің. Мұқтажымызға жаратсын деген ғой. — аңтарылған баласына мән-жайды

мағлұм баяндап, пұлдың жарымын қолына қыстырды. –
Өңір қалтаңа мұқият жасыр. Түсіп қалмасын.

– Шешем-ау, маған ақшаның қажеті бар ма?
Жәрменкеге бара жатырмын ба соншама? Тұз тегін.
Үкіметтікі.

– Шырағым, балалық жасама. Жол алыс. Қалтаңның
құр жүрмегені ырымға жақсы. Кәделігі тумаса қайтып
әкелерсің. – құрақ ұшқан анасының көрегендігін артынан
мойындайтынын Маман сол сәтте қайдан болжасын.

Ауы мен бауын түгендеп, артынып-тартынып
аттанған он екі көлік үздік-создық шұбап ұзай бергенде
ауыл шегіндегі қарағай үйдің бұрышында бұларды көзімен
шығарып салып тұрған анасын көрді. «Жаулығының жел
қағып, желбіреген ұшына дейін тілеулестігін ұқтырғандай.
Қайран ана, мейірбан жүрегіңнің лүпілін сезінбеу мүмкін
бе?! Қашанғы өбектейсің соқталдай жігіт емеспін бе?»

Аттарын жеңіл аяңдатқан арбалылар сол күні ымырт
үйіріле Жарқайың деген жердегі көне құдықтың басына
қоныстаған аз ғана үйлі малшылар қонысына жетіп
тоқтады. Араларындағы үлкені Қали ақсақал. Топтың
құрамында тағы үш шал бар. Олардың жастары Қалидан
кіші. Үшеуі әйел. Біреуі қыз. Қалған төртеуі ұл. Соңғы
бесеуі тетелес. Ересегі – Сейтен. Қыздың аты – Рахия.
Рахия ұлдарша ықшам киінген. Сейтен Маманнан екі жыл
бұрын туған.

– Жасым толысымен соғысқа сұранамын, – деп
жұлынып жүр. Жеңістің бар абыройы соған бұйыратындай
басқа құрбылары оған қызыға қарасатын. Ол одан сайын
лепіріңкіреп, алдағы жасайтын ерліктерін тізбелеп
соққанда қызды-қыздымен Алпамыс, Қобыландыңа
сауырын сыйпатпай кеткенін өзі де аңғармайтын.

Кіресшілер таң алакеуімде қозғалған. Алдыңғы арбада
Қали қарт. Ол кәдімгі жорық жолындағы аталық-сардардай
үнемі жолдың бұлтарыс-қалтарысын артындағыларға

ескертіп отырады. Ат-көлік пен сапарластарының амандығына қатысты жауапкершілік соның мойынына жүктелген. Сондықтан да соңындағыларды бір ізден бұлтартпайды. Еркіне салса іші пысқан балалар арбаларын салдырлатып мына далада жарысуға да кет әрі емес.

Ақсудан асқанда қара бие тапырақтап, тасырқай бастады. Табанының жүрекшесі тиіп қалды деуге қисынсыз. Жарты ай бұрын ғана тұяғын қашатқанда жақсылап жондыртқан. Жолды жиектеп бозбен амалдап байқады. Бұл жазықтың бойы селдір-селдір көде жамылғаны болмаса астынан жоғары қатпаранған тастак екен. Сыдырғы ғана сұр топырағының өзі түйіршік құм аралас. Түрпі егеудей қайрап, аттың тұяқтарын кеміріп келеді. Таптаурын сүрлеумен салыстырғанда дөңгелектерге өте жайсыз. Бос арбаны бейберекет секектетіп, бел ағашын үзердей солқылдатады. Маманның көзі қара биенің артқы екі тұяғының ұшынан шыпшып шыққан қанды шалғанда өз тырнақтарының көбесіне біз қадалғандай бойы шымыр етті. Бұдан әрі жүру бассыздық. Осы күйінде қинай берсе жануардың түбіне жетіп тынары сөзсіз. Дереу делбені тартып, жерге секіріп түсті. Көз қиығымен жіті қадағалап келе жатқан Қали ақсақал да атын шұғыл бұрыш қасына жеткен.

– Мамаужан-ай, мына жануардың тұяқтары желініп қалыпты ғой. Жуықта қашалған-ау тегі. Қашағанда да ақ тырнағына тым тақап жіберіпті. Өзі де кәрі биенің құлыны болмасын. Болса болар тұяғы жұқа көрінеді.

– Ата, кері қайтам ба, не істеймін? – Маманның ұнжырғасы түсті.

Басқалар да көліктерін қаңтарып тастап, биенің маңайына топтасып тұяғының ұшына үңілісті. Қынжылыс та, аяушылық та естіледі. Шалдар талылаған аяқтарды алма-кезек көтеріп қарап, өз ара ақылдасып, айла-шарғы іздестіруге көшті. Әсіресе биеге жаны ашыған Рахия

жалынан сыйпап, құлағына әлде не деп сыбырлайды. Албыраған жүзінен қамқорлық лебі еседі. Жануар онысын сезе ме жоқ па, әйтеуір басын окта-текте бір шұлғып, пысқырып қояды.

– Ата, баратын көліміз әлі алыс па? – деп сұрады Рахия Қали қарттан.

– Артымызға карағанда алдымыз жақын, жерортадан оздық. – деді ол.

Пікірлескен үлкендер тұяқтарды былғарымен қаптауды ауызға алысты. Бұл сөз айтылуы мұн екен Рахия.

– Менің бөстегімнің тысы былғары, жараса пайдаланыңыздар, – деп қуанғаннан арбасына жүгірді.

– Әй, қызым-ай, үйге қайтқанда шешен ұрсып жүрмесе игі еді.

– Биенен қымбат емес қой, ата, бір тұтам былғарыны қыймағанда осынша жұрт Мамауды жолда қалдырамыз ба? – деп айғайлады қыз артындағыларға.

– Әй, ақылыңнан айналайын, құлыным.

– Ер боп тусаң етті. Жаратылысыңа болайын, жарығым!

– Жолға шыққанда осындай ұйымшылдыққа не жетсін. Ердің құнына бағаланса да келісерміз шешенмен...

– Шалдар разылықпен қауқылдасып жатқанда Рахия бөстегін әкеп қолдарына ұстатты. Қали қарт бәкісін күс алақанына жанып-жанып жіберіп бөстектің тысыш сөуге кірісті.

Ақсақал шапшаң қимылмен былғарыны қаққа жарып қос қабаттады да, тұяқтардың өлшемімен екі байпақ пішті. Оны әр жерінен тесіп таспа өткізіп, биенің табанынан топайына тартып әкеліп, сырғалықтарына орап бекітіп байлап тастаған. Маманның көңілі орнығып, жолға қайта түсті. Аракідік әдеттен тыс күй кешіп, кейінгі арбадағы Рахияға ұрлана қарағыштауда. Қандай жаны сұлу, танымы мол, тәрбиелі ақылды қыз. Жүзінен шуақ шашылып,

үнінен ізгілік ескендей бауырайды. Әр қарасында Маманның Рахияға салған назары ризашылықпен нұрланды. Бұл ауылда күнде ұшырасып жүретін қызға тұңғыш рет көз тоқтатып сұқтануы. Сұғанақтықтан ада сүйсініс бұл. Титтей ғана нәрседен дархан пейілді, шексіз ниетті сезінді. Адам мен адамның арасындағы достық сыйластық осындай кішкене қатынастардан өрбіп құралады емес пе? Нәзіктігі де сондықтан. Әр үлкен дүниенің кішкене кілтіндей жүректің де өз кілті бар. Іздедік пе соны, әлде іздемедік пе? Іздесек те іздемесек те біз соған зәруміз. Ол сатылмайтындығымен қымбатқа айналған құндылық. Оның аты – жақсылық. Жақсылықтың өтеуі жақсылық қана. Сол сәтте жақсылыққа жақсылық ойлаған Маманның мырзалығын ойына көлдененнен қабаттасқан еркек өкініш шекесінен шертіп өтті. – Қап, астына не төсенгенін ескермегендігім үлкен әбестік болды, тonymды беруім керек еді, – тыз еткен шекесін жай сыйпап қызарақтап қалса да ләм-мим тіс жармай үнсіз тынды. – жарайды келесі тоқтағанда ұмытпайын.

Қара биенің маң-маң жүрісі манағыдан гөрі пысып, құлақтарын қайшылап, сергек аяндайды. Мыналарын табылған ақыл болды-ау дегендей. Желдің дамылсыз қағысына тербелген акселеулер қара биенің әсем басқан байпақты аяқтарына таңырқай тамсанғандай қылшық бастарын еріксіз шайқауда.

– Енді сені байпақты тұлпарға арба тіркеген батыр дейміз, – деп айқайлады алдыңғы арбадағы Сейтен азу тістерін ақсита ыржақтап. Басқалары қағанағы ақтарылғандай ду күлісті. Рахия ғана мойнын созып бір қарады да қойды. Бірақ кірпігі де қозғалмады. Назары Сейтеннен гөрі Маманға кідірістеп тез бұрылды. «Масайрауын мақтаншақтың, жаңа арбасынан да түспеп еді. Әжуәламаса іші кебе ме. Тапқырлығын әлгінде танытпады ма, тіл мен жағына сүйенгенше. Майданға

барамын дейді өзінше. Неміс сенің қалжыңдасатын құрдасындай-ақ», – мұның көзіне Рахия тап солай ойлағандай көрінді.

Былғарының заты былғары, теріден иленген дүние жылқының табанына шыдасынба қырық шақырымдай жанышталғасын телім-телім ыдырап, жалбырап жыртыла бастады. Бұл кезде межелеген Бестөбенің де қарасыны қол бұлғады. Керуенді көптей созылған жолаушылар бүгін сонда аялдап ерулемек. Жолбасшы қарттың жорамалынша онда ұстахана болуға тиісті. Тағаланбаса қара биенің қайтар жолға дәрмені шамалы.

Ұстахана мәселесін келе сұрастырған Қали қария мен Маман ертерек тұрып сонда кеткен, барған шаруалары бітпеді. Түстен кейін болмаса қолдары тимейтінін айтқан ұсталар дегендеріне көндірді. Олардың белгілеген уақытты күтпеуге Маманда лаж бар ма? Тықыршыған көптің жалғыз бұған қарайлап ұзақ күнді кешкертуге құлқы соқпады. Ошарылып отыра бергеннің несі жақсы ілгері жылжыса жұмыстың басы қайырыла бермек. Барлығы да осы тоқтамды дұрыс деп мақұлдады. Пәтуаласқан жүргіншілер дағдысынша іздерін шаңдата тізбектеліп тұзды көлге асықты. Асықпаған Маман ғана, кісінеп-кісінеп жіберген атының қамыттығын алақанымен қағып, жалын сыйпақтап жолдастарын ұзатып салды.

Белгіленген уақытта ұсталар уәделерінен айнымай жылы шыраймен қарсы алды. Аты-жөнін, туған жерін, ата-тегін тәптіштеп таныса жүріп, көріктің көмейінен жел үрлетіп шоғын қыздырды. Кәртамшы биені олай-бұлай айналып іждаһатпен саспай тексеріп тұяқтарының төртеуін түгел тағалауға кеңес берді. Көмекшісі көкейін тескен күмәнін сөйілткісі келді ме, әлде міндеті солай ма мұның қаражатының бар, жоғын анықтап білуге күштарланды. Қос ұстаның өнері жалпақ төстің бетіне қып-қызыл темірлер жалындап түсісімен дәу балғамен қамырдай

илегенде танылды. Шебердің шебері-ақ екен өздері де, заматта аттың тұяғына шап-шақ әдемі тағаларды дүниеге келтірді. Шалдар тұяқтың ұшын кемерлей жауып тұратын болсын деп ескерткен-тін. Тапсырыстың қапсырмалы қайырма тұсын Маманның елестеткендегісінен де анағұрлым әйбәт жасады.

Қара биенің көзі ашылды. Ауыздығын сүзе тартып делбе қақтыратын емес. Аяқтарын алма-кезек соза тастап желе жортады. Анда-санда танауын көтеріп кісінеп қояды. Жалғыздықты жылқы екеш жылқы да жақтырмайды. Жүретін жолдың тура бағытын Қали қария қадап-қадап ұқтырса да, ұсталардан тәптіштеп қайта сұрап алған. Онысы тіптен ақыл бопты. Бәрінен анасына шексіз риза. Ақшаны зорлағандай қып ұстатып еді, ақыры пайдасы тиді.

Жапан жазықта дара жылжыған түйдек шаң бір қалышты қозғалыспен қызыл іңірмен таласа алапаты әжептәуір ақ-ала көлдің жағасындағы жапырайған жалғыз жертөлеге барып тоқтағанда жартылай бойы жерге кірген жаппаның астынан шоқша сақалды, шошақ бөрікті қара шалдың қалтақтаған басы қылтиды. Маманның сәлемін мақамды дауысқа салып, кәдедей қабылдап алған қағылез шал су иесі Сүлеймендей маңғаз тілдесті.

– Бағытың дұрыс балақай, дәл тауыпсың, іздеген көлің осы. Тұзың әне. Бірақ жолдастарың адасып теріс кеткен болар. Атыңды доғар да қалаған жеріңе жайғаса бер. Ат-көліктері болдырмаса бүгіннен кешікпей түнделетіп оларың да тауып келер, – деп шошақ бас тұз қорушы суырша сырғып шоланына қайта сүңгіді. Маман биені арқандап арбаға күрмеді. Төңіректі сүзіп қурай, тезек теріп от тұтатты. Шәугімді толтырып мосыға шай қайнатты. Қараңғы қоюланып ымырт үйірілгесін оттың жарығымен қоржындағы азықтан қаузап жеп, асқазанын жұбандырды. Бетін шарпыған қызудан маужырап,

ұйқының елшісі көзіне тығылды. Өне бойы талықсып шаршағанын сезгесін арбаның үстіне шығып қалың киімдерінің бірін бүктеп басына жастап, бірін сілкіп үстіне бүркеніп қисайғаны сол кірпіктері айқасып жүре берген. Түннің бір мезетінде салдыр-гүлдір, у-шудан шоршып оялды. Қараңғыда дабыр-дүбірдің арасынан шалдар мен қатындардың дауыстарын жазбай таныды.

– Мынау біздің Мамау ғой. Міз бақлай мызғуын, батыр-екеннің.

– Асықпаған арбамен қоянға жетеді деген осы. Біз ғой ош жерді көш жер қылғанша бос сорпаладық.

– Өзімізге де сол керек. Жабыла жаман жолдастың кебін кидік.

– Болары болды, бояуы сіңді, езбе сөзді ермектемей, аттарыңды доғарып, отқа тұсандар, ертең жұмыс көп – Қалидың әмірі қатқыл естілді.

Мамау жамылғының астында жатып рахаттана езу тартты. «Ойнарсыңдар менімен!».

Қайтар жолдың мұнша машақатты боларын күні бұрын кім тұспалдаған. Бестөбеден шыға ұшқындаған қар, бара-бара ұлпаланып, күс төсектің ішпегін дар айырғандағы ақ мамықтай саулады. Екі тәулік жауған мөлшерімен қисаптаса аспандағы бұлттардың тұтамы да қалмай түгел түтіліп жерге шөкті ме дерсің. Енді міне арбаның дөңгелектеріне сағыздай жабысып жүргізбей келеді. Шашасынан көксоқтаға малтыққан аттар ақ көбікке малшынып тез болдыруда. Әлсін-әлсін кідіріп, тынықтырып отырмаса зорығатын түрлері бар. Көбі кіндіктері төмен түскен буаз биелер. Барарда бір күнде жетіп барған Бестөбе мен Ақсудың арасында бес түнеді. Бес күннің әр тәулігі бір жылға созылғандай қинаған. Бүгін сарсаңды сапарда сылпылдағандарына апта толды. Жалғанда тұздан ауыр дүние жоқ-ау сірә. Тастайын десең, тұз қиын, тастамайын десең, жол қиын. Үлкен-кіші, әйел-

еркек демей жаппай жаяулап азап кешпуде. Етіктерінің қоншына дейін су сіңіп, дымданған ұлтанынан сыз өтті. Денелері қимылдағасын онша сезілмейді. Ауа райының жылымықтығынан пайда, зиян бірдей. Тіzedен жауған қар еріген сайын соқталанып, жағдайға ауырлық үстеуде. Бұрнағы күні кешкісін Ақсуға аялдап екі қонып үстерін кептіріп, күш жинап, тақыл-тұқылданған жол азықтарын қомақтап алған. Епсекті әйелдердің үй аралап жатақтардан тұз беріп, орнына азық-түлік, шылғаулық мата, бірен-саран жылы киімдер айырбастап әкелгені жүргіншілердің әлауқатын бір шама түзеп тастады.

Аты мықтылар кезектесе алға озып соңындағыларға із салады. Үнемі алда жүруге қаншалықты қуатты болғанмен бір ғана аттың қолқасы шыдамайды. Қажырлы аттардың есебінде Маманның қара биесі де өз міндетін келеңсіз атқарып келеді. Үйлерін сағынған балалар бара жатқандағыдан әлде қайда самарқау. Беталбаты қылжақ күлкінің нышаны байқалмайды. Жүре сөйлескендерінің рабайы да біртоға көліктерінің жай-жапсарының төңірегінен аспайды.

Жарқайынға жақындағанда ойпаңнан қарсаңға иек артар тұста Рахияның биесі арбасын сүйреуге әлі жетпей арындап қалды. Қамшыны бір-екі сілтегесін тіптен қиястанып төрт тағандап мінез шығарды. Артқа шегіншектеп оң жақ жетегіне сыңар жамбастай жығыла жантайды. Одан әрі ерегістіріп жөнсіз төпелеу ағаттық. Құрсағындағы құлыны көлденең түскен ерте буаз жануардың жатырына зақым келуі мүмкін. Бұл кезде қыратқа көтеріліп көлігінің едәуір солығын басқан Маман арттағы серіктеріне қарайлап тұрған. Рахияның дағдарысын көрісімен шыдамай, жалма-жан қара биенің тамақ бауын босатып, доғаруға кірісті. Дереу жетектен шығарып, тізгінді шоктығына қайырып, қарғып мінді де,

шумақталған божысын тақымына қыстырған күйі тебініп-тебініп жіберіп ылдиға шапты.

Рахияның арбасына жегілген қара бие соңындағы жүкті құдықтан суырғандай соза тартып орнынап ырғыды. Маман әп дегеннен тура өрге сүйреп тыраштандырмай шеңбер сызғандай дөңгеленте орағытып төменге құдилады. Біраз жер жүріңкіреп барып қайта бұрылып алдыңғы сүрлеумен қиялай бастырмалатқан. Қара бие кекілін желкілдетіп екпіндей қарыштайды. Кісі тоқтатпаса кідіретін емес. Рахия ақ жал шабдарын жүгіре жетелеп жаяу ілесті. – Шу, жануар, – дейді Маман делбені сыйпай қағып. Қара биеге онысы қажет пе, жоқ па, әйтеуір солай істеген. Кім біледі жылқы жарықтық та беделін төмендетуге намыстанатын шығар. Танауынан буы бұрқырап өршелене адымдады.

Бұлар қырқаға аяқ басқанда басқалар Қали-қартты қоршалап әңгіме суыртпақтаған.

– «Тоғыз бөлкенің» біреуі арамызда болса жаңағы жерде Рахияның арбасын, шабдар биесімен қоса сүйрер еді ғой, ә, ата, – дейді Сейтен. «Тоғыз бөлке» дегені Сағындық, Сағымбай атты ағайынды екі шал. Тұлғалары еңгезердей алып денелі, иықтарына өгіз теңдесе аумайтын Толағай тектес дәу кісілер. Бұлшық етті білектері бураның санындай буылтық-буылтық. Бір жегенде тоғыз бөлке нанды тауысыпты. Содан жұрт оларды дәріптеп «Тоғыз бөлке» атап кеткен. Жас шамаларына қарамай әлі де қайрат-қуаттарымен дәмелі жігітерге дес берместей тың. «Жыланды үш кескенмен кесірткелік қауметі бар» – емес пе? Күнде солай азықтанып, тоғыз бөлкеден жалмаса не шақ келтіреді деп шошиды жоқтықтың тақпезесін тартқан кейбір әпенділер. Жеуін жер еді-ау, алайда ондай нанның молшылығы қайда. Бәстесумен жасалған қарекеттері ғой баяғы. «Бәстесушінің бар-жоғы да сол ғана екен әйтпесе тағы соншасын «ап» деп жұмырларына сыйғызатын

түрлерін байқатыпты», – деген де қауесет айтылатын ондайда. Тайды толарсағымен қылғытқандардың қасында тоғыз бөлке жүк та болмас. Әлбетте көптің ішінде кім жоқ. Шындығы олар қанша адамның тамағын жапырып отаса да ішіп-жегендеріне орай жұмысты да соншалық опырып тындыратын жандар. Атан өгізді діңкелетердей ауыр-ауыр карағай бөренелерді қос-қостап орманнан иықтарына арта дырылдатып әкеліп үй салғандарына Маманның өзі де куә. Сағындықтың Сантай деген немересі бар. Ол қатарластарына «Мен Тоғыз бөлкенің тұқымымын», – деп мақтанады. Тоғыз бөлке нанды оның кеудесіне пісіріп қойған аталарындай қайдан болсын.

Қали қарт Сейтеннің суыртпағына сәйкес әңгіме сабақтады.

– Сағындық пен Сағымбай аталарың бұрынғының Алпамыс пен Қобыландылары ғой. Арыстандай жастығы өтіп шау тартқандағысының өзі талайды таңдандырады. Дер шағында нарды тізерлеткен алпауыттар ғой олар. Бертіндегісін айтсам: сонау жылы Ұйымшылдың бидайын Мәтенге тасымалдап жүргенде бір көк ат қара жерге табаны сырылған астық толы шананы тарта алмай олай орғып, былай орғып әбден алқынды. Ақыры шамасы жетпегесін мінез шығарып сәлескені сартылдатып тепкілей бастады. Сонда Сағындық пен Сағымбай шананың екі жақтауынан қапсыра қармап «әуп» деп итеріп қалмасы бар ма. Төрт тұяғын қазықтай қадап кесірлене кері шалқақтап сірескен атты қосақабат қопара лықсытып есік пен төрдей жерге бір-ақ ырғытты. Альптардың алапат тегеуірінінен шаңғы тепкендей сырғанаған көк мәстек тізерлей омақасты. Жануардың омырауындағы қара қамыт шекесіне кептелді. Шілиясы осал болғанда бытыр-бытыр үзілер еді. «Күш атасын танымайды», – деген міне сол, – деп сөзін тәмамдады Қали қарт. Жолаушылар топырлап арбаларына қарай тарқасты. Тағы да жол. Жүріс өндімейді. Бүгін тұз

сүйреткендеріне тоғызыншы тәулік. Күтімі келіспегесін жылқы малына өкпе бар ма? Азапты жолдан титықтап жалдары жығылған жануарлардың қабырғалары арса-арса. Суағарлықтары терендеп, жамбас сүйектері шодырайып, ұсқындарынан айрылды. Әсіресе Рахияның шабдар биесінің халі көтеремнің аз-ақ алдында.

Жарқайыңға жеткесін Маман жолбасшының рұқсаты бойынша Рахияны бастап алыстан құдандалы жамағайындарының үйіне апарды. Аужайды парықтаған отағасы ләм деместен қорасының бір бұрышынан орын нұсқады. Сол араға Рахияның арбасын итеріп апарып орналастырған бұлар үстіне Маманның қорабындағы тұзды тасып үйді. Екі биенің қамыт-сайманын сыпырып, шөпке байлады. Ақсақалдардың шешімі қалған арбаларды доғарып тұзымен тиянақтап Мамай ауылына тапсырып кету еді. Маман арбасын тастамады. Ертеңгісін Жарқайыңнан бір шай ішіп, қасына Рахияны отырғызып, жетекке байланған шабдар биені қосарлап айдап кешегі жүргіншілердің ізіне түсті. Жүгі жеңілдегесін қара бие мұздақ жолды күтірлетіп аяғын сергек басады. Құданың қонақжайлығына бұл да дән риза сыңайлы. Тынығып тұрған Маман шаршағанын ұмытқандай.

– Ана сеңсең тонды жамылып ал, бойынды суық шалады.

– Өзің кисеңші.

– Мына жабағы жеңісізім денеме суық дарытпайды.

Оның үстіне кимылдап ат айдаған адам тонұшы ма еді.

– Былғары бөстегімнің өтемесі ме? – деп сыпайы жымыды Рахия.

– Оның бодауы арбаңды қырға шығарғанда бітпеп пе еді?

– Қарындасқа қамқорлық деген ердің міндеті емес пе?!

– Сөз тапқанға дауа жоқ, қалауың білсін, – әзілдері жарасып екеуі қосыла күлісті. Енді ешқайсысы да зерігетін емес. Қара биенің қолқасы аман болса Мамай да мына тұрған жер.

Бас аяғы жиырма жеті күн дегенде Шиелінің қарасыны көрінді-ау, әйтеуір. Өмірінде туған ауылын да, туған анасын да дәл бұлай сағынбаған шығар. Аттардың дені жайдақ мінілген. Мамандікімен қосқанда қорабын тастаған үш арбаға бөлініп отырған шалдар мен әйелдер өз көліктерін парға жеккен. Ауылға асыққан балалар ілгері ентелесіп тепеңдей бастады. Жүдеген аттар жүреген тартты. Құйрықтарын жайқап шоқырақтағандай болады. Оларын Қали қарт жақтырмай:

– Өй, орыс құсап ауылға таянғанда шапқандары несі. Енді қайда қашар дейсіңдер, Аллаға тәубә, жеттік қой, – деп балалардың аптыққан көңілдерін тәк-тәктап тойтарып сабырға шақырады.

– Тұздың өзі түгіл жолы да ауыр екен-ау, жарықтықтың... – дейді үлкендер күрсінісіп.

* * *

Соғыс аяқталды. Жеңістің қуанышына селсоқ қарау мүмкін бе, жұрттың бәрі де шексіз шаттыққа бөленді. Өр азаматтың елге оралғаны өз алдына бір той. Еңіреп қосылып, емірене табыскандарда ес қалмады. Мұндайды қазақ: «Ақ түйенің қарыны жарылды», – дейтін. Шиеліліктер де қанын селдей ағызып мал сойып жатпаса да солай бағалаған. Мүмкін жомарттың қолын жоқтық байлаған да шығар. Алайда әр той өзінше той, өзінше думан. Бәсекесі, ерсісі жоқ ерекше тойлар. Қуанышын бөліскен сайын ұлғайып, ұласып жатқан қанағатшыл елдің қарапайым тойларының ғаламат тойлардан салтанаты кем емес еді. Рахатын, ләззатын айтсаңшы бәрінен де. Арманы орындалып, аңсап күткендері келді ғой талайдың. Күттіріп

қойғандары қаншама? Күткендердің үміті күліп атар таңдарға алақанын жаяды. Күдері үзілгендердің қызығын жалмаған қу соғыс оларды неге бөгеп босатпай жатыр екен? Күткендердің ішінде Маманның отбасы да жолға қарап елегізеді.

Бірге туған ағасы Байдәулет те, Омар ағатайы да есен-аман аяқ-қолдары бүтін үйлеріне келген. Енді баршасының бастары қосылып тосқандары Оспан көкесі. Әкесі Әубәкір Қарағандыдағы еңбек армиясынан бір жолата босап әулетіне қауышқан. Тек қана Оспанның орны ғана үңірейіп тұр. Көрдік, білдік естілмейді. Өлдіге қиюға тағы жүрек дауаламайды. Арагідік шүйіркелескен ортада тұтқындар туралы да әңгіме айтылады. Көлшілік оған да елендеседі. Шамасы оларды ұзақ тергеп, тексеретін көрінеді. Кім жетіскеннен қолға түседі дейсің. Бұлар қалай болған күнде де Оспанның тірі жүргенін тілейді. Баяғысын қайта қопардыма екен деп те дүдемалданады. Ондайлардың талайы ақтығын отан алдында дәлелдеген жоқ па? Оспан отанын да, халқын да сатпағаны кәміл. Жылдан жыл өтсе де одан хабар-оһар болмады.

Мәтен қалашығындағы мектепке барып оқуын жалғастырған Маман биыл аттестат алып шықты. Жұмысқа тыңғылықтылығын, есепке жүйрік, зерек қабілетін білетін колхоз басқармасы мұны шу дегеннен-ақ есепшілікке тағайындады. Қашқақтағанына құлақ та аспады.

— Әйда тарт ешкім іштен оқып туған жоқ, жүре жаттығасың, — деп қолына дала жұмыстарының журналын ұстатты да арқасынан бір қағып қоя жіберді.

* * *

Асқынған дерті шегіне жетіп, анасының ғазиз жанын жалмап тынды. Заманның беті енді-енді түзеліп, тауқыметтен көзі ашылама дегенде өлім жебесі өңменіне

қадалды. Тұрмыстың қымқуыт азабынан ауыруына көңіл бөлуге де мұрсаты болмайтын. Не бары қырық бір жасында фәни жалғанмен қош айтысып, бақиға сапар шекті. Қарғыс атқыр қу соғыстың зобалаң кесапаты айықпас науқасқа шалдықтырған. Айналып-толғанған балаларының қызығын көрсем деп армандайтын. Сол үшін ұйқы-күлкіні ұмытып аяқ суытып отыруға қолы тимейтін. Ұядағы балапандарына дән тасыған аналық – қарлығаштай шарқұрған беймаза жүрегі жазмыштың уысынан сытылып шыға алмай ақтық демін үзді. Анасының қайғылы қазасы Маманға да, үй ішіндегілерге де қатты батты. Кішкене інісі Мереке мен қарындасы Рузия үшеуі құшақтасып отырып көп жылады. Майдандағы талай қасіретті басынан кешірген Байдәулет жас бауырларын уатып, жұбатуға тырысты. Бірақ анадан айрылу оған да оңай соқпады. Өксігін тежей алмай қосыла егілді. Аһ ұрған көкірегінен жалын шарпыған Маман анасын жерлеген күні соғыстың шеңгеліне лекпей бойында сақталып қалған балалық мінездің соңғы асыл маржандарын қарпып алып мәңгілікке құрдымның шыңырауына лақтырып еді.

Анасының жылдық дұғасын өткергеннен кейінгі күндердің бірінде әкесі Әубәкір Маманды қасына жекелеп шақырып маңызды ұсыныс жасады.

– Бибіғайша-шешеңнің о дүниеден қайтып оралмасына көзің әбден жеткен шығар, айналайын! Құдай қосқан қосағымнан айрылу менің де қабырғамды қайыстырды. Қайтеміз..., –ішінен күйіп, ет-жүрегі езіліп біраз үнсіз қалды. Тамағын қырнай жөтеліп, үзілген сөзін қайта құрады. – Қарындасың мен інің болса жас. Жағдайларына жанашырлықпен қарайлайтын, қарындарын ашырмайтын, киімдерін тоздырмайтын адам керек. Адам дегенде әйел затын айтып отырмын. Маған тап бүгін төсек жаңғыртудың реті келіспес. Кейін бұйырғанын көрермін. Құдайға шүкір ержеттің, жасың толмаса бір сәрі. Буының

бекіп, бұғанаң қатты. Сен тұрғанда Байдәулетті мазалап қасыма шақырмайын. Тоқ етері үйленіп мына қара шаңыраққа ие бол. Уақыт емдеп жазбайтын жара жоқ. Әрі қарай Мереке де жетілер, мен де қаусап тұрған жокпын. Ойлан, балам, – деп орнынан түрегеле берді де есіне әлде не сап еткендей, –Айтпақшы осы жұрт сені ана Жұпанын қызын жағалатып жүреді деуші еді. Сол қыз өзі бір естияр бала сияқты. Тегі дәм тартса теріс болмас, – әкесі ойындағысын осылай жеткізіп жайына кетті. Сол ойдың батпаң салмағы Маманға жүктеліп, нақты нәтижелі шешімін күтті. Әке тоқтамы ұзақ толғаныстан туындаған жүз өлшеп бір кескен кемелді кесім. Рахиямен достық қарым-қатынасы былайша жақсы. Үйінде шешесі мен соғыстан мүгедек болып оралған ағасы бар. Қарсылық жасай қойуы екіталай. Жаздай өгіз айдаған қызбен жұмыс бабында жиі ұшырасқандары болмаса, әлі күнге сіз бізден асып тамырын басқан емес. Ішкі сүйіспеншілік сыртқы сыйластықтан сезілетін болса жұрттың да назарына іліккен екен. Жел тимесе шөптің басы неге қимылдасын. Анау жылы Бестөбеге тұзға барып қайтқалы бір-біріне жылы қарайтын. Одан артыққа екеуі де қысылатын. Рахия ...! Рахия..! Несі бар. Үйленсек үйленейік. Маман күбір етті.

Рахия үй шаруасына епсекті пысық екен. Текемет, төсеніштер де, төсек орындар да мұнтаздай тап-таза. Ыдыс-аяқ, қазан-ошақ түгелімен иесін тапқандай. Рузия мен Мерекеге де тым мейірбан. Біреуімен құрбысындай сырласса, екіншісін тетелес інісіндей еркелетеді. Әкесінің де, Маманның да қабақтары жазылып, шаңыраққа күн енгендей шырайланды. Рахияның кіршіксіз пәк сезімінен сусындап, лүпілдеп соққан жүрегінің дүрсілін тындап, от құшағына енуі Маманның жан сарайын жаңаша түрлендірді. Өмірінде бұрын сонды еш сезінбеген ғаламат әсерге бөленді. Әлемнің әміршісі махаббаттың миуалы бағынан бұйырған, мың ұйықтаса түсіне енбеген шәрбатты

бал шырындарды жұтты. Алаулы ақ жалынға оранған жастық жүрегі әлсін-әлсін алқына тулап, шетсіз шексіз ашпақ айдынды көлбей жылжыған ақ бұлттардың үстінде ұшып жүргендей бейне. Бақыт маусымы қандай ғанибет... Дарига-ай, таң қалай тез атады, күн қалай кеш батады сонда. Шынымен уақыт кестесі құбыла қалғаны ма?! Айдан соң туған айдың қалай ауысқанын аңдамай қалғанына таң болған. Бұрын аспандағы күнге де, жұлдызға да, айға да үнемі зер салып өзінше ауа-райына үлкендерше үніліп жорамал жасайтын-ды. Жаңа айдың туғанын байқаса қос алақанын жайып жіберіп атасына ұқсап:

Ай көрдім, аман көрдім,

Жаңа айдан жарылка,

Ескі айдан есірке, Алла! – деп бет сыйпайтын. Қазір сол кереметтің бәрі өзінің үйінде секілді. Баска дүниені тегіс ұмытқандай еді. Тек әскерге шақырту қағазы келген күні ғана тәтті түсін бөгде біреу түртіп оятып, бұзып жібергендей хал кешті. Әскери комиссариаттың белгілеген межелі уақытында жолға қамданды. Бұл кезде Рахияның бойына нәресте бітіп, іші біліне бастаған. Жас жұбайлар үкімет тәртібіне ықтиярымен көнісіп, қауышар сәтке аманат жүктеп, сағыныш белдігін тағынды. Қимай кетті, қимай қалды.

Әскердің мерзімі үш жыл. Әуелі Башқұрт өлкесіне түсіп алғашқы үш айлық даярлықтан өтті. Одан Мәскеу түбіндегі Павшино деген деревняға ауыстырылды. Онда да көп тұрақтатпай кеңес державасының астанасындағы горнизондардың біріне көшірді. Бір жылдың аясында арнайы әскери эзірлік ойындарынан шыңдалып, ысылған сарбаздарды күндердің күнінде қандай мақсатқа жұмсалатындығы айқындалды. Ротаны сапқа тұрғызған командир жауынгерлердің Кореяға аттанатындықтарын хабарлады. Тапсырманың басты шарттарының бірі: қайда

жүргендерін, нендей жағдайда екендіктерін хатқа жазуға тиым етілді. Бұл мемлекеттік құпия екендігі ескертілді. Оған дейін Рахиямен арадағы хат-хабар үзілмегенді. Бір бірін-шын сағынысқан ерлі-зайыптылар бүкпесіз сыр ақтарысатын. Ауылдағы ағайынның бар жаңалығын түгел баяндап жеткізетін Рахия өзіне келген кінәратты да жасырмай жазған болатын. Мезгілсіз түсік тастап, нәрестелері шетінепті. Қайтсін дала жұмыстары оңай ма, белін босатып, бойын жаздыратын қай бір күтім бар. Жүрегі жылап отырса да басу айтып жауап жолдаған. Оған да шүкір. Әйтпегенде түсініспеушілік туындауы сөзсіз еді. Ендігі арадағы үзіліс қаншаға созылары беймағлұм.

Арнайы ұшақ Мәскеудің әскери айлағынан түнделете көтеріліп, шығысты бетке алды. Ешқайда қонбастан қалықтай заулап Корея мемлекетінен бірақ шығарды. Бұл кезеңде кереғарласқан Оңтүстік пен Солтүстік Корея арасында соғыс жүріп жатқан. Маман жауынгер жолдастарымен қатар коменданттық бөлімшенің құрамында сегіз айға жуық қызмет өтеді. Сарбаздарға командирлер тарапынан ештеңе ашық мәлімделмейді. Бар деген жерлеріне барады, тұр деген жеріне тұрады. Алайда әрдайым сақ, сергек жүрмекке тиісті. Жолдастарының екеуі жазатайым оққа ұшты. Кім атты? Неге атты? Жан білмейтін жұмбақ. Ойлай, ойлай бастары дал болады. Әйтеуір есік терезелері тұмшаланып, айнала тікенек сымдармен қоршалған нысандарды күзетеді. Олардың қай мемлекеттің меншігіне жататындығы тағы белгісіз. Тілдері сақау, құлақтары керең болуға дағдыланды. Өйтпесе көздері шұқылары анық. Өздігінен әрекеттену опа таптырмайтын сұғанақтық саналады. Сыры тереңде жасырылған саяси сыбағаны жат жерде жүріп ақтарып қарауға кімнің дәті дауаласын. Жолдастарының оққа ұшуының бір түйіткіл жұмбағы осында жатқан сыңайлы.

Үш жаз, үш қыс уақыттың қанжығасына буылып келмеске кетіп, Маман ауылға оралды. Асыл жары Рахиямен қауышып, туысқандарымен табысты. Бәрін алаңдатқан ортақ сауал мұның ұзақ мерзімге хабарсыз жоғалғаны. Дегенмен өзінің қалай, қайда қызмет атқарғанын тәптіштеп тіс жармады. Өйткені босайтын мезгілі таяғаннан қайта-қайта саяси сұхбаттар өткізіліп, көрген білгенін ұмытуға тиістілігі турасында арнайы қолхаттар жаздырып, заң ережелеріне сәйкес құжаттар толтыртқан. Шиеліде науқандық жұмыстар қарқындап қызған шақ. Басқарма үйіне күніге үш қайыра соғып жанына жай таптыратын емес. Ақыры дегеніне көндіріп, бригадирлікке тағайындады. Маман бас тартып жатпады. Бұл бір мың тоғыз жүз елу екінші жыл еді.

* * *

– Бұл міндетті саған сенім артқан соң мойынына әдейі жүктеп отырмын – деп сөзін бастады «Күншығыс» кеңшарының директоры Әлиасқар Қаржасбаев дағдылы салқын қанды сабырлы қалпынан жазбай. Шиеліде жас басыннан шаруа басқару ісінде өзінді жақсы жағынан таныттың. Соның нәтижесінде сені аудан басшылығы Қызылжардағы агрономдық оқуға жіберіп, осы саладағы білімінді толықтыруыңа ықпал етті. Ұйымшыл колхозында меңгерген мамандығыңды тәжірибе жүзінде сынап, шыңдадың. Біздің ұжымда да аз уақытта көзге түсіп, көңілімізден шықтың. Егістік жұмыстарын айтарлықтай дәрежеде игеріпсің. Соның бәрін сараптап, салмақтап отырмыз. Осы шаруашылықтың ірге тасын қалаған алғашқы басшысы марқұм Аяпбергенев Сыздықтың інісі көрінесің. Қанға дарып, тұқым қуалайтын арда қасиеттерден кенде еместігіңді ескерсек, саған сенбегенде кімге сенеміз. Тепсе темір үзетін, қайратты кезің, аянбай тер төгіп, дамылсыз ізденіп, өсуің ләзім. Ел де, жер де,

заман да сендердікі. Түбім Павлодарлық болсам да жергілікті бұқараны ішін ара танып, кімнің қайдан өрбігенінен хабардармын. Суын ішкен құдығының тарихын сұрап білмеген адам ел басқарып береке таптырмайды. Жаман, жақсы болсақ та сегіз, тоғыз жыл еңбек еттік міне..., – алыстан орағытқан кәнігі басшы тоқ етерін төбеден түсірмей, сыйпай сыдыртып, Маманның тамырын баппен басқан ниетте. Бір жағынан енді мұндай ұзақ желілі әңгіме қайталанбайды, зердене зерлеп тоқып ал дегенді аңғартқандай. Сәл тыныстап, мұның кескініне назарын тіке қадады. Жасамыс тартқан келбетіне каталдық белгісін бекемдеген көздері оқтай өткір еді. Өткір болса да тұла бойынды талғаммен сүзіп, жетене жетіп, өреңнің биік, төменін ақылмен ажырататын сыншы көздер.

– Сен Сәуле ауылына қызметке ауысасың, бұйрығың дайын. Ұжымшардың шаруа жүйесінен гөрі кеңшардікі күрделірек. Бөлімшедегілер жаңаша өзгерістерге толығырақ түсінбей, соның салдарынан біршама мәселелері ақсап тұр. Әсіресе егістік жиын-геріндегі есеп-қисапқа ұқыптылық абзал. Жұмыс күнді таяқшамен түрте салудың күні өтті. Әр жұмысшының еңбек табысын оның атқарған жұмыстарының нәтижесімен бағамдап, мөлшерлеуге көштік. Оны сен білуге тиістісің. Ендігі сұрақ: – Жанұяң Кеңашыда ғой?

– Тап солай Әлиасқар Қаржасбайұлы.

– Сәулеге көшесің бе, қайтесің?

– Кейінірек ойланбасақ, келініңіз жүкті еді. Ауыл арасы қашық емес қой, әзірге барып келіп істей тұрғаным ыңғайлы секілді.

– Ол жағын қабырғамен кеңесіп өзің шешерсің. Біз қашан да жас отауларға қамқорлық жасап, жағдай туғызуға әзірміз. Тек қана жерге қаратпай адал еңбек еткендерінді қалайтындығымызды ұмытпасаңдар болғаны.

Бастықтың қабылдауынан шыққанда дәлізде Сәуле бөлімшесінің меңгерушісі Қаппас Бермағанбетов қарсы жолықты. Жұрт оны «Құржық» деп атайтын. Жасы алпыстар шамасында. Маманның сыйлы сәлемін ақ жарқын қабылдады.

– Қалай агроном жолдас, бастыққа кірдің бе?

– Иә, осы шыққан бетім.

– Сауыт-сайманыңды, қару-жарағыңды асынып, беліңді бекем буынып, Сәуленің сайыпқырандарымен еңбек майданында тізе қосуға дайындал, – деді ме?

– Жобасы бәрін өзіңіз біліп тұрсыз ғой.

– Білмегендеші, –Қаппас масаттанып қуақы жымыды.

– Әнеугіден бері Маманды маған бер деп Әлекеңнің құлақ етін жеп жүрген жоқпын ба?

– Бәсе, бәсе, тоқсан ауыз сөздің түйіні де, түбірі де сізде жатыр екен ғой.

– Шырағым, Мамаужан, әкең Әубәкір менің досым емес пе? Әуекеңнің баласы тұрғанда басқамен не шатағым бар. Тура қазір өзіммен бірге ертіп кетемін. Менің келген шаруамның мақсаты осы саған ғана байланысты. Орайына келген істі орағытып не қылайын.

Қаппастың көлігіне жайғасып Сәулеге жөнелген Маман ой үстінде. Адамдардың мінезі де, қылығы да әр түрлі. Отыз бес жасының өзінде қаншамасымен таңысып, бірде бауыр басып, бірде жиреніп адымдап келеді. «Жортқанда жолың, жолдасың қыдыр болсын», – дейтін батаның аузы дуалы ұлы даналардың өмір тәжірибесінен туындағандығы анық. Жолыңда тілеуі дұрыс жақсылар жолығып отырса қыдыр да, періште де солардың кейпінде емес пе? Жамандық атаулының түгелі қызғанып кеселінен асқынған іштарлықтың дерті. Ілгері ұмтылғанды етектен тартып, аяқтан шалуға итермелейтін де соның салдары. Есіне Шиелідегі басқарманың қылығы түскенде мырс етті. Ауданнан жолданған жолдама хатты қалтасына несіне

жасырып жүрді екен. Бухгалтер Мұстафин Мұндықтың аузынан естіп білмегенде ғой, әлі салпаңдап жүре берер ме еді. Әй, бірақ аудандағылар да ерте ме, кеш пе әйтеуір бір қайырылып соғып, мұрындық болған мәселесін аяқсыратпас еді. Кадр жүйесін толықтырып, жетілдіру күн тәртібіндегі үрдіске айналған заман талабы. Оның үстіне аудандық атқару комитетіндегі ауылдасы Жүнісов Қабдөштің айтуымен жазып қалдырған арызы да жағты. Алдында егінжайларды аралап қайтқан аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Абайділдинов жолдастың көзбе көз, сөзбе сөз ұсынысы тағы бар. Ауданның бірінші басшысының сөзі құмға құйған су емес қой. Құлағын құлық бітемесе колхоз басқармасы қатарында тұрып тыңдаған. Сонда қалай қимағаны ма? Немесе дала жұмыстарына нұқсан келуінен сақтанғаны ма? Құдайға шүкір орнында қалған Мырзағали танаптағы шаруаны саусақтың ұшындағы тақиядай дөңгелетті. Мұнын қол үзгенінен Шиелінің ширегі кеміп, мұрты қисайды ма?!

Мұндықтың сездіргенін жанашырлыққа саяды. Қарашаның басы еді. Малшылар қосына жолай соғып ауданға тартты. Мән-жайды ұққан ауылдасы Қабдөш тура аудан басшысының қабылдауына кіргізді.

– Мәссаған, онысы несі екен. Сонда ол кісі маңайына өңшең білімсіздерді топтастырғанда не ұтпақшы? – деп Шиелінің басқармасының шолақ ойлылығына шамданған Абайділдинов: «Қазір оған өз қолыммен хат жазып беремін. Сені бір күн де ұстап тұра алмайды. Жолың болсын, айналайын, жақсы оқы. Бізге қоғамымызды гүлдендіретін білікті мамандар ауадай қажет» – аудан басшысы арқасынан қағып шығарып салды.

Оқуға жүретінін естігесін әкесі кебжедегі төрт-бес қаптай бидайды Мәтеннің диірменіне үккізіп, ұнын сатып, қалтасына қаражат әзірледі. Рахия зыр жүгіріп киім-кешектерін қол сандыққа қунақтап, босағаға сүйеді.

Жүруге ыңғайланганда тұнғыш қызы Зәуре еңбектеп келіп қолын созды. Маман балауса бүлдіршінді емірене көтеріп, құшырлана иіскеп, құмарлана сүйді. Әдеттегіден тыс әлде бір бейтаныс сезім бойын шымырлатып өткенде бейқам жүрегі аттай тулап аласұрды. Бұл күнделікті жүріс-тұрыста аса байқала қоймаған, бірақ табиғи болмысында әлдеқашан берік ұялаған әкелік мейірімнің оянуы еді. Періште сәби мұның ішкі құбылысын қайдан ұқсын, кішкене алақандарымен бетін аймалап, өзіндік тілінде былдырлап сөйлеп, одан бетер жүрегін алқындыра түсті. Осалдығын сездіруден қысылған ол: «Кел, қане сені де құшақтайын», – жұбайына қарап жымиып, құшағына шақырды.

– Қойшы ерікпей біреу-міреу көріп қалса ұяттағы. Қайтеді-ей, орыстар құсап!

Енді қалалы жерге барғасын біраз нәрсені үйренетін шығарсың. Тек ауылдағынды ұмытпағайсың! Онысы жай ғана еркелік назы. Реңі қызғаныптан құлан таза.

– Қызылжарға барып оқуға түсіп, орныққасын келіп өзіңді алып кетемін, бірге тұрамыз.

– Аяғыңа аққұла оралғы болармын, – бұл сөзді айтуын айтса да Рахияның жүзінде шырай жүгірді. – Онда қайда тұрамыз?

– Қала емес пе, пәтер жалдаймыз. Барып оқып қайтқан үйлі барандылардың көбі солай істепті.

– Дегеніңе құлдық, төрем, етегіңнен ұстаған екем қайда бастасаң да ере беремін де.

Бәрі де ойдағыдай болып, Рахия да Қызылжар қаласында Маманмен оқу мерзімі аяқталғанша бірге жайлады. Әкесі Әубәкір төсек жаңғыртқан. Онысы жастардың дербес тұрмыстарына үлкен жеңілдік туғызды. Өгей пешелері жақсы ортадан шыққан ибалы инабатты жан. Тең теңімен, тон жеңімен дегендей әркім өз замандасымен жарастық құрғанға не жетсін.

Үш жыл алты айда салалы мамандықтың сан қырлы сырларынан сабақ алып оралған санаулы күндерден кейін аудан басшысы қабылдауына шақыртты.

– Ең әуелі, Әубәкіров жолдас, нағыз біздің адамдарымыздың құрамына кіруіңмен құттықтаймын. Қайраулы қылыштай қайтпас шағында қайратыңа лайық қызмет беріп, сынап байқайтын сәт енді келді. Мына Ұйымшыл ауылы өзіңе таныс, жандарың аралас, малдарың қоралас дегендей. Сол жерге арнайы жіберуге басшысынан бастап қосшысына дейін топтап тізімдеп жатырмыз. Белінді буып, білегінді түресің де агроном ретінде сонда аттанасың – деп бірінші хатшы жақында тағайындалған Ұйымшылдың жаңа төрағасы Мұқашев Шәріпке жолығуға жұмсады. Құшақ жая қарсы алған Мұқашев өз құрамасының сапындағы партия ұйымының жетекшісі Шахметов Өсербай, бас есепші Жахин Салыкпен таныстырды. Бұған дейін аталған шаруашылықта Омарова Шәмшібәну-төраға, Тәшімова Қадипа партия ұйымының жетекшісі қызметінде екен. Екі әйелдің арасынан дау тұтанып, бір кеңсенің ішіне сиыспай, бірінің үстінен бірі арыз бұрқыратып біресе ауданды, біресе облысты топалаң тигендей мазасыздандырады. Өрескел оқиға асқына Алматыға да жеткен. Ақыры шайпау тілдерімен, шапшыма мінездерімен елді ала тайдай дүрліктірген екі долыдан құтылуды көздеген жоғарғы басшылық кеңсе қызметіндегілерді түп тұқиянымен қызметтен босатуға мәжбүр болады. Басшылық тізгінін қолына ұстаған Шәріптің бисмилла сөзі араларындағы ауыз біршілікті арттырып, ер азаматқа лайық тізе қоса, иық түйістіре еңбек ету. Қарамағындағылардың қалауы да осы пікірді қуаттап, мүдделестікке ой қосты. Сөйтіп ортақ жүкті жұмыла көтеріп, жігіттік үлгісін танытуға өз ара уағада байласқан белсенділер Ұйымшылдықтармен қоян-қолтық араласып

та кеткен. Екі әйелдің қырғи-қабақ бет жыртысқан дүрдараздығынан дәріпті атауына кереғар сызат түскен іргелі қоныстың күстәна тұрғындары намысқа тырысты. Серкесі бастаса серіктестікке үйлесерлік өнегелі өрендер бар еді мұнда да. Алғашқы күндерден-ақ еңбек көрсеткіштері еселеніп, елеулі деңгейге көтерілді. Маман іргелес ауылдың өз адамындай үлкенімен де, кішісімен де етене жақындасып, бірлесе қимыл жасады. Агрономға қатысты дала жұмыстарында тәжірибе жинақтап, кәсіби машықтануына диқан механизаторлар көп жылдық түйсіктемелерімен бөлісті. Соның арқасында бір қыдыру шаруаның оңтайы табылды. Әрине ел болған соң жақсысына жаманы, еңбекқорына жалқауы, момынына қырсық, қыршаңқысы қосарласып жататын әдеті. Түрлі-түрлі оқиғалар да көптің ішіндегі тұнбадан туындайды.

Бірде таңертенгілік мәміле жиынға бас қосқанда парторг Өсербай әдеттегіден тыс кешігіп, жаяулап жеткен.

– Осымен үшінші мәрте қайтalandы. Мінетін атымды тұсасам-ақ ана Кәрім деген сиыршы шал мінеді де жөнеледі. Нендей шара қолдансақ болар екен, – деп сылқ етіп отыра кетті. Шәріп басқарма кінәлі шалды шақыртып кісі жұмсады. Одан әрі ағымдағы өзекті мәселелер қозғалып, белсенділердің әрқайсысы өз саласының жай-жапсарына ойысқан. Қашан күндік жоспар айқындалып, басты мамандарға тиісті тапсырмалар беріліп, жиын тарқағанша бастықтың бөлмесіне бөгде ешкім бас сұқпайтын. Жеке сұрақтар кейіннен қаралатын. Қалыптасқан тәртіпке құлақ аспаған әлдекімнің оспадар қаңқуы ауызғы бөлмені дүрліктіріп, іштегілерге естілді. Іле есік ашылып, әй-шайда ісі жоқ бұтындағы ақ дамбалының бауы тізесіне шұбатылаған шәлкес шал алқын-жұлқын босағадан аттады. Бұл парторгты шырылдатып жүрген Оразбаев Кәрім еді.

– Мені неге іздедіңдер, уақытым жоқ, сиырым ұзап кетеді. Ерігіп жүр деймісіндер осы жасқа келгенде, – езуінен сілекейі шұбырып, құтырынған бурадай қалшылдайды. Ерініндегі насыбайды жанада сыпырып тастағаны аңғарылады. Аузын да сүртпеген-ау жарықтық.

– Асықсаңыз сәлемге де қайырылмассыз, үлкеннен өнеге үйренеміз бе десек үстімізге баса көктеп әңгіртаяқ ойнатпақшымысыз? Ақсақал, біз де осы елге, мына сіздерге қызмет жасағалы келген адамдармыз. Тақымыңызға ат жақпағандай жұмыс көлігімізді неге сұраусыз мінесіз. Атыңыз жарамаса осында жылқы бар емес пе, ауыстырып бірін мінсеңіз қолыңызды кім қағады. Сақалыңыз омырауыңызды жапқанына қарамастан қиянқылтық жасап ісімізге нұқсан келтірдіңіз, – деп басқарма әдептен алшақтамай, салмақты уәж айтты.

– Е, дардай басыңмен соны да сөз деп. Басқа бірдеңе болған шығар десем. Қарағым, ныспың кім еді?

– Шәріп.

– Жә, Шәріп шырағым, саған дейін осы жерде он жеті басқарма ауысқан. Мына сен көзім көрген он сегізінші басқармасын. Бәрі де қамшысын қоншына қыстырып, жүтендерін ышқырына байлап қоштасқан. Аттар осында қалған. Дауыңның төркінін қазбалатсаң ұтыласың. Екеуіміз еркек басымызбен қатынның тақымынан босаған қара атқа таласқанымыз қалай? Алжыған маған жарасса да, саған жараспас. Жігіт тұлпар таңдаса озады. Мәрттігің мәстектен артылмаса мырзалығың қайсы? – сөз басқарманың сүйегінен өткендей. Тосылғандығын мойындап: «болды, болды, сізге дауа жоқ екен, міне беріңіз», – деп қолын сермей берді. Шал шақшасын суырып, насыбайды алақанына толтыра ерініне лақтырды. Ернін томпайтқан күйі айналасындағыларға манғаз қарап алды да табалдырықтан әрі аттады. Ақ дамбалының ауы салбырап бара жатқан дөңайбат тұрпаты тым тәкаппар. Жасында

тіптен тентек болған-ау. Бөлмеде аз-кем үнсіздік орнады. Бір уақытта Шәріп қарқылдап күліп жіберді. Барлығы ду қосылды.

– Өзіме де осы керек. Ха-ха-ха, қатырды-ау мына кәрің... – күлкісіне шашалып сөзін бөліп-бөліп әзер айтты. – Жүре берсін тимендер. Әй, Өсербай, енді өзің кеткенше мінетін атыңды жылқыдан таңдап ал, тағы күлді. Өсербай біресе бозарып, біресе қызарақтап басын изеді.

Ұйымшыл колхозының Шәріп Мұқашев басқарғаннан кейінгі ғұмыры небары үш жылдан аспады. Жоғарғы жақтың төтенше шешіміне сәйкес таратылып, ірілендірілген Ленин колхозының қол астына барып кірді. Жұмыссыз қалған әріптестерімен кеңсесінің іс-қағаздарын тапсыру үстінде Шәріп мырс етіп езу тартты.

– Неге күлдіңіз – деп сұрады байқап қойған Маман.

– Анадағы Кәрім шалдың аузы дуалы екен. Қамшы, жүгенімізді ұстап қалдық міне, өңінде мұңаю сезілді. Бұлар Ұйымшылмен қоштасып, ауылдан шыққанда сонадайда белсенділерден белі босаған мінгі аттар жайбарақат жайылып жүрді.

* * *

Маман ойын қайырып, бойын жинағанда Қаппас әлде нелерді әңгімелеп келе жатты. Япырмай, мына кісіден ұяттау болды-ау. Не айтып, не қойды екен?! Манадан саңырау адамдай байланыссыз қалғанына қысылды.

– Осы сендер қай туғансыңдар? Керейге жатамысыңдар, әлде атығай-қарауылмысыңдар?

– Қақсалмыз, ағай.

– Е, бұл жақта қайдан жүрген қақсалсыңдар?

– Аталарымыз сонау ақтабан-шұбырындыдағы жаугершілікте Баянауыл жақтан келіпті дейтін атам марқұм. Арғы жағын қазбалап зерттеген емен.

– Бір қызығы мен соны қанша жолыққанда Әубәкірден сұрамаппын да. Қажет те болған жоқ-ау шамасы. «Өзі ұнаған жігіттің атасын сұрап нетесің», – демейтін бе бұрынғылар. Дегенмен жеті атасын білген жақсы ғой. Жарайды қақсал болсаң, қақсал бол, ол да кигіз туырлықты қазақтың бір баласы, – дей салды өз сауалы өзіне ерсілеу көрінген Қаппас. Жас агроном өздігінен жағын ашпағасын кексе басқарма қайтадан сауалнама жүргізді.

– Үй ішінді не істейміз?

– Өзірге Кеңашыдан қозғалмайтын шығармыз, келініңіз босанғанша қолайы келмейтін сияқты.

– Ә, солай ма еді. Қазір неше баланың әкесісің?

– Үкілегеніміз үшеу. Шүкір десек төртеу болар. Ықыластана миығынан жылы жымыып Қаппастың жасамыс тартқан дидарына қарады.

– Әмин, әмин, тілеуіңе жет. Бастарың жас, келін келіссе оннан асырмай тоқтамаңдар. Заман құдайға тәубә жылдан жылға түзеліп келеді. Үкімет бар жағдайды жасап жатыр, керек десең өзі тәрбиелеп, асырап беруге де дайын.

– Он екі мүшеміз сау тұрғанда үкіметке бала бақтырып қоймаспыз.

– Шежіреге тіркегенің нешеу?

– Біреуін қостым. Екеуі қырық жетіден тоқсан төрт, – Үлкеннің иіріміне орай бұл да жауабын жұмбақтай қайырды.

– Пах шіркін! Өзің тіпті байсың ғой, – Қаппас қарқыдай күлді.

– Тек, өйдемеңіз кәмпескеге легіп кетермін, – Мамаң да ағаның күлкісіне дем бере жарасты.

– Сонша байлықты қорықпай жалғыз келінге күзеттіріп, өзің түзде жортып жүрген көкжал екенсің онда.

– Тұңғышымыз Зәуре Шиеліде әкейдің үйінде.

– Атасының қолын ұзартып, көңілін аулаған екенсің, жарады. Жұмыс, жұмыс деп әшейін көп нәрсені қағыс қалдырамыз энекей. Сенімен қанша жиі кездессек те бір сұрасамшы. Мұрнымыздан су кетіп жүріп мұршамыз бола ма соған. Сәуледе біздің шаңырақты өз үйім деп біл, шырағым. Үнемі далада жел соғып, күн қақтап, сылпылдай беруге темір де тозады. Бір мезгіл үйге түсіп, бел суытып, көз шырымын қандырып алсаң құр атқа мінгендей тынығасың. Дамылдаған адамның ойы сергек, бойы ширақ жұмысы өнімді болады. Ал, түс әлетінде ыстық тамақ ішпесең еңбекке зауқың соқпайды. Мен өз тәжірибемнен айтамын.

Биыл бір мың тоғыз жүз алпыс үшінші жыл. Маусым айы. Дала әлі жап-жасыл, боздана қойған жоқ. Жаздың аптап ыстығы мидан өтпегенмен маңдайды қыздырады. Аспан ашық, шөкімдей бұлт көзге шалынбайды. Шөп науқаны жаңада ғана басталған. Кербез өңірдің сағымға шомылған гүлзар жазирасы, дәрумен иісін аңқыта бұрқыратып танауды қытықтайды. Сәуле ауылының ақ шатырлары алыстан бұлдырап, толқып тұр.

* * *

Сәуленің біраз адамдары жүгері алқабында қызу қарбалас үстінде. Көбі мектеп оқушылары.

– Әй, жүгермек, секектеп секіре бермей ана арам шөбінді жүл.

– Ол менің шөбім емес қой, тәте, даланың шөбі.

– Сенікі деген кім бар саған. Ана жүгерінің түбін тазала деймін.

– Бір тұтам шөп жүгеріні жеп қояр деп пе едіңіз соншама.

– Қайдағы бір тұтам. Айғырдай, айғырдай тіпті.

– Мына шөп айғырдай болса, онда жүгері пілдей болғаны да, тырбиып, тырбиып. Хи-хи-хи! Үкімет те

қызық, жүгері егіп әуреленгенше арам шөп екпей ме оданда.

– Қап, сені ме, сені «зәргентай» кімге тартқансың осынша жағың талмай судырап. Бойың бір қарыс, тілің екі құлаш. Таңдайың тақылдап ауызың жабылмайды. Қазір ана мұғаліміңе шағым жасаймын.

Мұғалімі мұрты жаңада тебіндеген бозбала жігіт. Құлағы шалдыма немене бұларға таман аяңдады.

– Сен тағы да тентектік көрсетіп жатырсың ба?

– О, не дегеніңіз мұғалім-ағай, шамам жеткенінше аянып жатқаным жоқ.

– Жақсылап түптендер. Жүгеріміз былтырғыдай өспей қалса биыл тағы өлеңге легеміз. Қабиден ағайларың былтыр өз қарсыласына осы жүгерінің қырсығынан жауап таппай, жерге қарап келген жоқ па Көкшетаудан. Сәуле ауылының намысы үшін, қала берді мектебіміздің абыройы үшін ақын ағайларыңды биыл мақтанышпен жырлайтындай табысқа жетуге тырысайық. Ақынды арқаландырмаса тілі пешілмейді. Ол елге, елдің жетістігіне арқа сүйейді. Шабыт та сонда шалқиды. Әйтпесе ағайларың бізбен жерлес екендігіне ұялып, біздің мектепте сендерге сабақ бергеніне қатты өкінер.

– Біржан атамыз Сара ақынды жеңген жылдары еліміздің жүгері екпегені қандай дұрыс болған, ағай..

– Ту, саған сөз өтпейді екен, босқа сайрамай шөпті жұп! – деп мүдіргеніне шарасызданған мұғалім теріс айналып, жылдам адымдап жөніне жылыстады.

Жас ұстаздың ақын ағайларың дегені Сәуле аулынан шыққан айтулы ақын Қабиден Жаудин еді. Облыстық айтыстарда Көкен Шәкеев, Мұса Асайыновтар қатысқан жыр додаларында өзіндік орны бар, Еңбекшілдер ауданының жалау желбіретер жыршысы. Жүгеріден жүйкесі тозып жүргендердің бірі сол кісі. Былтырдан бері құлшына қолға алған жүгері егуден сәулеліктер абырой

таппай, жүректері шайлықты. Биыл да сепкен дән, төккен тер зая кетпес үшін арқа еттері арша болып жанталасуда. Былайынша бәрі де дұрыс секілді. Білгіштер бар кінәратты арам шөптен көріп, бой көтертпеуге күш біріктірді. Жүгері алқабының күтімі боразда бораздамен өлшеніп мектепке, үйді үйге бөлініп, бекітілді. Алайда оң нәтиже байқалмайды. Сабақтары шөлдің өсімдіктеріндей тырбиып, тырбиып баяғы сұқпытын қайталады. Ендеше Қабиден ақынның да құлағы шулы. Мұғалімнің сөзінен кейін әлгі бала шұқшандап арам шөпті тамырымен суырып лақтыра бастады. Осы кезде ауыл жақтан салт атқа мінген орта бойлы жігіт ағасы танаптың шетіне желе шоқытып жеткен болатын. Бұл бригадир Шабдан Темірғалиев еді. Тұс-тұстан шұбырған ересектер соның айналасына топтасты.

– Қалай жігіттер, балалар шаршаған жоқ па? Бетін қайтарып, тұқымын құрттыңдар ма арам шөптің?

– Құрысын бүйтіп итпектеп, тонқаңдап тайлы-тұяғымызбен шұбырып жүгері еккеніміз. Кім ойлап тапқан ата-бабамыз көрмеген қайдағы жайдағы бәлені. Одан да қол шалғымен шөп шаппаймыз ба тізіліп. Әбден зықымыз шықты. Аты жаман арам шөпті жұлған сайын бой бермей қаулайды.

– Саспандар, «әр кеселге бір дауа», – оның да иесі келеді бүгін, ертең, – деді Шабдан. Тосын хабарға жүгерішілер елең етісті.

– Рас па, қайдан?

– Алматыдан ба? Мәскеуден бе?

– Кәдімгі өзіміздің Востошныйдан.

– Орталықтан ба?

– Қазақ па, орыс па?

– Шүршіт болса да, осы түбің түскірдің тілін түсінетін біреу келсе еді.

– Оның да бізге қосылып ап: «Міне былай жұлыңдар», – деп тоңқаңдап жүрмесе не қылсын, – Қушыкештеу қара торы жігіт еңкейіп тұра қап жердің шаңын бұрқыратып ала жөнелгенде барлығы қыран-топан күлкіге кенелді.

– Әй, қояқ қой, сенің андағы көрсеткенің адамнан гөрі маймылға ұқсайды.

– Бұра сөйлеген күлкіге жақсы, келемеж қылмаңдар. Ол жігіттің есімі Маман. Аты да, заты да маман, – Шабдан ауылдастарының солақай ала тартпа қылжақ сөздерін су сепкендей тойтарып, байсалды қалыпқа ойыстырды.

– Әубәкіровті айтасыз ба?

– Е, Мамау десейші. Білеміз, білеміз, неге білмейік, жас күнінде Құдықағашта оқыған. Шиелінің тумасы.

– Ол бір жібі тұзу, іскер жігіт. Кеңашыда неше түрліні еккен.

– Иә, иә, көргенбіз. Сарымсақ, қызылша, бұршақ секілді тағы бірдеңелерді шығарып жүретін.

– Бұрнағы жылдары сарымсағын бізге де әкеліп таратқан жоқ па еді.

– Кеңашының орналасқан жерінде тұщы су бар ма? Көкөніс тұзды суға өсе ме екен?

– Бірнеше үлкен бөшкелерге суды тасымалдап толтырып, пәлен кісі қолмен күтіп, суарып жататын.

– Сонда кәдімгі Кеңашының адамдары ма?

– Енді немене Әмірікәдан арнайы кісі шақыртты деп пе едің.

– Жай әшейін айтқанымда. Қазақ баласы көкөніс отырғызғанын естімеппін. Шамасы орыс, немістер ме дегенім ғой баяғы.

– Немене алла тағала көкөніс-жемістерді тек орыс-немістің маңдайларына мөрлеп басып жаратты деп пе ең? Үйретсе адам игермейтін кәсіп бар ма жалғанда? Сонау

оңтүстіктің қазақтары ежелден бақша шаруашылығымен айналысады.

– Соларынды да егіп, бағыш, жинау оңай емес шығар. Мамау орталыққа ауысқасын ешкім керек етпеді ғой.

– Артық жұмысқа арты қозғалып, арқасын терлетуге кім әуес дейсің?

– Мәнін білетін малымызды қайырып, жайымызға жүрейік деген болар.

– Орталық кеңседегілердің өкімінсіз бастаған істі өз бетімен аяқсыз қалдыру ешбір қарапайым жұмысшының қолынан келмес. Тегінде бастық құптамаған-ау. Пайдаға кенелсе сөйте ме?

– Жігерімізді құм етпей жүгеріден де солай құтылсақ екен.

– Хрущев орнынан кетпегенде осы сөзіңе бола сотталатын едің. Жүгерінің нанын жегенінді ұмытқанбысың. «Коммунизмнің нанына» тіл тигізбе!

– Астапыралла, астапыралла! Жағыңа жылан жұмыртқаласын.

Сөзге төтеден Шабдан араласып, жерлестерінің шаруашылыққа қатысты желбуаз дүдемал сұрақтарына дәйекті жауап айтты.

– Біз сарымсақ дейміз. Онымыз шешнөктің атауы көрінеді. Дұрысы пияз екен. Сол пиязды сақтарлық орын кеңшарда жоқ. Ал, қызылша сиыр малының қондануына да, сүт мөлшерін арттыруға да ерекше құнарлы азық ретінде мал шаруашылығын зерттеуші ғалымдардың назарына іліккен көкеністің түрі. Өкінішке қарай оны ұсақтап турап қажетке жарататын қондырғы енді ғана әкелініп орнатылғалы жатыр. Әйтпесе томардай-томардай қызылшаны балталап шауып, пышақтап кесіп, мыңдаған малға қашан үлгересің.

– Бұрынғылардың Ақырзаманда сиыр пұл боладысының кебі келді міне. Ата-бабамыз көрмегенді,

аузымызға тимегенді қара малдың өңешінен қалай өткізіп, ұлтабарына қалай жеткіземіз деп ертелі-кеш пұшайманбыз.

Іліп-шалма ұзақ сонар пікір жарыстырған сөз жәрмеңкесі бір мезетке сап тиылып, бригадирді қаумалаған жүгерішілер тегіс елендесіп ауыл жақ беттен өздеріне бағыт ұстап, қатарласа қозғалған қос аттыға назар тігісті. Жүрістері ауыспалы аяң-желіске ұқсайды. Бұл үлкен адамдардың жүрісі екендігіне ешкім шүбәланбады. Шабдан масалап мазасын алған атын судың бөшкесі тиелген арбаның ағаш қалдайына апарып лектірді де қайта оралып топқа қосылды.

– Қамшылар жағындағысы біздің бәсекең. Астындағы ат сонікі. Екіншінің тақымындағы ат та біздікі, бірақ үстіндегісінің ерге отырысы бөтен. Анық бажайлай алмай тұрғаным. Мұны айтқан ұзын сары қалпағын көлегейлеп үңіле түсті. Бәрі қарауыл қарағандай кейіпте.

– Дәуде болса әлгі айтқан агроном шығар.

– Әрине ол – Маман болуға тиіс. Қапакең таңертемен әдейілеп сол үшін орталыққа кеткен. Келген ғой, – деді бірден топшылаған Шабдан-бригадир жағдайға біршама қанықтығын танытып.

– Біздің Құржық-ағамыз да нағыз беймаза жан-ау, жаңа келген агрономды бейне зікір салдыратын бақсыдай етегін жерге тигізбей дедектетіп әкеле жатыр.

– Асықтырмағанда ше, ертең-ақ апшыны шыжғырып аптап ыстық басталады. Былтыр аузы күйген Құржықтың ауыруының арапшысы да, уайымының шаншуы да осы жүгері.

Салт аттылар танаптың жиегін жағалай айналып тура жұмыскерлердің қасына жеткенде дізгін тежесті. Жапатармағай жамыраса қолдарын ұсынған ауылдастарының сәлеміне көңілі толған басқарма амандық саулықтан соң Маманды таныстырды.

– Білеміз, білеміз өзіміздің жігіт қой – десті көпшілік қуаттай қолпаштап.

– Таныс, білістік тегі дұрыс, бірігіп жұмыс істеуімізге қолайлы. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Тізе қоса, иық түйістіре құлшына қимылдасақ алынбас қамал, бағынбас асу бар ма? Баяғыдай келте пішіп, қара дүрсін ноқай домбалдай салатын заман аулақта қалды. Білекті бірді, білікті мыңды жығатын жаңашыл дәуірге қадам бастық. Мына Мамауға қолқа салуымның түп негізі осында жатыр, жарандарым, – топтағылар басқарма сөзін түгелдей мақұлдап, бастарын шұлғысты.

Маман жүгері алқабын жаяу кезіп, саспай барлады. Саусағының ұшын сүңгітіп жердің ылғалдылығын тексерді. Әр тұстан жүгері сабақтарын тамырымен суырып алып, өзегін жарып қарады. Ұяшықтардың арасын өлшеп, дақыл себу тәртібінің сақталмағандығын анықтады. Жаман аты арамшөп делінгенімен бұлар да әр текті өсімдік. Сондықтан әрқайсысының табиғи көбейіне байланысты өзіндік ғылыми негіздері мен тәжірибелік тұжырымдары бар. Жаңылыс қорытынды жасап, атүстілі асығыс шешім шығару қателікке ұрындырады. Қаппас пен Шабдан әріптестерін сонадайдан сырттай бақылап кедергі келтірмеді. Жаңа агроном олардың көзіне мына даланың дәмкәс кеудесіне құлағын төсеп, алақанымен сыйпап, дәру ойластырған шипагердей елестеді.

Үзеңгі қағыстыра желе жортқан үш салт атты жүгерішілерден аттанғалы егінжайларды кідіріссіз аралай шолып ауылға бет бұрғанда ымырт үйірілді. Ертең болмаса бүгін Кеңаңыға қайтуға күн кешкіріп кетті. Бүгін ат аяғы жетпей қалған аумақтың өзге бөлігіндегі біраз егінді келесі тәулікте өз көзімен көрсем дейді. Сондықтан ұйқысын қандырып таң ата қозғалғаны жөн. Үйге де соғып үлгеру үшін басқарманың машинасын қаламақшы. Бетін

қайтармас. Қаппастың өзі машинадан да атпен жүргенді ұнатады екен.

Маманның Сәулеге ауысқандығына Рахия бейхабар. Орталық кеңседен ешқайда бұлтармастан алып ұшқан Қаппастың «жүр, жүріне» ілесіп кете барды емес пе? Енді мұның жолына елегізіп түнімен көз ілдірмей тынышсызданатыны анық. Қасына Елеукені әкеліп берсем бе деп ойлады. Ер баланың аты ер бала әжептәуір серік болады. Ол да он үшке толып қалыпты-ау. Жиен ғой. Алайда туған баласындай жақын тұтады. Оның шешесі Рузия мұның құрсақтас қарындасы. Әуелгі ұзатылған жұрты жайсыздау болып, тұрмыс құруы сәтсіздікке ұшырады. Рузия осы Елеукеге босанғасын ауруханада ұзақ жатып қалады. Күйеуі де, күйеуінің туысқандары да: «дүниеге нәресте келді-ау, ол біздің қанымыз ғой, келіміз не хәл кешіп жатыр», – деп қаперлеріне ілмейді. Байғұс қарындасының нәзік жүрегі жалғызсырап, қан жылаған, көңіліне кірбің ұялаған сол бір шақтарда Маман әскер қатарында жүрген. Құдалар жағының немқұрайлы бейәдеп қайырымсыз қатыгездігі Аяпберген әулетін шымбайына пышақ қадағандай шамдандырады. Іштері қазандай қайнап, көкіректеріне шер байланады. Намысқа қызған Байдәулетті үлкендер сабырға шақырып, сабасына түсіреді. Ақыры шыдамы сарқылған Рахия атасының рұқсатымен ат жегіп барып қайын сіңлісін құндақтағы сәбиімен Шиеліге алып қайтады. Сол күннен бастап Рузияға қолқабыс жасап, жөргектегі бейкүнә нәрестені бірлесіп күтіседі. Іші өртеніп, жаралы аққудай жаны жәбірленген жас анаға таяныш, сүйенішке айналып, сіңдісіндей қарақтайды. Шынайы пейілмен, шырайлы қабақпен өзегіне нұр себелеп өмірден түңіліп, жүнжіп кетуіне жол бермейді. Аяпберген ақсақал еленбей қалған шөбере жиеніне Елеусіз деп азан шақыртыш ат қояды. Енді сол Елеусіз де биыл отау иесі он үшке аяқ басғы.

Айналасындағылар Елеуке деп еркелетеді. Тумай жатып тағдыры тәлкекке душар болып, елеусіз қалғанын әлі білмейді. Өйткені ескерусіз қалған жоқ. Рузия көп отырмай басқа бір азаматпен тұз-дәмі жарасып етегінен ұстады. Қылығы тәтті Елеукені нағашылары бауырына басқан. Жас күнінен Рахияны туған шешесі санап, Маманды әке деп атайды.

– Әуекең әңгімеге қара шалдырмайтын шешен еді, сенің бойыңа жұкпаған-ау тегі, тұйық көрінесің. Әлде бізді жатырқаған сыңайың ба?

– Жо-жоқ, Қапеке, ағат ойлап айыпқа бұйырмаңыз. Маман тұткиыл сұрақтан ыңғайсыздана қысылды.

– Қазақтың жол қысқартайық, ағаш қазан қайнатайық дейтіні қайда. Ең құрымағанда манадан көргеніңнен көңіліңе түйгенінді бөліспеймісің. Шабдан екеуміздің тағатымыз таусылды.

– Иә, иә, Қапекеннің шыштуайтқа шырға тартуы әбден орынды. Бәріміздің илейтініміз бір терінің пұшпағы ғой баяғы. Үстіміздегі маусымның әр күні, әр сағатына шейін санаулы. Атының шаужайын сәл іріккен Шабдан сөзін үзбеген қалпы қайта тебініп, Қаппастың арғы жағынан ауысып, Маманның қамшылар қапталына қатарласты. – Жұмысшыларымыз сайдың тасындай шетінен еңбекқор, қалай бастасаң да қамшы қақтырмайды. Биылғы міндеттемеміз былтырғыдан гөрі ұлғайтылғанымен егіс науқанын межеленген уақытта аяқтап үлгердік. Жоспардың орындалу жауапкершілігі осы үшеуміздің мойнымызда. Екі жолдасының өзінен зор үміт күтіп келе жатқандығына Маман іштей толғанды.

– Сенім артқандарыңызға дән ризамын, – деді ол сарапты пікірін салмақты сөзбен ұқтыруға тырысып. – Бидай мен арпаның шығымдылығы қанағаттанарлық. Бірақ келесі көктемде борзданы ұзыннан жыртып, тұқымды көлденеңінен себу әдісін қолдансақ өкінбеспіз. Бұл

технология көптеген шаруашылықтардың тәжірибесінен өтті. Агрономдар озық технология екенін растап, мойындап жатыр. Мұнымды: «Біткен іске сыншы көп, піскен асқа жеуші көпке», – жорымаңыздар. Ал жүгері мәселесіндегі жеке пікіріме назар аударсаңыздар: қазіргі жанкешті еңбектеріңіздің бәрі зая. Босқа арамтер боласыздар.

– Ә, не дейт?! Оның несі дұрыс емес? Меңгеруші тоқ соққандай қопан етіп, ерден ауып түсе жаздады.

– Дұрыс емесі сол, ту баста егу тәртібі мүлде сақталмапты. Сепкіш тіркемесіндегі құстабандардың аралығы алшақтатылмаған. Соның салдарынан тұқым жиі себілген. Тұқым түсіргіштердің түтікше көздерін мөлшерлеп реттемеген.

– Мәссаған безгелдек, сонда қаншама жүгері тұқымын жайдан жай далаға шашып тастағанымыз ба? Бригадирдің үні үзіліп-үзіліп естілді.

– Солай демеске лажым жоқ. Жиі себілгеніне қарамай неге таздың шашындай селдір өсіп жатыр десеңіздер, оның себебі бір ұяшыққа екі немесе үш дәннен түсірілуі шарт. Сіздер бидайдың нормасымен айдап шыққансыздар. Содан соң сабақтардың аралықтары алшақ өссе қашан еркімен бойлап көтерілгенше соқа табанымен жеңіл өтіп арамшөптерін отап тұруға болатын еді. Әрі қарай өзегі қатып алған жүгеріге арамшөптен соншалықты залал жоқ.

Бөлімше меңгерушісі мен бригадирдің салдары суға кеткендей ұнжырғалары түсіп, үнсіз қалды. Сәуле ауылының иттерінің шабаланған үндері құлаққа жетті. Арсылдаған дүрегей төбеттері де, шәуілдеген қандендері де әр тұстан дыбыстап, түнгі күзетті қабылдап алғандықтарын хабарлап жарыса даурығады. Орталық көшенің арғы басынан әлде біреудің әукімдеген дауысы әлсін-әлсін қайталанып қыдырып барады. Шамасы сиырын

тапшай жүр. Ауыл қарасын көрген жерініл аттар аяқтарын асыға басты. Біреуі көсем жорғалап, екеуі бұлкектеп келеді.

Маман қайткен күнде де директорға өз көзқарасын дәлелді баяндап, егілген жүгеріні садақа етуді ұсынбақ. Көзін жеткізсе көнуге тиіс. Есептен шығарылған танапты осы бастан сүрдігерге жыртып тастаса биылғының есесі келесі жылдың өнімділігімен екі есе қайтады. Жұмысшы күшін орынды пайдаланып, басқа егіндердің өнімділігін арттыруға жұмылдырған әлде қайда тиімді. Сәуле бөлімшесінің иелігінде арпа мен бидайды қоса есептегенде жеті жарым мыңға гектарға тарта егістік алқап бар. Шабышдық жерлерінің көлемі де әжептәуір. Жылдан жылға саны көбейген трактор, комбайн, машиналар дала жұмыстарының қарқынын еселеп үдете түсетіндігіне сенім мол. Тек ұжымға ұйытқы болып, тіл табысып, ұйымдастыруға байланысты.

* * *

Шөпшілерге түс әлетінде әдейілеп барса да кешкілік шабындықты тағы бір қарап өтуді жөн санады. Жолшыбай шөмелелерді санап, атжалданған шөптің мөлшеріне есеп жүргізбек. Төңіректі қыдыра шолған қарашығы қарайған бір нәрсені қиядан байқап нобайын ажырата алмай келеді. Бұл маңда тырнауыш, шалғы тіркемесінен өзге не болушы еді. Әрине солай екен. Қасында қараңдаған кісі де көрінді. Таяу жеткенде сыртынан-ақ тани кетті.

– Тұрсын, тағыда сен бе?! Жапанда жалғыз сопайып қалған. Әкең атыңды әдейі лайықтап қойғанда осылай «тұрсын» деп қойған-ау, сірә. Керісінше «Жүрсін» демеген екен.

– Қараң қалғырдың қаңқасының ылғи бірденесі оқыстан босап түседі де қалады. Қысудай-ақ қысып қатайтып бұраймын, – көзімен жер шұқынған шалғышы

жігіт мұрнының астынан міңгірлеп, әлде нені көмейіне бүккендей. Жалпы Тұрсын иі жұмсақ, қой аузынан шөп алмастай момын жігіт болатын.

– Жолдастарың неге қарайласпай далаға тастап тайып тұрған? Мүмкін сен өзің жұмыс істегің келмей ұжымыңды қасақана кейін тартпақтайтын шығарсың. Өзіңдей азамағқа көптен қалған қотыр тайлақтай топтан жырылып жапан түзде жалғыз қалған жараса ма?! Осымен қысқа мерзімде үшінші рет қайталанып тұр, – деп әдейі бастырмалата сөйледі. Маман олай еместігін іштей сезсе де анығын білу үшін.

– Мәке, мен жұмыстан қашпаймын ғой. Шынымды айтсам, олар мені кісі қатарында есептемейді.

– Неге? Кісі қатарынан сызылатындай қандай кінәң бар?

– Бар кінәм құйрық майламағаным.

– Ол тағы не сұмдық, мен білмейтін? Кімнің құйрығын майлауың керек еді? Біреудікін бе, әлде басқаныкін бе? Сонда құйрықтарыңа салидол, нигрол, литол жағып майлайсыңдар ма?

– Жаңадан жұмысқа орналасқандар аздап ет пісіріп әкеліп, бір-екі шиша шөлмек құйып, орындарын жуу арқылы ұжымға қабылдану рәсімін жасайды. Соны «құйрықмайлар», - деп атайды. Менің өйтуге жағдайым көтермейді. Шешем байғұс ауру сырқаулы. Өзім жалғызіліктімін. Айтып түсіндіргеніммен әріптестерім елейтін емес. Тіркемемнің әлденесі тырсылдай қалса, «Сенің шікәң сынды, мынаңды сүйреп жүре алмаймыз», – деп осылай ағытып тастап бірақ тартады Талай рет ауылға жаяулап қайттым.

– «Құйрықмайларды» ойлап тауып, сот кесіп жүрген кім?

– Бәрі.

– Бәрі бірдей болмайды, бастаушысының есімін ата.

- Қақан.
- Қақаңы кім тағы?
- Қайрат.
- Сүлейменов Қайратты айтасың ба?
- Иә, тап солай.

Ел аман, жұрт тыныштағы ғұрыпта жоқ заңды шығарып, Қайраттың Тұрсынға көрсетіп жүрген қасақана қысастығы Маманды қатты қынжылтты. Шалғы тіркемесін ағытып тастап, шөп науқанына қаншама зиянкестік жасағандығын қарашы. Шікәнің себептен себепсіз әлсін-әлсін сынуы да солардың қолдарынан келген қысастық. Ертеңгі болатын белсенділердің басқосуында Қайратты қайтседе топқа салып, шара қолданып әбестігін тыю керек.

* * *

Рахияның айы күні толып, аудандық аурухананың перзентхана бөліміне жатқызылғаннан бері Маманда дамыл тыныштық жоқ, көңіл күйі қатты жабырқаңқы. Соңғы кездері жарының құлазып кеткен жүзінен сырқаттың сызы сезілсе де аяғының жүктілігінен солай қиналып жүрген шығар деп топшылайтын. Үкіметтің қымқуыт қарбалас жұмыстарынан зайыбының денсаулығына жете мән беруге қолы да тимейтін. Дәрігерлердің алдын ала жасаған сараптамалық тексерістерінің нәтижесінде Рахияның ағзасында асқынған туберкулездің бары анықталды. Тағдырдың мұндай төтен соққысын күтпеген Маманның жүрегін үрей биледі. Жанын шүберекке түйіп, көбелектей шарқ ұрып Сәуле мен Степяктың арасында шапқында. Өзегі улап уайым шекті.

Бала аман-есен дүниеге келді. Көңіл қуантарлығы нәрестенің бойынан жаман аурудың таяқпалары байқалмады. Ол да дәтке қуат. Өкініштісі босанғаннан кейінгі Рахияның денсаулығы күрт төмендеп, әлсіреп барады. Перзентхана бөлімінен жұқпалы аурулар

бөлмесіне ауыстырылды. Маман емдеуші дәрігермен жиі-жиі кеңесті. Ол жағдайдың қауіптілігін жасырмай баяндады. Сәбиге анасының сүтін емуге мүмкін еместіктен басқа жас босанған аналардың емшегіне телініп бағылуда. Олардың да көбісі туберкулез әйелдің құрсағынан туған нәрестені бауырларына жақындатуға аса ыхтияр емес. Маман жаңа сауылған сиырдың сүтін апаруға мәжбүр болды. Сиырдың сүтінің қоюлығы сәбидің ішіне қатып, тағы да есті кетірді. – Баланы енді өздеріңіз әкеліп күткендеріңіз абзал, – деді бас дәрігер екі ай толғанда. Әрине онікі де заңды.

Маман Шиеліге барып туысқандарына мән-жайды хабарлағанда өгей шешесі Ақлима нәресте бағудың қаншалықты қиыншылықтарын алға тартып, бұл жасында ондай жауапкершілікті мойнына жүктеуге қабілетсіздігін түсіндіріп, безек қақты. Байдәулет ағасының үйіндегі жеңгесі де эне-міне босанғалы айы күні жетіп отырған. Оның да дәлелді себебіне көпе көрнеу пәлендей кінә тағу қисынсыз. Өзіндікін ысыра тұрып, менікін бақ десін бе? Сең соққандай дағдарған Маманның қарақан басы әбден дал болды. Бір бүйірінен перзенті, екінші бүйірінен зайыбының ушыққан дерті жүрегіне шаншудай қадалып, жүйкесін азаптады.

Шарасы түгесілген Маманға сәбиін күтіп жүрген акушер медбике өз ақыл-кеңесін ұсынды. Оның ұсынысы өмір құндағында шаранасы кеппей жатып тағдыр тәлкегіне ұшыраған ұлын үкіметтің жетімханасына табыстау. Дұрыс болса да, бұрыс болса да, қандай күйзеліп, жаны жылап қиналса да одан өзге жол табылар емес. Жүз ойланып, мың толғанып ақыры сол тоқтамға лажсыз тәуекел етіп Шортан қаласындағы жетімдер үйіне тартты. Ол мекеменің де заңдастырылған өз тәртібі бар екен. Не әкесі, немесе шешесінің өлгені хақында анықтама құжат қажет. Көзі тірісінде Рахиясын, иә, Рахиясын қалай ғана өлдіге қиып

құжат жасатпақшы. Оған қайтіп дәті барады. «Одан да өзімді өлді деп заңдастырудың жолын қарастырайын», – деген шешімге бел бұғанда Маманның көмейіне өксік кептеліп, жанарынан жас бұршақтады. Табиғатында оңайлықпен босай қоймайтын көңілі тағдырдың осы бір катал да, қайырымсыз сынына дәрменсіздігінен жасып еді.

Адам баласы өмірге өзін жаратушы Алла тағаланың құзырында. Оның қилы-қилы сынағын азап санасаң да еріксіз төзесің. Қасірет қайғың да, шаттық қуанышың да алма-кезектескен сол раббыңның құлдары үшін талқылауға жатпайтын хикметтері. Сен есебіңнен жаңылғанмен оның есебі мәңгі қателеспейді. Өзің «тілеп» алмаған қасіретке опық жемейсің. Қашан көзің жұмылғанға дейін бұл дүниедегі көрешегің алдында. Көнсең де сол, көнбесең де сол болады. Тек рахымына, ризашылығына бөленуге тырыс. Күдерінді үзбе, егер мұсылманмын десең.

Степняктағы аудандық атқару комитетінің төрағасы Шәймерденов алдына отбасылық жағдайымен келген Маманды түсіністікпен тыңдап, дереу хатшысын шақырып тапсырма жүктеді. Бастапқыда өлгені туралы куәлікті мына кісінің өз атына жазасың дегеніне ол да тіксініп қалып, бастығына бір, Маманға бір бажырайып қарады. Дегенмен істің екжей-текжейін анықтап ұқтырғаннан кейін барып, басын изеп байыбын түсінгендей болды. Іле қажетті қағазды әзірлеуге ықылас танытты. Дәлізде күткен Маман көп уақыт өтпестен өзіне дөңгелек мөрмен куәландырылған анықтаманы ұсынғанда әрі қысылып, әрі қиналып, эзер қол созды. Маңдайынан бұрқ еткен суық термен бірге тұла бойы мұздап қоя берген. Үнсіз кетіп қалуға ыңғайсызданып біраз қипақтады. Дәл мезетінде осы жағдайына байланысты не айтарын білмей састы. Таңдайы құрғап, тамағын қырнай жөткірінді.

– Менің мұндай хәлімді дұшпаныңызға да бермесін, – деді күрсіне күмілжіп. Одан әрі бөгелуге тынысы тарылып, теріс айналып тысқа асықты. Бұл оның аузынан алғыс орнына шыққан сөз еді.

* * *

– Шиеліге барып қайттың ба? Атамдар ауру сырқаудан аман ба екен?

– Барып жүрмін. Шүкір құдай деп бұрынғысынша күйлі қуатты. Бәрі де сенің саулығыңды тілеп, ортамызға тезірек оралсын деп сәлем жолдады. Гелман мен Гүлсімді сен ауруханаға түскен күннің ертесінде-ақ сонда апарып табыстағанмын.

– Есімде, есімде, әнеукүні айттың емес пе. Дұрыс жасағансың, ауылда тарықпайды.

– Солай ма еді?! Соңғы кездері кімге не айтқанымды ұмытып қалатынды шығардым.

– Титығыңа жетіп, әбден қалжырағансың ғой. Тынығып, азырақ дем алсаңшы. Оның үстіне менің мүшкіл хәлім мынандай, шай-суыңды уақытылы дайындап беретін де кісі жоқ. Жаныма батады. Не істейін енді? – Көзі жасаураған Рахия барлық ыңғайсыздыққа өзін өзі кінәлі сезінгендей кейістікпен тұнжырай қарады. – Егіндерің не болып жатыр?

– Жаман емес. Науқанның алғашқы күндерінде жаңбыр жауып, жиын-терініміз суда қала ма деп қауіптеніп, біршама уайымдап едік, әйтеуір бұлттың арты ұзаққа созылмады. Дикандар ашық күндерді пайдасына жаратып, жіті қимылдап егіннің жартысынан асыра еңсеріп тастады.

– Шиеліде бәз баяғыдай жадырап жаз орнап, ауылдың айналасы құлшырып гүлге оранған шығар. Биыл бүлдіргенін де тере алмадым. Кейде бүлдірген дәмі аузыма келеді. Түсіме де енеді. «Атам шоғының» бауырында

бүлдірген теріп жүремін. «Құдай-ау мынасы несі, бүлдірген тоғайдың ішінде өспейтін бе еді», – деймін. Тағы да ойлаймын: «Жаз шұрайлы болғандықтан шоктың бойына сыймай сыртына жайылған ба?!», – деп. Рахия тілімен еріндерін жалап, жұтынып қойды. –Бүлдіргеннің қышқылтым тәтті дәмі тамсандырып, таңдайымнан кетер емес. Әсіресе біздің ауылдың бүлдіргеніне не жетсін, ерекше ғой, шіркін!

– Оны ертерек ескертпедің бе? Келесі келгенімде саған әдейілеп бүлдірген әкеліп өз алақанымнан жегізбесем бе. Маман жарын шапынан жайлап сыйпал, дидарына қарап жымыды. Мандайына терең әжім сызылыпты. Нұры бұлыңғырланған жанары тұңғықтанып, жасаураған қарашығы сәл ішке тартылыпты. Көзінің астыңғы жағы көгілдірленіп, бетінің қаны қаша бастағандай.

– Гүлсімді қатты тапсыр. Көп ойнап өкпесін жел қақласын. Елеукеге қолың тисе бір жақсы жаңа костюм сатып әпергейсің. Оның былтырғы кигені тарылған шығар. Біздің Гелманға әзірге сол ағасынікі жарай тұрар. Зәуреш ұнатқан киімін өзі тандасын, қанша дегенмен есейген қыз бала емес пе? Қатарынан қорынбай өссін. Ертең-ақ бойжетеді.

– Мектепке дейін бір жақты етуге тырысармын, оған алаңдама.

– Қазір жаңадан жақсы бір ән шығыпты. Радиодан жиі шырқалады. Тындай-тындай жаттап та үлгердім. Ыңылдап әуенін тауып алып әлсіз қарлығыңқы дауысымен баяу қоңырлатты.

Түн жамылып келеміз, айсыз ашық аспан,
Төбемізде жұлдыздар үнсіз жымындасқан.

– Қандай ғажап көріністі келістіре әдемі суреттеген. Өз басыңнан кешкендей сезінесің.

Күйге толы көңілдер, араластық биге..,

– Мамау, біз осы билеу дегеннің не екенін білдік пе, ә?

– Білмедік қой, білмедік, жарығым, соғыс бізді билетпеді ғой.

Ерлі-зайыптылар бір-біріне көздерін түйістірген күйде мұңайып үнсіз қалды.

Маман Рахияның тамырлары білеуленіп кеткен салқын саусақтарын қос алақанының арасына қыса ұстап отырып, жас сәбилерін уақытша жетімдер үйіне тапсыратындығын байыппен қинала баяндағанда зайыбының реңі қуарып, бозарып көздерін тас жұмып бес минуттай жауап қатпады. Бірақ жыламады. Күйеуінің күйзелісін одан бетер асқындырғысы келмегені белгілі. Шарасыздықты мойындап ол да бас изеп жатып келісімін берді.

– Тек, жалғыз ғана өтінішім: әкелерде әкеліп бір иіскетші. Қандай заман болады. Енді көрем бе, жоқ па? Бұл сөздерді Рахияның аузынан есту қаншалықты ауыр болса, соншалықты аяныпты еді.

Медбикелердің көмегімен үйден әкелген ораныштарға бөлеп алдына көлденең ұсынған бөнесін аналық мейірімін төге, сонда да аса бір сақтықпен құшырлана иіскеген Рахия жүзін тез бұрып әкетті. – Құлыншағым, титтей ғана ботақаным, жолыңды құдай оңғарсын! Қайтейін енді. Кімді кінәлайын. Мейірім қанып, мауқым басылмады-ау. Аллаға тапсырдым, Бибі-Бәтімә піріме тапсырдым. Бақыл бол! Барыңдар, барыңдар, енді бөгелмендер, – деп булығы қолын сермеді. Рахия теріс айналған күйі уілеп күрсініп, күрсініп жіберді. Кеудесін жөтел қысып одан сайын тұншықтырды. Аурухананың аядай бөлмесінің ауасы тарылып, науқастың қасында ұзақ бөгелуге көңіл дауаламады. Маманға ишара жасаған дәрігер кідірмеуін өтініп, баланы көтеріп дәлізге аттады. Еңсесін езген қорғасындай салмақты шарасыз арқалап,

сүйретіле басып соңынан ерді. Анасының мейірбан құшағынан ажыратылғандығынан бейхабар тіршілік иесін құндағымен қолына ұстатқанда тіптен абдырап, түгел денесі дірілдей жөнелді. Табанының асты қозғалып, қабырғалар шайқатылып бара жатқандай. Құлағы шыңылдап, көзі қарауытты. Енді болмаса еденге түсіріп алатындай қорғалақтап, жандәрмен баурына қапсыра түсті.

– Абайлаңыз, әкесі, абайлаңыз! Байқамасаңыз тұншығып кетеді. Білегіне жармасқан ақ халатты келіншек бәйек болып, бойын жаздырды. Арқасынан қағып, есін жыйдырды. Сонда ғана алай-түлей болмысы сабасына түсіп, сабыр тапқан. Бұл есімі куәлікке жазылғанымен құлағына әлі ешкім атын атап естіртпеген періште Ғалым болатын. Ұрпағынды өз еркінмен ата-тегін, аты-жөнін білмейтін айдаладағы жат біреулердің қолына қиып бере салу қандай қиямет, қандай қасірет.

Көрпешеге ықтияттап бөленген Ғалымды құшағына құшқан Маман аурухана табалдырығынан селсоқ аттап тысқа шыққанда оны есік алдында ерлі-зайыпты екеу жылы ұшырай қаумалап, тосып алды. Екеуін де жақсы танитын. Алайда күтпеген тосын кездесу. Қайырлы болсын, құттықтауларын үстемелете жаудыртып іш баурына еніп барады. Әйелі аңқылдай еміреніп, мұның қолындағы нәрестені асқан ептілікпен өз құшағына іліп әкетіп, айналып-толғанып өбектей жөнелді. Бейсауат қараған көзге бала бейне солардікі тәрізді көрінер еді. Елпілдеген ері де Маманмен үш мәрте төс түйістіре құшақтасып, елжіреп амандасты. Қасқағымдағы жаймашуақ жүздесу құлазыған көңілін нұрға малындырды. Тығырыққа қамалғанда он ұйықгаса ойын мазаламаған осынау сәулелі сәт он жыл бұрынғы оқиғаны еске түсірген.

Қызылжардағы агрономдар мен ауылдық құрылымдарды басқару жүйесіне мамандар дайындайтын үш жылдық курста дәріс алып жүрген кезі болатын. Үзілісте жеке қалып келесі пәнге әзірлік үстінде отырған.

– Әубәкіров, сені ауылдан келген туысқаның күтіп тұр, – деген дауысқа құлағы елең етті. Алдындағы кітап, дәптерлерін асығыс жиыстыра салып тысқа шықты. Шақыртушы Мәтеннен келген Шарғия есімді әйел еді. Әйелді аты-жөнін өз аузынан айтып танысқанда бірақ шырамытты. Шиелі аулына аракідік ол-пұл тасымалдап, сауда жасап жүретін Қарып деген құрымшының жұбайы. Басқалай жекжаттық құраластыққа сүйенер бес қайнаса сорпасы қосылмайтын.

– Айналайын, Мамау жан, – деп бебеуледі көрген бойдағы амандық-саулықтан соң. – Іздеп келгеніме таңданба. Мына қалада жағалап барып жағдайымды ұқтыратын тамыр да, таныс та жоқ. Жерлестік жөнін қуалағанда сенен жақын таппадым. Ағаң Қарып әлде біреулердің тұртпегінен болмашы дүние үшін қарақан басы іске шатылып, осы шаһардың түрмесінде торғайдай тозып, қамауда жатыр. Үйден киім-кешек, азық-түлік әкеліп едім. Екі-үш күннен бері сенделіп түк бітірмедім. Түрменің төңірегіндегілер бүйідей жиырылып мандарына жуытпайды. Қанша жыл отассақ та біз бейбақ қараңғылықпен ғапыл өмір сүріп, некемізді растайтын қағаз да алмаппыз. Қырсыққанда «пәмелиям» да күйеуімдікінен басқа. Қазақтың еркек-бәтпағарлары сау жүргенде: «Күндердің күнінде қатыным керек болар», – деп ойлай ма. Көзің ашық қой, қарағым, өзін жәрдемдеспесең тілім де, дәлелім де жететін емес. Амал-шарғым түгесіліп, басым қатты әбден. Жыламсыраған шарасыз жерлесін Маман аяп кетті. Мансапты қызметте, мәртебелі орында отырса бір сәрі, мәселесін шешіп-ақ

тастар еді. Сөйтсе де меселін қайтарып, көңілін жыққысы келмей, медеу тұтарлық жауап ойластырды.

– Ертең сағат ондар шамасында осы жерде жолығайық. Не де болса бара көрелік. Маманның бұл жауабы әйелді кәдімгідей қуандырды. Жүзі жадырап, бал-бұл жанып, рахметін жүре қайталап есі қалмады. Былайынша қарағанда күлкілі жағдай. Түрменің маңына жоламақ тұрсын, Қызылжардағы сол түрменің барын осы қазір Шарғиядан естіп білген. Заңға сәйкестендіріп, қисыны үйлесетін айла таппаса мүддеге жету екіталай. Ондай бүркеншек әдіс мұның қиялында қылаңдап, көп күтгірмей пайда болды. Соны санада пісіріп, сабырмен жүзеге асыру ләзім.

Келер күні уағдаласқан уақыттан кешікпей Шарғиямен кездесіп, жаяулап қасына ілесті. Биік дуалмен қоршалған түрме өте сұсты көрінді. Өректіп соққан жүрегін байыздатып, барынша батылырақ сөйлесуге бекінді. Темір торлы есіктің арғы жағынан таяп келген кезекшіге жазасын өтеуші Аяғанов Қарыппен жолықтыруын өтініп, рұқсат сұрады.

– Сіз Аяғановтың кімі боласыз? – Түрме бақылаушысы о жар үңіліп, жүзіне тінте қадалды.

– Туған баласы едім. Маман да кірпігін қақпастан назарын тура тіктеп, көзіне көзін түйістірді. Қасқырдың көзіне тура қарасаң қаймығады дегенді аңшылардан естуі бар.

– Құжатыңдағы фамилияң басқа ғой.

– Біздің қазақтың оқымаған қарапайым адамдарында бұрын фамилия болмаған. Кеңес үкіметінің арқасында ғана аты-жөндерін заңдастырды емес пе? Біздің ұлттың туысқандық жосыны бойынша балаларын атасының, ағасының, тіпті нағашыларының да аттарына жаза беретінін ескерсеңіз, әкем өзінің әкесінің атында, мен әкемнің атындамын. Әкемнің екі аты бар. Шын аты –

Әубәкір. Қарып еркелетіп қойған лақап аты. Мәселен Шоқан Уәлихановтың ныспысы – Мұхамедқанапия. Ондай мысалдар көп. Шындығында екеуі орыс халқындағы Александр, Саня деген сияқты бір ғана тұлғаның есімдері. Ауылдық кеңестің шала сауатты хатшылары ол жағын жете айырмастан жазып жіберген. Сотталатынын қайдан білейік, әйтпесе бәрін реттейтін едік. Судыратып соққан Маманның деректемесінен мардығып ештеңе ұқпаған орыс қызметкер арызды амалсыз қабылдап ішке кетіп, жарты сағаттай бөгеліп, қайтып оралды.

– Әубәкіров, қайдасың? Саған рұқсат етілді. Кездесу бөлмесіне өт, – деп бұйырды. Маманның да, Шарғияның да қуаныштары қойнына сыймады.

Қарып пен Маман ұзын столдың екі жағында қарама-қарсы отырып сөйлесті.

– Айналайын, Мамау жан, сені тапқан анаң мың да бір рахмет. Өзім де тәсілдеріңнің мәнісін бірден сезе қойдым да: «Иә, иә, менің балам», – деп ұшып түрегелдім. Бұдан былай да уақыт бөліп, келіп тұр. Ер мойнында қыл арқан шірімес. «Әубәкір» – деп шақырғанға мен де тосылмай «Мен» - деп үн қатармын саңқылдап. Маған көп тамақтың қажеті жоқ. Бір-екі тоқаш жеткілікті. Бар сұрайтыным кәдімгі кірпіш шай бар емес пе. Соның біреуін әр келгенінде қыстыра келуді ұмытпа. Мына бақылаушылар алғашқысында аңдиды да сосын темекілерін шегіп әріректеу кетіп, өзара беймарал шүйіркелесіп тұрады. Өйткені мен соншалықты кісі өлтірген, қару кезеніп, қазына тонаған, үкіметке қастандық ұйымдастырған қауіпті қылмыскер емеспін. Сотталған ісім де болмашы нәрсе. Сол кезде ретін тауып шайды маған жылжыта қоясың.

Шарғия шексіз алғысын жаудыра-жаудыра аулына қайтты. Күйеуіне жүздесе алмады. Маман Қарыптың баласына айналып, кейде бір жұма, кейде екі жұмада өкіл

әкесінің қолқасын орындап тұрды. Әр жолыққан сайын Қарыптың көздерінің астары күлтілдеп, бет пішінінің домбығып бара жатқандығын аңғарады. Онысына: «Шырағым, мен қатты науқасын ғой», – деп жауап айтады, көздері қулана күлімсіреп. Тек шайды естен шығармауды тәптештеп тапсырады. Кезекті жүздесулердің бірінде:

– Мені көп ұзамай денсаулығыма байланысты босатуға тиісті, – деп ақырын ғана қабақ қақты. Шындығында арада ай жарым өтпей өкіл әкесі сабақтан оралған Маманды пәтерінде қарсы алды. Науқасына қатысты шешім шығарып, бір жолата үйіне қайтарыпты. Әрине ақылға сыймайтын осы істің қоламтасының астында көмілген Қарыптың ет тірлігімен жасалған ерекше мазмұнды тұңғық құпия барлығын Маманның іші соңынан сезді.

* * *

Бала көтерген Маманды аурухана баспалдағынан қарсы алғандар Қарып пен Шарғия еді. Шарғия күндақтағы сәбидің бетін ашып, құшырлана иіскеді.

– Қандай әп-әдемі бөпе, өзі. Осындай періштені кімге қиюға болады.

– Көрдің бе, қалай өбектейді? Біздің бәйбіше өте балажан. Қарып құрақтаған әйелін иегімен нұсқап, жадырай сөйледі. Бала бауыр етің демей ме қазақ. Біз бәрін де естідік, Мамау жан, сен сонау жылы басымызға тоқпақ ойнаған шырықсыз күндерде мені әке қылып, қолыңнан келген жақсылығыңды аямадың. Енді біздің де ер кезегімізді өткеріп, жақсылыққа жақсылық қайтаратын күніміз туды. Егер жоқтықта жеген құйқаның дәмін, таршылықта бөліскен пейілдің мәнін ұмытсақ қасиетімізден айрылғанымыз да. Шешең екеуіміз ұзақ ақылдасып, нәрестенді мәпелеп, бағып-қағып өсіріп беруге

ұйғарды. Қараптан қарап отырып мына шаранасы кеппеген перзентінді жетімдер үйіне тапсыртуға ар-ожданымыз жетпеді. Сенімінді ақтаймыз, қолымызды қақпа. Алдындағы қарызымызды өтеуге мүрсат бер. Жүрегіміз тынышталып, арқамыз кеңісін. Маман Қарыпты құшақтай алды.

– Қайдағы қарыз ауызға алғаныңыз?! Мен сіздердің мойындарыңызға қарыз жүктепін бе, әкем-ау! «Ердің құны білінер сасқан жерде» деген осы екен ғой. Ниеттеріңізге құлдық. Айдаладағы жетімханаға қай жетіскенімнен апармақ болды дейсіз бұл шакалак балапанымды. Өзім де жаңағы сәтте жаным күйзеліп, үйге әкетіп бағуға оқталып шыққанмын. Деме демде қыймай қалдым... Сөйлемінің соңғы буындары сыртқа естілмей жұтылып кетті.

Болған жайға қанағаттанып Рахияның да нала көңілі жайланды. Ризашылығын күйеуі арқылы жолдап, жүрегіне жеңілдік тапты. Сөйтін жөргектегі Ғалым Қарып пен Шарғияға аманатталып Мәтенге аттанды. Аптаның аяғында Маман Шиелідегі жалғыз сиырын Қарыптың қорасына апарып басығұлды байлап қайтты. Құдай алдында сұрауы жоқтығын нақтылап түсіндірді.

Асқынған дерт дауа таптырмай, ақырында Рахия басын жастықтан көтермеген халде жарық дүниемен мәңгіге бақұлдасты. Қаршадай Зәуре, Ғелман, Гүлсімін баурына қысқан Маман қаралы күндерін аһ ұрып аза тұтты.

Арманының ақ кемесін өмір мұхитында тағдырдың сұрапылы соғып, аңсаған жағалауына жеткізбей желкенін жығып, жолын кесті. Аяулы жарын қорғаштауға қанша әрекеттенгенімен тура төнген ажалға өкімі жүрмеді, лепесі өтпеді. Қашсаң құтылмайтын, қусаң жеткізбейтін жазмыш қой оның атауы. Қабырғасы қайысты, омыртқасы майысты, өзегін от қарыды, өксігін қылғытып өртенді,

бірақ өлгеннің артынан өлмек жоқ. Қайғыға қабағын шыға жүріп босаңсыған белін бекемдеп, үкіметтің мойнына жүктеген қыруар міндетін атқару үшін қайтадан жұмысқа шықты. Күнделікті күйбеңді қарекеттің ұмыттырмас қайғысы бар ма? Бозарып атқан таңмен, қызарып батқан күнмен тірі адамның тірлігі жалғаса береді. Өмірдің өзі медет, өзі жұбаныш.

* * *

Орақ науқаны ойдағыдай өтті. Ел қатарлы өнім жиналып, мемлекет қамбасына құйылды. Механизатор-диқандар еңбек көрсеткіштеріне лайық еңбек ақыларын алып, колхоздық есепке қарағанда совхоздық жүйенің тиімділігін көздерімен көрді. Шөпшілер де олжасыз емес. Жем-шөп қоры жылдағыдан мол үйілген. Маяланған пішендеме мал басына шаққанда келесі қысқа артылуға тиіс. Қыстық даярлыққа малшылар да мерейлі. «Елде болса ерніміз тиеді» – деп үміттенеді жекеменшік шаруа баққан тұрғындар да. Жекеменшік түліктерді де бөле-жара қарауға болмайды. Ол да ет-сүт сұранысын қамтамасыз ететін қосалқы қорға жататын халықтың игілігі. Күздің беркелі ұлан асыр сыйы ешкімді бейтарап тастамады. Басшылар мен қарапайым еңбеккерлер арасында жарқын күлкі, жарасты әңгіме салтанат құрды. «Бір қарын майды бір құмалақ шірітедінің», – кері осындайда байқалады. Өттеген-айдың себебі сол, қоғамдық маядан жиі-жиі шөп ұрланатындығы анықталды. Даяр асқа тік қасықтың қайдан келетіндігі неғайбыл. Ауылдағы күдіктілер түгел тексерілді. Бумаланған шөпті жасыру оңай емес. Ауыл тұрғындарының пішендерінде ондай қылмыстың ізіде жоқ. Бөлімше басшылары өз араларынан кезекшілік құрып, аялуды күшейтті. Тізім бойынша Маман мен Шабданның кезегі қатар күндерге қойылған. «Өте жақсы, серіктесіп күзетіп, ұрыларды бірлесе тұзаққа түсіреміз», – десті олар.

Кезекшілікке екеу ара ақылдасып, ертерек қамданды. Аанада тоғайдың қылтасынан қақ жарып, төтелеп өтіп келе жатқандарында Шабданның атының аяғына темір қадалғаны бар. Орманшылардың ағаш ұрлайтындардың көліктерінің жолдарына әдейі шаншып кеткен істік сымдары екен. Екі басын да біздеі үшкірлепті. Маман соны Шабданның есіне салған. «Егіс даласына қажет» дегесін Дүйсен ұста бар өнерін салып, сым темірден жүз дана істік соғып берді. Ұштары абайламаса алақанды тесердей өткір. Тапсырыстарының нәтижесіне көңілдері толғасын жақсылап орап, қанжығаларына бөліп байлап алды. Ойындағыларын басқаларға сездірмей, құпия сақтады.

Андушылар күн ашық-жарықта пішеннің айнала төнірегіне, оған әкелетін сүрлеу жолдарға сым темірлерді шахматтық әдіспен шегелеп шығып, аттарды қуысқа жасырды да, өздері шеткі маяның бүйірін үңгіп, бой тасалады. Шабдан әңгімешіл. Көргенін көргендей, естігенін қасында тұрғандай мәнерлеп, майын тамызып, балдай татытып айтады. Біржан салдың тұқымымын дегенде тіпті аяқтыға жол бермей, ауыздыға сөз шалдырмай екіленіп кететін арқасы бар. Біледі, білгесін сөйтеді. Атасы Қылышбай елдің дізгінін тендеп ұстап, би атанған кісі. Қылышбай би отызыншы жылдары ұсталғанда осы шұбардың игі жақсысы, кәрі-жасы жабыла барып, жамырай ақтап, арашалап алып қалыпты. Соған қарағанда айналасына сыйлы, ағайынға қайырымды, берік тұғырлы беделді адам болған. Арғы бабасы Айшуаққа жеті жүз жылқы бітіпті. Шабданның қолында ата дәулетінің пұлы болмағанымен, бойында буы, аузында жыры бар. Буын сездіріп қойғанымен, жырын аңдап айтатын.

– Біржанның керегеге таңылғаны рас, – деді серігі тамақ түймесін ағытып жатып. Маман жамбастай жылжып, бұрылыққырай отырды. «Атымызға сөз келтіріп,

сүйегімізге қара таңба салғалы жүрсің. Сенің есің ауысқан. Әйтпесе осы жасқа келгенде найманның қызына әуейленіп, өстер ме едің», – деп ағалары оқшау үйге байлап отырғанда атам Қылышбай Біржанмен дидарласуға әдейі барыпты. Сонда ашуға булығып, адам баласын маңына жолатпай, күнірене зарланған елдің еркесі Біржан елдің еңсесі Қылышбайды көргенде: «Ащы зарым құлағыңа жетті ме ақыры. Ақсарыда мені ұғатын жан қалмады ма», – деп әбден түніліп едім, – депті. Бойында шалық та, жын-шайтан да жоқтығын сабырмен баяндапты. Атам мән-жайға қаныққасын Біржанды босаттырып, үстіне тіккен үйді өртетіп жіберген екен. Шабдан әңгіме желісін одан әрі өрбіте бергенде, жалтылдаған жарық көрінді. Дала жолымен ағызып келеді. Бет алысы осылай қарай. Жақындағасын фарларын өшіріп жай жүрді. Гүрілдеген дауысы жүк машинасынікі. Екеуі де демдерін ішіне тартып, сергек қарасты.

Күткен қонақтарының осылар екендігіне күмән қалмады. Ұры машина бума маяны жапсарлай келіп тоқтады. Қозғалтқыштың үні өшіріліп, қараңғыда кабина есіктерінің ашылып, жабылғаны естілді.

– Мен ауылдағыларға хабарлап, алдынан орайын. Сен соңдарына түс. Енді бұлар тілерсегі тілінген қасқырдай сүйретіліп, алысқа ұзай алмайды. Шабдан маяны қалқалай бұқпантайлап атына жүгірді.

Түн жамылған жылпос баукеспелер бума шөпті көліктерінің қорабына топылдатып лақтыра бастады. Бірақ арындары ұзаққа созылмай тез басылды. Шамасы әлдебір саққұлағы дөңгелек резиналарынан пысылдаған желді байқап қалған болуы керек, түкіріне боқтап жіберді. Тілдері орыспа. Маман да жылдамдатып атына жөнелді. Арты қуыс қонақтар тұтқиыл тосқауылдан секемденіп, көліктеріне жеделдете от алдырып, келген бағыттарына қарай бұрыла безді. Осы мезетте ауылдан жарыса шыққан

екі жарық біреуі пішенге қарай тураласа, екіншісі қиыстай тартты. Жарықтарға қабаттаса атойлаған аттылар да қараңдайды. Маман астындағы атын сауырлап, қашқандардан қалмай шапты. Дөңгелектеріне талай істік қадалған машина тасбақаша тырбаңдап діңкесі құрыды. Ақыры тоқтауға мәжбүр болды. Жүргізуші жақтың есігін тарс жауып, қаша жөнелген біреуін Маман қуып жетіп аттың омырауымен соғып құлатты. Етпеттей жығылған неменің үстіне бұл да секіріп қона кеткен. Қалған екеуі де қарға адым ұзамай тұмсықтарымен жер сүзді. Шабданның дойыры тиген ұзын сарының маңдайынан қан саулап естен танды. Сәуленің ашынған жігіттері үшеуінің де сазайларын ұмытпастай тартқызды.

– Бұдан былай өздері де аттап баспақ түгілі, айналып жүруге де батпас, – дейді ашуы тарқап, айы оңшан туғандай өрленген Шабдан қамшысын екі бүктей ұстап.

– Бәлемдер әбден басынып еді, қарымта сыбағалары да лайық болды. Мұны айтқан пішенші – Жүніс жау қайтарғаннан бетер масаттанып. Бәрінен бұрын кінәға тартылып, сөгістен сөгіс естіп жүрген сол тұғын. Маман мен Шабданның тапқырлықтарына дән риза.

– Ұрыдан жәбір көріп жүрген сен едің. Әй, Жүніс, құрғақ қасық ауыз жыртады. Рахматты директор айтсын. Біз түнімен кім үшін тоңып-жауырап, ұйқымызды қиып, мая күзетіп жүрміз?!

– Жөн-жөн, үйге жүріңіздер ауыз жылытайық. – деп Жүніс жік-жаппар болып пейіл білдірді.

– Біздікі әшейін қағытпа қалжың ғой, әуре болма, – дейді Маман.

– Қалжыңы несі, сөздеріңіздің еш бір сөкетігі жоқ. Қайдағы әуре болған, қуана, қуана шақырамын. Жүніс қоймай жабысты.

– Біз сақшылармыз. Әскердің қарауыл жарғысында бекітілген нысанды күзетсіз тастау қылмыс саналады.

– Қойыңызшы қайдағыны. Сіз де айтады екенсіз. Қалған түнге екінші қайтара ұры тисер дейсіз бе?

– Кім біледі. Сайланған екінші топ та болуы мүмкін. Маман Жүністі арқасынан қаға әзілдей жауап қайырды.

– Оған несін алаңдайсыздар, қақпандарыңыз құрулы, ендігі ұрыларды істікке шаншылып отырған жерлерінен басасыздар. Кәнігі аңшылардай: «Қанды жолын бері тарт», – деп біздің үйге барып, терлеп-тепшіп шай ішіп отырмаймыз ба. Қызды қыздымен қақпан қарауға мен де ілесе барып, бұйырса қанжығама бірдеңе байланармын.

– Қой, Жүкенді бұдан әрі жалындырмайық. Шынында таңдайым кеуіп кетті. Шақырғанға бармасақ, шақыртуға зар болармыз. Шабдан келіскен ыңғай танытты.

– Сөз тапқанға қолқа жоқ. Еркіңіз білсін, Жүке. Тек уақсыз уақыттағы бейсауат жүрісіміз бәйбішеңізге жайсыздық жасамаса болғаны да. Маманның мақұлдауынан соң қауқылдасқан үшеу асықпай аяндап пішеншінің үйіне беттеді. Түнгі дауыстары қатты естіліп барады.

– Іштен ландатқан ұрлықты өрістетпей дер кезінде ауыздықтап едік, Сырттан сумандаған сұғанақтарға тосқауыл қойдық. Сәуле ауылы енді тыныштықпен өмір сүрер. Шабданды шүкіршілік еткізген екі оқиғаның соңғысы бүгінгі әрекеттері. Бастапқысы жаз айында жария болған.

Сәуле ауылында қорадан қой жоғалу белең алды. Былтырғы жазда біразынікі қолды болып еді, биылғы жазды да қайталанды. Үстінен түспегенсін ұрының қолы ұзарды. Басқарма кеңсесіне жиі-жиі арызданушылар көбейді. Біреуден біреу көреді. Бірақ нақтылы айғақ жоқ. Нақақ жалаға кім төзеді. Кейде біреу мен біреу қатты жанжалдасып, жұлқыласып, жаға жыртысып қалуға шейін барысты. «Мал апуы – жан апуынан күшті» демей ме қазақ. Қорадан қой жоғалған түннің ертесінде аңдушылар

шығып, екі-үш күндей ұйықтамай, түнімен тың тыңдап, шөптің қалқасында, шоланның төбесінде таңды атырады. Жұрттың дені қаурыт науқанның қызған ортасында жүргендіктен қашанғы шыдасын, одан әрісін құдайға тапсырып, амалсыз байыздайды. Анду саябырлаған бетте әккіленген неме тағы бір тоқты, тушаны іліп кетіп, әлде кімді қан қақсатады. Оған да төтенше шара қарастырылып, кеңседе тізім жасалып, кезекпен торушы жасақшылар тобы құрылған. Түнде бейсауат жүргеннің бәрі ұрыға ұқсайды. Сау кісінің өзі аяғын санап басып, көлденең сөзден қашқақтайтын.

Ауылда Бап деген молла тұрады. Алла жолындағы адал адам. Түннің бір уағына дейін сыксима шамның жарығымен құран ақтаратын әдеті. Бүгін де құптан намазын үтір ғибадатымен толықтыра оқып, құлшылығын өтеген соң қашанғы дағдысымен бисмилласын айтып, қасиетті құран шарифті қолына алған. Ұлық кітаптың бір парасын тәмәмдап, келесісіне дені ауғанда үйдің төбесінен сытыр-сытыр дыбыс естілді. Бұл сытыр жай сытыр емес салмақты сытыр. Адам аяғының басысы екендігі айдан анық. Қарт үйдегілерді шұғыл оятып, белгі берді де, қамқап шапанын желбегей жамылып тысқа ұмтылды. Көп ұзамай жапсар қораның бұрама бұрышынан сатылап түсіп келе жатқан пақыр моллекеңнің тарамыс қолына тұтылды. Қолтығына қысқан қыстық сүрді жасыра алмаған байғұс тұзаққа түскен күзендей тышырлады. Өзі мас. Маңынан арақ иісі мүнкіді. Мойнын төмен тұқыртып, жабыла сүйреп үйге кіргізгенде койнындағы қазы-қарта, жал-жая саудырлап еденге төгілді. Жігітті бәрі жазбай таныды. Бөтендері де емес. Шошаланың шаңырағына іліп, сақтап жүрген мүшелі сыбағаларын бірден таныған кемпірі:

– Бәтір-ау мынау менің еттерім ғой, – деп шыж-быж етті.

– Сенікі болмағанда мынау сенің шаңырағыңа түнделетіп ет кептіріп жүр ғой деп пе ең! Баласы шешесінің қожанасырлығына күліп жіберді.

Бап-қария жігітті тергеуге отырғызды. Құтылмасына толық көзі жеткен ұрының басы төмен салбырағанмен, тура жауаптан сырғақсыйды. Мастығы да тез тарқағандай. Шамның жарығына шағылған көздерінің қарашықтары шарасына тұрақтамай сырғанақтап, қабағының астында жасырынбақ іздеуде. Беті арақтан ба, ұяттан ба қып-қызыл. Әрілі-берлі әурелеп қазбалағанмен ашылып мардытпады. Моллекен ептеп айлаға көшті.

– Шырағым, Қуанжан, мен сені өзіміздің бала деп аяп отырмын. Әйтпесе ана құранмен үшкірсем бар ғой, аяқ-қолың бүрісіп, құйқаларың құрысып, көзің төбене, құлағың шекеңе шығады. Мәңгіріп миы айналған Қуаныштың көз алдында өзінің құран соққаннан кейінгі құбыжық бейнесі айналып, төңкеріліп елестегенде жаны алқымына тығылды.

– Ататай, мені бір жолға аяй көріңіз. Ендігәрі біреудің ала жібін аттамауға ант ішейін. Қасымдағы жолдастарымның аттарын сұрап қинамаңыз. Айтсам сатқын атанамын. Қойларды қолды еткеніміз рас. Барып айтып, әркімді өз еркімен мойындауға көндірейін. Өзірге босата көріңіз. Алақтап есі шыққан ұры бейбақ өзін тастап қашып құтылғандарды не қиямет қайымды басына үйірсе де айтпауға бекінгенін ұқтырды. Ешқайда бой тасалап қашпай өз қылмысын мойнымен көтеруге ықтиярлығын бір неше қайталаудан жазбады. Бап молла да одан әрі қинай беруге құдайдан қорықты.

– Мен қазір сені босатамын. Бірақ екеуіміз де уағдамызға берік болалық. Ертең мал өргесін осында кел, кеңсеге барамыз, – деді.

Келесі тәуліктің ертесінде бөлімше басшысы Қапастың ұйғаруымен барлық тұрғындардың жаппай

қатысқан жиыны өткізілді. Қой ұрлығына қатысты кінәлілер жұрттың алдында қылмыстарын түгел өздері мойындап, бүге-шігесіне шейін баяндап берді. Олар осы ауылдың еріккен бозбалалары еді. Қызығы әрқайсысы өзінің туысқандарының қойын жымқырып, сойылған еттерді көлдің басында пісіріп, жеп көңіл көтергендеріне мәз болысады екен. Іштерінде ағасының тоқтысын апарып сернеге қатысқан Шабданның да туысқаны бар.

* * *

Биылғы шыққан қызылшаның өнімі елден ерек. Кейбірінің ірілігі бұзаудың басындай. Жиын-теріні аяқталған танапта іле сүрдігер жыртылып жатыр. Соқа сүйреткен трактордың қозғалтқышы қыза береді. Кілтипөнін ешкім таппағасын алқаптың екі шетіне бөшкемен су апарып қойып амалдауға тура келді. Бұрқылдап-сарқылдап қайнап кеткен радиаторды салқындатып барып, қайтадан түрен тартып жүрген Сарбас тоқтаған сайын ДТ-сының тұмсығындағы қозғалтқышын шұқылап әуре. Мүлде істен шығарып алудан қауіптенеді. Тәжірибелі механизатордың беймаза жағдайы Маманды да алаңдатып бөгеліп қалған. Атын жетелеп оттатып, алыстан баққылауда.

Құдықағаш жақтан шандатып ағызған машина егін арасындағы сүрлеу жолды бойлап өте бере, агрономды таныған болуы керек қиыстай орағытып, қасына келіп тоқтады. Көрші бөлімшенің меңгерушісі Мұқанов Жексенбай екен.

– Мамау жан, сен бізді өлтіретін болдың!

– Ол не дегеніңіз, соншалықты кімге қастандық жасаппыз?!

Кеше Қаржасбаев Құдықағашта кезекті жиналыс өткізген. Сенің өсірген қызылшанды столдың үстіне дөңкитіп қойып әбден ұялтты. Бетіміз дуылдап

қызылпадай болдық өзіміз де. «Сәуленің жас баласының егіп, өсіргені мынау. Сендер сақалдарыңды ғана суарып, баптағансыңдар ма?» – деп әжуалағанда кірерге тесік таппадық.

– Қап, кесірім тиген екен онда.

– Қалжың үшін айтам да. Әйтпесе жетістігіңе қуаныштымыз. Қайта қамшы болды. Біздің жігіттер де намыстансын. Жүгеріні де жақсы алып, сүрлемді де мол бастырыпсыңдар. Бидай мен арпанды да көріп жүрмін. Биыл жыл қортындысында озаттар қатарынан лайықты орныңды алатын шығарсың.

– Елдің бірлік, ынтымағы мен еңбекқорлығының арқасы да. Біздің міндетіміз сол еңбекті дәрежесіне сай бағалау. Білгендерден үйреніп, білмегендерге үйрету ғана.

– Мамау жан, бәрі де ұйымдастыруға байланысты. Әр саланың өз шебері, өз ұстасы болады. Өз бағанды да төмендетпе.

Танаптың бергі басына оралған Сарбас сонадай жерге тоқтай сала тракторынан түсер түспесте қалпағын бұлғап өзіне шақырды.

– Ана тракторшың текке шақырып жатпаған болар, қой, уақытыңды босқа алмайын, мен де асығыспын, шаруама жөнелейін. Степнякқа сайманға бара жатырмын. Өзіңді көрген соң құттықтайын деп әдейі бұрылғам. Жексенбай көлігіне от алғызып, қош айтты.

– Рахмет, рахмет. Сәтті сапар тілеймін. Көршілесін қошеметпен аттандырған Маман тракторының алдын ашып тастап, күтіп тұрған механизаторға асықты. «Қап, нендей қырсық шықты екен тағы да?!» Жақындағанда көңілі сабасына орнықты. Сарбастың реңі көңілді, екі езуі екі құлағында.

– Осынша жыл темірмен алысып жүріп, мына бәтшәгардың титтей ғана тетігін ескермеппін. Көрмейін деген түйені де көрмейді деген осы-ау.

– Ол несі екен, Сәке, сіздің қырағы көзіңізге ілінбеген?

– Себебін тапқанда таң қалғанымнан таңдайымды тесіп ала жаздадым. Жөндеу зауытындағылар вентеләтірді теріс тағып қойыпты. Соның салдарынан желді сыртқа айдап тұрған. Бәсе рәдиатыр самауырдай сарқылдайды.

Күрделі жөндеуден әкелінген қозғалтқышты ешкім тексерместен қондыра салғандығы анықталды. Сарбас енді кідірсін бе. Күнімен қиналған трактор соқаны соза тартып бара жатыр.

* * *

Нұрланның көлденеңнен қойған сауалы әкесінің ойын тағы да бөліп жіберді.

– Кеше түннің бір уағына дейін Нұрлыбектің диссертациясын талқыладыңдар ма, ұзақ әңгімелестіңдер ғой?

– Ондай қабілет қартайғанда маған қайдан келсін. Жай әшейін өз білгендерімді қажетсінсе кәдесіне жаратсын деген ниетім де. Тақырыбы қарапайым бізге де жат емес. «Қазақтың сауда тілі» бұл тақырып көнеден бергіні қозғауға болатын кең тақырып. Қазақтың сауда тілінің тарихы тым әріден басталады ғой. Тіпті пайғамбарымыз Мұхамбеттің хадисінде де: «Адамның несібесінің оннан бірі саудадан құралады», – деп айтылған. Сауда жасамайтын адам жоқ. Күнделікті жейтін нан, қанттың өзі сауданың нәтижесінде аузыңа түспей ме. Бір кісі дүниеден өтсе де: «Жарықтықтың саудасы бітті», – деп ымыра жасаймыз. «Үйдегі көңілді базардағы нарық бұзады», «Сауда сақал сыйпағанша», – деген мақалдар да сауданың тіліне қатысты. Сауда жасау үлкен өнер. Әрбірден соң тәуелсіздіктің бір белгісі десе де болады. Қолыңдағы затыңның мақтауын нанымды тілмен жеткізе алсаң бағасын арттырасың. Мыңқиып тұрсаң жайға да өткізе

алмайсың. Ерте заманда мыңды айдаған байлар арнайы делдалдар ұстаған ғой. Сауда адамының еті тірі, тілі шешен келеді. Қайта кеңес үкіметі жылдарында саудагерлікке тосқауыл қойылып сауда тілі кенжелеп дамымай қалды. Нұрлыбекке өзім көрген саудагерлердің саудаласу үлгілерін түсіндірдім. Сендер көріп жүрген сауда сауда емес қой. Баяғының саудагерлерінің бір бірімен саудаласқандарын сыртынан қарасаң кәдімгі айтыс тамашалағандай болар едің. Шешендік сөздердегі: «Жол мұраты – жету, қыз мұраты – кету, дау мұраты – біту, сауда мұраты – ұту», – дегені соны айғақтамай ма? Дербестік жариялаған мемлекетіміздің нарыққа бірден көшкендігі, бүгіндегі әлемдік сауда ұйымына мүшелікке ұмтылуы жай ма? Қазақ сауда жасамады деген бос сөз. Ол бұрын ел болмады дегенге бара-бар жаңсақтық. Нұрлыбектің диссертациясының мазмұны осыны айқындап берсе ұлтымыздың бір қырын танытуға зор үлес қосқаны.



**Шиелі ауылының тумасы, Кенашы ауылының
тұрғыны, Қармыс атаның ұрпағы
Әубәкірдің Маманы**



**Көзге ыстық көне сурет (солдан оңға қарай: әкесі Әубәкір,
немере ағасы Зүлді, Аяпбергеннің үлкені Хасен 1960 ж.)**



НКВД архивінен алынған Сыздық Аимбергеновтің суреті, 1937 ж.



Солдан оңға қарай: Сыздық, зайыбы – Қалима, 1930 ж.



Әскер қатарындағы жылдар, 1949-1951 ж.ж.



Қызылжар қаласында агрономдық оқуда, 1954 ж.



Кеңашылық еңбеккерлердін арасында, 1968 ж.



Келісіп пішкен тон келте болмас. А.Степашкомен бірге, 1972 ж.



Аудандық конференцияға қатысқан Кеңашылық делегаттар, 1973 ж.



Кеңашы ауылының бетке ұсарлары (солдан оңға қарай
Ермағамбетов Қ., Бахаев Ш., Әубәкіров М., Қуандықов Б.)



Ермек Серкебаев 50-ге толғанда. (Солдан оңға қарай: Мамаян, досы - Әйтім Әміров Уәлихан ауданының бірінші хатшысы, Қасқырбай Әбуов Еңбекшілер ауданының бірінші хатшысы, КСРО халық әртісі Ермек Серкебаев, Харшкин Николай аудан өкілі, шетте Құмар Жапаров шаруашылық директоры)



Бір терінің пұшағын бірге илескен әріптестер



**Көпбалалы ата-ана Ахметжанов Аманжол өзінің зайыбы
Жәміш Әкімбекқызымен**



**Солдан оңға қарай: Баянғали ақынның ата-анасы Бәтімә мен Тақан,
қос Ленин орденді жылқышы Қабдеш Ермағамбетов пен зайыбы
Мариям**



Солдан оңға қарай: келіні Мәриям, інісі Тасболат, Маман (алдында тұңғышы Ғелман) алғашқы жары Рахиямен бірге, 1963 ж.



Кеңашы ауылының бүгінгі әкімі Нұрланды әскер қатарына шығарып салғанда, 1989 ж. (Солдан оңға қарай: баласы Нұрлан, Маман, зайыбы Қуаныш, кенжесі Гүлбахыт)



**Кеңашы ауылынан шыққан Көкшетаудың көкжал азаматы –
Қайыргелді Әкімбеков**



Нұрлыбектің отбасы мүшелері



Қалалық, облыстық әдебиет өнер байқауларының жүлдегері Ардақ-жиен, қазақтың әнші қызы – Роза Рымбаева апасының да назарынан тыс қалмады



Ардақтың жұлдызды сәттеріне інісі Әділ де бірге қуанады. «Жиен неге ел болмасын, нағашысына тартса»

Тауар тиелген машинаны дүкеннің есігіне таяп шегіндіріп бергесін үйге келіп, түскі асқа отырғаны сол еді. Әрі кетсе бір сағаттай ғана уақыт өткен. Биязы жымып Тақан кірді. Бірақ асыға жеткені аңғарылып тұр. Демінде ентігу бар. Абыржыса да сабырлы қалпынан жазбады.

– Төрлетіңіз, Тақа, шайға дөп келдіңіз. Дүние-мүлікті түсіріп болып қалдыңыздар ма? Маман төмендеу ысырылып, дастарханның жоғарғы жағынан орын ұсынды.

– Ықыластарыңа рахмет, жай ғана нан ауыз тиейін. – Бір үзім нанға май жағып, тісіне басып ырымын жасағасын шегініп барып отырып, жағдайды мәлімдеді.

– Әкелінген тауардың құрамында бір бума костюм-шалбар жетпейді. Қабылдап алып, бөлекше үйіп қойғанымда бәрі де түгел еді. Жаңылысуым эсте мүмкін емес. Үш қайта анықтап санағанмын. Неде болса ана жылтықой қоймашының қолынан келді ғой деймін. Аудандық тұтынушылар одағының бастығы Әмірінге хабарласып, түстен кейін қойманы аштырмай бөгей тұруын өтіндім.

– Олай болса қазір барамыз. Маман дереу кесесін төнкеріп, Тақанмен бірге қайтадан Степнякқа баруға жиналды.

Кеңашы Восточныйдан енші алып, жеке кеңшар болып құрылғанда Маман бас агрономдыққа тағайындалған. Сонымен қатар орталық бөлімшенің менгерушілік қызметін де қоса атқаратын. Кейінгі жылдарда екі міндетті бірдей игеру ауырлап бара жатқасын тек қана бөлімше менгерушілігіне бекітілді. Бұл күнде Кеңашы ауышының тұрғындары көбейіп үлкен елге айналды. Бір кездегі шағын ғана мал фермасының қонысында аз жылдың ауқымында ақ шатырлы ақшаңқан үйлердің қабырғалары самсап бой көтеріп, заман үлгісіне

сай мектеп, клуб, машина, трактор орынжайлары, астық сақтайтын қоймаларымен қырман секілді құрылыс нысандары көз тартады. Жан-жақтан көшіп келіп жатқандарда толас жоқ. Жұмыс қайда болса жұмыс іздегендер де сонда ағылады. Бірін-бірі жатсынып, жатырқаған кісі баласын кезіктірмейсің. Атаң кім? Руың кім? тіпті ұлтың кім? деудің өзі ерсілеу естілер еді. Өйткені мақсат та, міндет те ортақ. Қайнаған еңбектің қазандығында барлығы қоян-қолтық араласып кеткен.

Көптің шоғырланған жерінде тұрмыстық сұраныс та, азық-түлік қажеттілік те күнделікті табиғи заңды мәселе. Соның бәрін шешетін дүкен. Кеңашының дүкені келіскенмен саудасын жүргізетін сатушы құтаймай көп қинады. Соңғы жылдарда бірнеше сатушы ауысты. Тексеріс келген сайын тауар айналымындағы есеп-қисап қабыспай дүкеншілердің мойындарына ақша мінеді де жатады. Әйтеуір ауыл адамдары ағайыншылық жасап, үй басына жылу жинап, ешқайсысын соттатпады. Дүкен жабық тұр. Енді кім бар дегенде елдің аузына түскені осы Тақан Әлімжанов. Есепке жүйрік, еті тірі пысық жігіт десті бәрі. Ең бастысы кісі хақысын жемейтін адал, арақ ішпейтін, шылым тартпайтын құдай деген ұстамды азамат. Маман оны ертеден білетін. Шиелі аулына оның ішінде Аяпберген әулетіне де етене ілік-шатыстығы бар. Степняктағы аудандық ауылшаруашылық техникасының қоймасында қоймашы. Күзгі орақ науқандары кезінде осы кеңшардың директоры әдейі барып қалап, жиын-теріндегі астықтың есеп-қисабын жүргізуге шақырып әкелетін. Кеңашының штаттан тыс есепшісі ретінде үлкен-кіші, бастық, жұмысшы демей бәріне сиымды. Бір түйір дәнге, бір теңге ақшаға алақөздігі жоқ. Бірақ ол үйреншікті жылы орнын суыттып, көне қойса. Ойласа келе ауылда тұратын Аманжол деген ағасын бірге апарып Тақанға қолқа салуды ұйғарысты. Шындығында Тақан біраз қипақтады. Содан

Аманжол бастырмалатып: «Сені жердің түбіне шақырып отырған жоқпыз ғой. Намазғұддың арғы бетіне ауысуға да жүрексінемісің. Ел-жұртты жақсы танысың. Жылда барып істеп жүрген жерің емес пе? Мына Мамау өз ініміз, сөзін далаға тастама. Жаңадан ашылған шаруашылық. Ағайындасып бірге түтін түтетейік. Қашанғы тарыдай шашырап бөлектене береміз. Мал өсірейік, оқып жатқан балаларың бар. Қалалы жерге қарағанда ауылдың етегі жайылым, қолтығы кең». Аға сыйлап дағдыланған Тақан одан әрі созбұйдаламады. Зайыбы Бәтима әр істің байыбын бағамдай білетін ақылман әйел еді, ерлердің шешіміне кереғар сөз қоспастан келісімін берген. Содан бермен Кеңашы ауылының дүкенінің сатушысы түзелді, күнделікті керек-жарақтарын түгендеп, тұтынушылары да қанағаттанды. Басшылардың да беті ашық, құлақтары тынышталды. Қанша тексеріс келсе де Тақанның есебінде бір тиын кем, бір тиын артық шықпайды.

Тақан мен Маман жеткенде қойманың құлыбы әлі ашылмапты. Әмірін әдейі кісі жіберіп қадағалауға қойған екен. Есік ашылысымен ішке лып берген қоймашы ананымынаны қопарыстырған болып жүріп, столдың астынан жоғалған буманы суырып алып шықты.

– Мына қуысқа домалап түсіп кетіпті, – деп Тақанның қолына ұстата қойды. Жүзі қызарақтап, жыпылықтаған көзін әрі қарай бұрып әкетті.

– Иә, сөйткен екен, келер жолы мұқият болармыз, – деп Тақан да сыр бермей Маманға қарап елеусіз көзін қысты.

* * *

Әйтiмнiң отбасымен Бурабайда дем алып жатқанын өз қарауында бухгалтер болып жұмыс iстейтiн оның жездесi Шахманнан естiгесiн Маман әдейiлеп барып қайтуға дайындалды. Осыдан бiрер жыл бұрын Зерендiде

қауышқандары есінде. Агроном мамандардың біліктілігін жетілдіру мақсатында Шағалалы ауылшаруашылығы техникумінде екі жұмалық курс өткізілген. Еңбекшілер ауданынан жіберілген азаматтардың қатарында Маман да қатысып, егіс технологиясының жаңаша қырларымен танысып, білімін ұштады. Ол кезде Әйтім Әміров Зеренді ауданының партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінде еді. Кезекті жиындардың бірінде аудан басшысы да оқудағылармен кездесуге келді. Президум төріне орналасқасын көзін шола жүгірткен ол көпшіліктің ортасында отырған Маманды көріп, жылы жымып, бас изеп сәлемдесті. Бұл да шырайлана ишарат жасады. Тағы бір қаға берісте «Маған жолық» деген белгі берді. Тысқа шыққасын күтіп алып қолын ұсынған Маманды Әйтім құшағына тартып алып, бауырына қысты. Былайырақ бөлектей шақырып әкетіп, амандық-саулық сұрасты. Сырттай мұның жеке басына қатысты көптеген жағдайлардан хабары бар екен. Ұмытпапты. Түр-тұлғасы кекселеніп, лауазымды қызметтерде ысылғандығы байқалады. Жүріс-тұрысы да тұрпатына сай байыпты. Достық ықыласына лайық әңгіме әлпеті шынайы қарапайым. Ортақ таныстары жөнінде бір сыдырғы сөйлескесін сенбі, жексенбі күндеріне үйіне шақырып уақытша кош айтып, аттанып кетті. Бірақ бұрынғылардың жолығасатындықтарын ырымдау салтына сәйкес қол қысыспады.

Уағыдалы күні арнайы көлік жұмсап Маманды Зерендіге алдырты. Қарағайдан қиып салынған еңсели үйдің алдында жұбайы Жамал екеуі жадырай қарсы алды. Өке-шешесі өздерімен бірге тұрады екен. Бала жасынан Маманды жақсы танытын олар да жік-жаппар бола асты-үстіне түсіп құрақ ұшып жатыр. Өздері кеткеннен бергі елдің жаңалығын білгілері келіп, кезек-кезек сауал жаудырады.

– Демалысқа шақырған қонағымды тіптен қалжырататын болдыңыздар-ау, – деп қалжыңдап күледі Әйтiм.

– Ештеңе етпейдi. Мұндай баламыз күнде келiп жатқан жоқ. Онын үстiне сен құсап ат үстiнде жүрген адам емеспiз. Бiз де елдi сағынамыз. Өз баламызды өзiмiзге қимаймысың. Әйтiмнiң әкесi Уәли ұлының ыңғайына оңай көнбейтiндiгiн танытты.

– Досым, әкейдiң уәжi орынды. Бұл кiсiлердiң қабылдауынан босағанымша саған күте тұруға тура келетiн сияқты. Бастық болсаң ауданыңа бастықсың. Бiр мезгiл үйдегi бастықтарға да бағыну керек. Әзiрге Жамал құрбымызға өктемдесең де жетер. Маман үлкендердiң жағына шыққансып әзiлдей күлдi.

– Қырсыққанда оған да менiң билiгiм жүрмейдi ғой. Бiздiң Жамал да заңды жақсы бiледi. Әйел мен ерлердiң тең құқығын өте жақсы пайдаланады. Кейде тiптi асыра жарататынын қайтерсiң. Мен байғұс Мәскеудiң жоғарғы партия мектебiнде оқығанда әйел мәртебесiн миыма сiндiрiп алғаным соншалық алайып қарауға да дәрменсiзбiн. Әйтеуiр соның арқасында көйлегiм көк, тамағым тоқ. Сондықтан асыраушыларыма қарсы келмеймiн. Пәлен жылда бiр келгенде сен сөкпесең болды да. Жарасты әзiлдi жiгiн жатқыза айтқан досының парасаты Маманды iштей сүйсiндiрдi.

Қонағасыдан кейiн екi дос қолтықтаса аяндап Зерендi көлiнiң жағасына бет алды. Сонау балалық шақтарындағы қызықты оқиғаларды кезектесе әңгiмелеп қосарлана күлiседi. Әйтiмнiң әкесi Уәлидiң орнына жанар май бөшкелерiн күзетуге барғандарында дәл осылай мән болып мерейленетiн екеуi де. Сол сәттердi екеуi де сағынады екен. Көл жағалай бiткен қалың карағайдың шайыр иiсi танауды жарып барады. Сыйпай ескен самал жел табиғаттың дәрумен жұпарын қазақтың жомарт

алақанындай үстеп жұтқызады. Еркін тыныстап, еменжарқын сырласқан қос жүректің абзал қарым-қатынасына үйлесе қалған өз табиғаттың әсем болмысы әсерге толы. Бойды қуаттап, ойды толғандырады. Ағынан жарылып астарлы сырларыңды ақтармасыңа қоймайтындай. Қырықтан асқан екі жігіт қырқаның артында бұлдыраған балауса жастарын бүгін Зерендіге әкеліп қыдыртып жүргендей. Желдей жүйткіген жүйрік уақыттың дізгіні кімге бұйырған. Кешегіңді бүгінге, бүгінді кешегіне естелік арқылы ғана жуықтата аласың. Ол да бір ғанибет құбылыс.

Асықпай жылжыса да бір талай жерге ұзаған екі дос ұзақ сонар әңгімелерін үзбей жалғап, әлі тауыса алар емес. Төңкерілген қайыққа ұксаған домбал тастың жанына жеткенде Әйтiм үйден ала шыққан қапшығын ашып кішігірім дастархан әзірледі.

– Таудың бауырында, көлдің жағасында ішіп-жеген дәмнің мәнісі бір бөлек. Өзек жалғай отырайық. Сенімен кездескенім мен үшін зор қуаныш. Қызмет жолы көп нәрсеге қол жеткізгендей көрінгенімен, көп нәрседен алыстатып, ажыратып әкетеді екен. Кейбір қажыған сәттерде барлығына шырт түкіріп ауылға тайып тұрсам деп те ойлаймын. Әсіресе осындай саф ауалы табиғат аясына келгенде сол бір кіршіксіз көңілді, періште пейілді алаңсыз күндерімді аңсаймын. Пенделікке бой алдырып бара жатқандай налимын. Мансап заманның ұр тоқпағы. Алланың құлы екендігіңді ұмыттырып, партияның құлына айналдырады. Өзің болмасаң кімге бұлай шешіліп сөйлесер едім. Тіпті жаным жеңілдегендей. Кел, Мамау, сенің денсаулығың үшін тост көтерейік.

– Денсаулығымды шынында да мықтайтын түрің бар. Мынындай хош иісті таза ауада жүрген адамның ауыруы да мүмкін емес шығар. Мұнша рахатқа кенелткеніңе дән ризамын.

– Амандық болса келесі жылы жазда келіншегің мен балаларыңды бірге ертіп арнайы кел. Демалыс үйіне орналастырып дем алдырайың. Ол жағына әзірге беделіміз жүреді. Айтқандай екінші жұбайыңмен қалай қосылғандарың туралы айтсаңшы. Сырттай естуімше сымбатты, ажарлы екендігінен хабарым бар. Қызықтырып кетсең көрімдігімді қолтықтап кешікпей өзім де барып қайтуым ықтимал.

– Балуан шолақтың Қажымұқанға Ғалияны көрсетуге апарғаны жайлы әңгімені естіп пе ең?

– Жоқ. Ол қандай әңгіме? Біле жүрейік.

– Ғалия әнін сан қайта тыңдап, ынтызары ауған Қажымұқан бірде балуан ағасына қолқа салып ғашығын бір көрсетуін өтінсе керек. Сөйтіп екі алып күштің иесі қараөткел жәрмеңкесінің қызған шағында қымызшылардың үйіне барып түседі. Қажымұқанның орыс циркімен еуропаны шарлап, балуандық даңқы әлемге жайылған кезі екен. Балдай қымызды бабына келтіріп, тостағанымен ұсынған қараторы келіншекті «Біздің Ғалия осы», – деп меңзегенде басын шайқап таң қалған Қажымұқан әзер сеніпті. Сонда Балуан шолақ: Өй, түк сезбейтін, Цирктің пілі сол, сен оған менің көзіммен қарасаңшы», – депті. Сондықтан әркімнің талғамы өзіне сай. «Тең теңімен, тезек қабымен», – деген бар.

– Пах, шіркін, Мамау, осының бәрін қайдан білесің?! Алды-артымды орап тастадың-ау тіпті. Ендеше кел, сенің сұлу келіншегіңнің денсаулығы үшін бір көтерейік! Маман бірінші жарқосағы Рахиядан қалай айырылғанын, кішкене Ғалымды қалай жетімдер үйіне тапсыра жаздағанын мана баяндаған болатын. Күнмен шағылысқан Зеренді көлінің айдынында қатар жүзген қос аққуға қадала қарап отырып өзінің екінші рет үйленгені туралы әңгімесін бастан аяқ өрбітті.

– Өмір соқпақтары өрге қарай үнемі біркелкі жылжымайтындығын тағдырдың өзі-ақ мойындатады, оған ешқашан шүбәланбадық та. Дегенмен қай жаста да жұбайыңнан айрылу оңай соқпайтын қайғы екен. Әсіресе ер азаматтың төрт баламен жалғыз қалуын дұшпаныма да тілемес едім. Шүкіршілік еткенім әкемнің, өгей де болса шешемнің, ағайын туыстарымның барлығы. Басқаша жағдайда тіршіліктен мүлдем түңіліп кетерме ем, кім білсін. Оның үстіне үй басты, ошақ қасты машығым да жоқ. Бір тоға түздің жұмысына дағдыланып кеткенмін. Тұрмыстың ауыртпашылығы еңсемді езіп, қатты торықтырды. Балаларды Шиеліге апарып тастап, шаруашылықтағы жүктелген міндетімді атқаруға кірістім. Үйім-үй, күйім-күй емес тәрізді. Қара шаңырағым қаңырап қалғандай. Жұмыстан оралғанда жылылық үйіріліп тұратын оймақтай ұяма бұрын күлімдей кіріп жүрсем, енді күйзеле енемін. Кейде сол баспанама қайтқым келмейтін. Суып кеткендей сезілетін. Әз Жәнібек Жиреншеге: «Зайыбы өлген қандай екен?» – дегенде: Қарашашым дүние салған екен ғой», – деп жарықтық шешен аһ ұрып жүрелей отыра кеткенде камшысы ортасынан омырылышты. «Қатын өлді, камшы сынды», – деген сөз содан қалышты дейтін жұрт қасіреттің салмағының ауырлығын бастарына түспесе біле ме? Оқыс сынған камшының өзінде де үлкен пәлсапа жатыр-ау.

Менің жалғыз басты тірлігіме алаңдайтын бір талай етжақындарым мен жолдас-жораларым уақыт озған сайын өз ұсыныстарын білдіре бастады. Әрқайсысы өздеріне мәлім қыз-келіншектерді атап, таныстырмақ ниетте. Іштей өзім де балалардың жағдайына толғанып екінші қайта үйленудің мәселесін ойлаймын. Әйтседе бұл жолғы түтін түтету әрекетіне жүрдім-бардым қадам жасауға жүрек дауаламайды. Сондықтан сабыр сақтауға тырыстым.

Қуанышты сырттай танытынмын. Бұрынырақта бірлі жарым көргенім бар. Қазір алғашқы отасқан жолдасынан ажырасып Мәдениеттегі әке-шешесінің қолына көшіп келіп отыр дегенді естігелі әдейілеп барып, дидарласып көруді ойладым. Бар жазығы тұрмыс құрғаннан бермен қанша жыл өтсе де пұшпағы қанап, бала көтермепті. Алланың бермегенін адам тартып ала ала ма? Алайда күйеуі ағайындарының түртпегіне лажсыз мойын ұсынса керек. Құдайға шүкір ұрпаққа зәру емеспін. Ықыласым ауғасып-ақ сол келіншек жадымнан шықпай қойды. Бір күні ретін тауып Мәдениетке арнайы бардым. Қызының тәлкекті тағдырына бауыр еті езілген әкесі Ахметбек ботасын боздатып далаға тастасын ба, қолына көшіріп әкеліп үйінің қасынан үй салып беріпті. Әуелі үлкен үйдегі әулеттің иесіне сәлем беріп шықтым да Қуанышқа жолықтым. Ұрын келіп, жеңгетай жұмсап, ұрлана сөз жүгіртетін бозбала емеспін. Ол да бойжеткендей қылымсыған жоқ. Жас айырмашылығымыз екі жыл ғана. Әңгімеміздің әлпеті әлібінен ақ әрқайсымызға мәлім еді. Мен жағдайымды бастан аяқ ұқтыра баяндадым. Ол да бүкпесіз шешіліп, қаяулы көңілінің астарын ақтарды. Екі мұңлық, екі жартымыз, ойды ойға, сөзді сөзге сабақтап бір талай сырластық. Адам тілдескенше демей ме бірімізді біріміз ұнатқандай болдық. Шешуші жауап, қорығынды тоқтам әрине Қуаныштікі. Ол әлпештеп отырған ата-анасымен ақылдасуға екі-үш күнге мұрсат сұрады. Мен де үлкендерді алға салғанды қош көрдім. Уағдаласқандай әкем қасына бір замандасын ертіп бата-аяққа аттанды. Екі тараптың да тілегі ортақ емес пе пәтуалары да қиындық туғызбады. Үлкендеріміз ымыраласқаннан кейін көш көлігін қамдап қалыңдығымды алып қайттым. Ат шаптырып, балуан күрестіrmесек те қосылғанымызды думандатып атап өттік. Көңіліміз жарасып, біріміз бірімізге бауыр басып тез үйлестік. Шаңырақтың берекесі

оралып, қазандықтың құты түгенделді. Шиелідегі балаларды қолға алып, жаңа тұрмысқа бейімдей бастадық. Жаттығы жоқ пейілді сезінгесін олар да құрақ ұшқан Қуанышты көп жатырқамады. Қуаныштың ендігі қалауы мені Мәтендегі кішкене Ғалымды үйге әкелуге үгіттеді. Ғалым ол кезде апыл-тапыл аяқ басып, былдырлап сөйлеп жүрген. Өзім анда-санда барып ойнатып қайтатынымын. Кейде жұмыс бастылықпен араға күндер түсіп кетсе ұлым кәдімгідей жатырқап жоламай қоятын. Қарып пен Шарғия онысына тіптен мәз болысып, әжептәуір масаттана күлісетін.

– Әне, әкең келді, – деген кезде қырындай жүгіріп келіп, ұстатпай бұлтарып кері қарай қашатын. Баланы әкетуге барғанда Қарып та, Шарғия да беруге қыймай біраз қипақтады. Қанша дегенмен бауыр басып қалыпты. Ғалымның қадамы қайырлы болып, көп жылдай бала көтермей жүрген келіндері дүниеге нәресте әкеліп, тілектері орындалады. Соған орай әулеттерімен ырымдап Ғалымды «Майкөген» деп атайды екен. Соны айтып Шарғия көзі жасаурап жылап та алды. Бермеске амалдары жоқ. Аманаттың аты аманат. Қайтаратын мезгіл жетті. Біз де жөн-жоралғыларын нығыздап апарғанбыз. Үйден шұбыра ере шығып, қайта-қайта құшып сүйіп, иіскеп еміреніп, жылап-сықтап шығарып салды. Ғалым да шырқырап жылағанда енесінен бөлген қозыдай бебеуледі. Тіпті өзімдікі емес өзгенің баласын күштеп тартып әкетіп бара жатқандай қиналды. Үйге әкелгесін бір жетіге жуық асты-үстіне түсіп әзер дегенде бойын үйреттік.

Ғалымның ырымды жолы біздің де қуанышшымызға ұласты. Қуаныш жүкті болып, өмірге нәресте туды. Дүбірлетіп тойлады. Жанымызды жайнатып жіберген тұңғыш қызымыздың есімін Сәуле ауылының құрметіне Нұрсәуле деп атадық. Іле бірінің соңынан бірі жалғасып Нұрлыбек, Нұрлан деген екі ұл туды. Алланың күдіреті

шексіз ғой, мүмкін еместі мүмкін қылады. Жарымның жұлдызы жанып, арманы орындалды, бақытқа кенелді. Менің олқым толып, базарым кеңейді. Қазір Кеңашының көп балалы үйлерінің біреуіміз. Ғұмырымды атқан таңнан батар күнге қарай жылжыған уақытпен баламалан мөлшерлеп айтсам, түске дейінгісі ала бұлттылау болды ғой. Қазіргі жаймашуақ сәттерім өткенімнің өтеуі шығар. Өмір ағысына түскен жаңқа да бір, адам да бір. Қайда барып тұрақтайтыныңды өзің де білмейсің. Басқаша қалай баяндайын, сен сұраған соң айтып жатырмын». Маман Әйтімнің жүзіне қарады. Ол ойлы кескініне лезде күлкі шақыра жымылып, досын иығынан қапсыра құшақтап, арқасынан қақты.

– Сенің мына әңгіменің желісінен кәдімгідей көркем шығарма жазуға болады екен. Қуаныш құрбымыз шынында да тегін адам болмады. Әуел бастан бірің біріңе серік үшін жаралғансыңдар ғой. Бірің біріңді тапқанда ғана бақытқа қол жеткізіпсіңдер. Қосағыңның есімі де бекер қойылмаған-ау шамасы? Әдетте ер адамдарға қойылатын ат болғасын ба, кішкене оғаштау естілетін секілді.

– Октябрь мерекесі күні туыпты. Ойлап қарасаң Арман, Бақыт дегендей Қуаныш та жынысқа бөлінбеуге тиісті емес пе? Әлде оның да еркек, ұрғашысы бар ма?

–Ту, Мамау-ай, бәріне жауабың сақадай сай тұрады. Бір де нөл ұпай сенің пайдаңа шешілді. Қуаныш атанғаны тіпті жақсы. Енді құттықтайтын күнін де білеміз. Одан әрі де ұзақ сырласқан екі дос кеш қараңғылана Зеренді тауының етегіндегі орындарынан тұрып, көлді жағалай бойлап үйге қайтқан. Жел басылып, толқындар тыншыған шақ. Тау жақтағы демалыс үйінің тұсынан әлде кімдердің қосыла шырқаған әні естіледі.

Бурабайда дем алып жатқан Әйтiмдi көп iздеген жоқ. «Оқжетпес» шипажайының алдындағы қарағайдың көлеңкесiнде кiтап оқып отыр екен. Дәл қасына жетiп, дыбыс бергенше тiптi аңғаратын емес.

– Ойпырмой, қатты берiлiп кетiпсiз ғой. Соған қарағанда қызықты кiтап болар.

– Бiздiң ардақты ағаларымыз жаман кiтап жазбайды ғой. Өкiнiштiсi бiздеi жаман iнiлерi ғана «қызмет, жұмыс» деп жүрiп соны оқуға уақыт таппайды. Орындықтан сөйлей түрегелген Әйтiм жадырай жайрандап Маманмен құпақтаса амандасты. Маманның арқасына қарай тұрған Қуанышқа да қолын ұсынып бетiнен сүйдi. –Жарасып келгендерiң қандай жақсы болды. Жоғарылатындар! Үйiштерiң, бала-шаға, көршi қоландарың аман ба?

– Бәрi ойдағыдай. Демалыстарыңыз қайырлы болсын. Жаңа жердегi жаңа қызмет шаршатқан жоқ па?

– Жаңалық шаршатушы ма едi. Бәрi судай жаңа. Аудан да жаңа, қызметкерлер де жаңа.

– Қуаныштымыз досым, абыройың арта беруiне тiлектеспiз.

– Сенiң мен үшiн де, өзiң үшiн де қуанышты екендiгiңе қалайша күмәнданайын. Қасыңда Қуанышты ертiп жүргенде ренжiмейтiндiгiң анық. Жарасты әзiл жарқын-жарқын күлкiге бөледi. Әйтiм жаңадан ашылған Уәлиханов атындағы ауданға бiрiншi хатшылыққа тағайындалып көшiп бара жатқанда жолда Кеңашыға соғып, Мамандiкiнен ас iшiп аттанған. Қуаныштың атын желеу етiп Маманды қағытуы да өзiмсiнуi. Бұл кезде сыртқа шыққан Әйтiмнiң зайыбы Жамал да Қуаныш құрбысымен шүйiркелесiп үлгерген.

Маманның ауылдан арнап әкелген қонақасын табиғат аясында отырып ризық етуге шешiлдi. Осы шипажайда жазушы Сәбит Мұқанов та Мәриям апаймен дем алып

жатыр екен. Әйтiм ол кiсiлердi де дастарханға әдейi шақырып әкелдi. Оған Маман тiптен қатты қуанды. Құрметтi орынға жайғасқан ұлы қаламгер келгеннен-ақ бәз баяғы танысындай жақын тартып, бауырап әкеттi. Оның қарапайымдылығы кiмдi де болсын сүйсiндiрдi. Бастапқыда дардай атағынан жүрексiнiп, қобалжыған көнiлi лезде жаймапуақ ықыласқа балдай ерiп жүре берген. «Тусаң ту» дейдi iштей сыртқы тұлғасына қарап.

– Қай туғансың? – деп сұрап алған соң-ақ Сәбең мұның Қақсал атасын Қуандық-Сүйiндiктен бермен қарай өрбiте таратып, арғы-бергi тарихты идiре сөйлегенде Маман аузын ашып, көзiн жұмып қалай ұйығанын өзi де сезбедi. Бейне сол заманда туып, бүгiнгi күнге дейiн бiрге жасаған көненiң көзiндей елестедi. Астау толы сыбағаны дастарханға тартқанда маңдайы өзiне қаратылған басты көрiп, тағы бiр әңгiменi бастады.

– Қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момынғұлын бiлетiн шығарсыңдар?

– Бiлемiз, Сәбе, бiлемiз. Отырғандар бiр ауыздан ду етiстi.

– Бауыржан соғыстан демалысқа келгенде абыз ақсақалымыз Жамбыл ақынға сәлем беруге барды. Мен өзiм ертiп апардым. Осындай жайнаған жаздың күнi едi. Жарықтық Ұзынағаштағы үйiнiң алдындағы алма ағашының көлеңкесiнде кiлем төсетiп құс жастықты шынтақтап отыр екен. Жапырласып сәлем бергесiн Жәкең маған бұрылып.

– Балуан, батырың қайсы? – деп сұрады. Мен Бауыржанды жақсылап таныстырдым.

– Болса болар, өзiнiң де түсi сұсты суық екен, – деп тамсанды, маған көз қиығын тастай күлiмдеп. Сол заматта жiгiттер үлкендiгi тайыннадай ту қойды жетелеп әкелiп, бата тiледi. Сонда Жәкең мүдiрместен алақандарын жайып жiберiп:

Батырдың жолы болсын,

Самсаған қолы болсын.

Түсі де суық екен,

Жауының соры болсын! Әумин, – деп бетін

сыйпап еді. Қойдың басын көргенде сол кездесу әрдайым есіме түседі. Аузы дуалы кісілер ғой, – деді Әйтiм ұсынған басты Сәбең алдына қойып жатып.

Оқжетпес шыңының аясында, айнакөлдiң жағасында ұлы жазушымен болған салиқалы жүздесу өмiр бойға естен кетпестей оқиға. Ауылға қайтқан Маман жолшыбай соны ойлады. Кеудесiн шаттық кернедi. Сәбең мен Мәриям жеңгедi бөлмесiне дейiн шығарып салып, тыста Әйтiммен қоштасқанда да толқи тұрып шексiз алғысын жаудырды.

– Бұл кiсiлер халқымыздың көзi тiрi данышпандары, ұлтымыздың ұстаздары ғой, – деп қостады ол да.

* * *

Кеңсеге ертеректеу келгендер өзара сөйлесу үстiнде. Әңгiмелерi бүгiнгi бас қосулары турасында.

– Осындай түкке тұрғысыз жиналыстарды жаным жек көредi. Мiндеттеп қойғасын амалсыздан қатысамын.

– Бiзге ұнайды деймiсiң кит үлестiргендей абыройсыз құнсыз шаруа. Артынан алғыс алып жатсаң бiр сәрi. Үкiмет те қызық. Халықтың керек-жарағын дүкенге лықа толтырып үйiп тастаса ғой. Итке сүйек тастағандай таластырмай. Әркiм қажетiн алған соң артығы тұрар едi.

– Әй, ондай жағдай тек коммунизмге жеткенде ғана болады. Сонда ақша да құриды. Бәрi де су тегiн үйiлiп төгiлiп жатады. Әшейiн жәй сiлкiп таңдап, арқалап тасып қарық боласың.

– Қойшы қайдағыны қиялдамай. Екi дүниеде есепсiз нәрсе болады дегенге сенбеймiн. Хрущев те: «Бiр аяғымыз коммунизмде тұр», – деп қыртып едi Брежнев көтенiнен бiр тепкесiн қай аяғының қайда қалғанын ұмытты.

– Дегенмен қара нанға тойғызып қарыныңды кампайтты ғой.

– Ендеше жылда жинаған бидайымыз қайда кетіп жатыр?

– Оны партия біледі. Еңбек ақынды төлеп отыр ғой.

– Сол ақшамызға сатып алғымыз келгенді сатып ала алмайтындығымыз жаман. Ең теңі кір жуғышқа дейін кезекте тұрмыз.

– Бүгінгі алғандардың біреуін жақсылап айналдырсаң сататын шығар. Осы кезде директордың лездемелік жоспарламасынан босаған кәсіподақ басшысы мен бөлімше меңгерушісі бөлмедегілермен жолай қолдаса жүріп, төрге таман өтті.

– Кеңшардың тұтынушылар ұйымының мүшелері түгел жиналды ма?

– Басеке, мүшелер тегіс осында.

– Сатушымыз Тақан Әлімжанов көрінбейді ғой.

– Міне өзі де келді. Айтып ауыз жапқанша есікті айқара ашқан Тақан табалдырықтан ішкері аттады.

– Тақаң кешігуші ме еді? Бұл кісі неміс сияқты тура уақытында келеді, – деп қолпаштап сәлем беріп жатыр отырғандардың біреуі ұша түрегеліп.

– Осы біз бір жақсы мінезіміз болса табан астында өзге ұлтқа теліп жіберетіндігіміз неқылған жаман әдет. Сонда жақсы атты бір-бірімізге қимағанымыз ба?! Сол немістің қазақтан несі артық? Оларда екі аяғы, екі қолы бар кәдімгі адамдар. Маман қазаққа қатысты кейбір теріс пікірлерді жақтырмай қалатын қашанғы әдетінше наразылық білдірді. Онысына басқалар да бас шұлғысты. Жастау біреуі бұл пікірді қалжың араластыра құлпыртып одан әрі дамытып әкетті.

– Дұрыс айтасыз сол тәртібі тастай дейтін поніктуэлли немісінді осы Тақаң барып жаныштап жеңіп қайтқан жоқ па еді, әкесіне көрістіріп қырық бесінші

жылы. Сондықтан жауынгерлік темірдей тәртіп дегеніміз орынды болар. Өрбірден соң сол немістерің турашылдықты біздің Бабайдан үйренген шығар, – деді осы тұста әңгімеге араласқан шаруашылықтың кәсіподақ ұйымының төрағасы Хамидолла Тасмұханов өз тарапынан марапат жасап. Тақанмен жақын қарым-қатынастағы ауылдастары оны «Бабай» деп атап құрметтейтін-ді.

– Оның үстіне Тақан сағатшы емес пе? Осы ауылдың тоқтап қалған сағаттарын жөндеп беріп отырған шебер. Сағат дегеніміз – уақыт. Уақытпен қалай санасуды сағат тұрғанда немістен үйренді деп пе едіңдер. Жиналғандар ду күлісті. Шынында да Тақан тәп-тәуір сағат жөндеуші шебер еді. Кеңашы ауылының тұрғындары сынып қалған сағаттарын ешқайда тасып әлектенбей осы кісіге апарып оңдатады. Өзінің аса бір іждаһатпен сүйіп істейтін шаруасы. Онысы үшін ешкімнен ақы да дәметпейтін. Қайта сол арқылы рахаттанатын секілді.

Бүгінгі бас қосудың қарастыратын күн тәртібіндегі мәселесі: кешегі күні ауданнан арнайы тауар әкелінген. Жайшылықта оңайлықпен қолға түсе бермейтін кіржуғыш машина, тоңазытқыш, кілем, сеңсең тон секілді қат дүниелер анда-санда осылай алқалық жиынның шешімімен диқан-механизаторларға, малшы-шопандарға, көп балалы отбасыларға тізіммен бөлінетін. Бұл жолғы кезекте көп балалы ата-аналарға ғана сатылсын деген аудандық атқару комитетінің тапсырмасы бар. Бәрінің есіл уақыттарын жұмсап жиналған «келелі кеңестерінің» кілтпені сол. Оған жүрдім-бардым жеңіл қарауға да болмайды. Арты арыз-шағымнан көз аштырмайтын үлкен дауға ұласуы мүмкін.

Әкелінген дүниенің ұзын-ырға тізімін сатушы ретінде Тақан тәптіштеп оқып шықты. Көп балалы аналардың аты-жөндерін бала сандарымен қосарлап атап

кәсіподақ ұйымының басшысы алфавиттік тәртіпшен сыдыртып еске салуға кірісті.

– Ахметжанова Жәміш – он бір бала,

Ермағанбетова Полина – он бала,

Зәкірова Шәрия – тоғыз бала,

Мұкатова Сәуле – он бір бала,

Шөкентаева Мәрия – он бала.

– Ахметжанова Жәміште он екі бала емес пе?

– Жоқ, шатастырма, он бір бала, – деп түзетті оны екінші біреуі. Бірақ анау өз дегенін қайталап келіспей саусағын басып санап дауыстай жөнелді. Соңында Абай дегенде барып түсінікті болды.

– Абай немерелері ғой. Қайыркештің баласын айтамысың, ана «Терең құдықтағы» жайлауда шолақ атпен мал қайтарып жүретін. Өй сен де есімізден тандыра жаздадың ғой тіпті. Жеңгем түнде босанып қалмаса он екінші баланы қайдан қосып отыр десем. Маман әлгіні әжуәлай күлді. Ол қызарақтап ақтала бастады.

– Қайдан білейін үнемі Әлім ағайдың қасынан бір елі қалмайды. Өзінен сұрағанда да Аманжолдың ұлымын, – деп жауап қатады. Өзі сондай малсақ пысық бала. Болайын деп тұр әшейін. Бүкіл табындағы сиырларды түгел таниды.

– Атасы Аманжол озат малшы болса, әкесі Қайыргелді зоотехник болса, малды Абай танымағанда күнде көз алдында жүрген айналасы жеті-сегіз әйелдің неше баласы барын білмейтін сен таниды деуіміз керек пе енді? Осы орайда Хамидолла да ретін тауып бір шаншып өтті.

Ахметжанов Аманжол осы ауылдың байырғы майталман малшысы. Ауыл жұрты Әлім деп атайды. Сонау Кеңашының шағын ғана бөлімше кезінен бастап үкіметтің табынын бағады. Жаз бойына «Терең құдық» аталатын кең қойнауды жайлап, қар түсе қоралайтын кезде оралатын. Тумысынан момын, еңбекқор адам. Қақ соқта шаруасы

жоқ. Өз шаруасына аса мығым. Әйелінің аты – Жәміш. Төркін жұрты Омбы жақ. Әкесі Әкімбек соғыста қаза тауыпты. Бертін келе Қайыргелді деген ұлынның фамилиясын Әкімбеков деп жаздырды. Жеті ұл, төрт қызды дүниеге әкелген «Батыр Ана». Ол атағын Алла сыйлаған соң үкімет ресми түрде бекітіп берген. «Құрмет белгісі» орденінің, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері. Ол кісі күнделікті өмірде өр мінезді. Ұнатпайтын кісісін бетің бар жүзің бар демей қағып тастайтын бірбеткейлігі баршаға аян. Онысын білетін ауылдың небір шайпау әйелдері Жәміш отырған жерде айылын жия сөйлейтін. Санаспайтындары сыбағасын алып тынатын. Жұбайы тұрғанда ешкімге қақысы кетпейтініне әбден сенетін Әлім оқта-тектегі ұсақ-түйек жағдаяттарға бас қатырмайтын. Әйтеуір өз пайдасына шешілетіндігін күманданбастан бұрыла бере бір мырс етіп жөніне кете баратын. Жастайынан бауырына басқан немересі Абай кішкене күнінен жаз арбасына, қыс шанасына жабысып қасында жүретін. Буыны бекігесін салт аттан түспейтін шабандозға айналды. Үлкен қолқанат.

Тауарларды бөле келгенде қомақтысы тағы да сол Жәмішке түсті. Оған әлде біреуі мұрнының астынан мінгірлеп күңкіл сездірді.

– Әнеукүні де нығызы сол үйге бұйырмап па еді.

– Оның жөні басқа. Ол жолы озат малшыларға жазғанбыз. Енді солай шығып тұрса не істейміз? Малды жаман бақ, салмағын өсірме. Балаларды қысқарт деуіміз қажет пе сонда? Бар онда сөйдеп ескертіп кел.

– Бар, бар батылың жетсе. Басыңа шелек кигізіп жіберсін жеңгең. Ойнайтын кісіні тапқан екенсің. Анау заматта тиылды.

– Жәміш жеңгеміздің тілін Мәкең ғана табады, – деп қалды енді біреуі екі ұштылау қағытып.

– Ол кісі кімнің кім екенін біледі. Азаматтың паркын ажыратады. Құдайға шүкір басымды сыйласа оның несі әбестік. Өздерін аяқтарыңа боқ басып, дым қолтық болып жүресіндер де кінәні жұрттан іздейсіндер, – деп Маман әзілге әзіл қайырды. Ауылдасының тұспалды қалжыңының астары өткендегі құдалыққа байланысты.

Маман жұмысынан оралғанда үйінде Партсъезд кеңшарына қарасты Қаратал бөлімшесінің меңгерушісі Сымағұлов Қазбек күтіп отыр. Келген шаруасы да қызық көрінді. Әрине қазақ арасындағы қыз айттырулада ондай-ондай сынаспақ мәселелер жиі ұшырасып жататын. Аманжолдың бойжетіп отырған Нұркеш есімді қызы бартын. Сол Нұркеш пен Қазбектің бір інісі бір бірімен үйлесіп сөз байласып жүреді. Содан жігіт жағының туыскандары құда түсуге келеді. Қырсыққанда әлгілердің әлде нелері қыз шешесінің шамына тиіп кетсе керек. Одан әріге әңгіме жараспай Қазбектің құрамасы шекарадан кері қайтарылады. Иықтарынан су кетіп үйлеріне барса ғашықтық дертіне шалынған жігіт аттай тулап: «Нұркешке үйленбесем тірі қалмаймын», – деп қорқытады. Қазбек Кеңалдыға қайта аттанып бұрыннан танитын Маманға келіпті. Маман Қазбектің көңілін жайландырып, араға екі-үш күн салып қайтадан алдынан өтуге шақырды.

Келесі тәуліктің ертесінде Аманжолдың үйіне әдейілеп барды. Отағасы шаңырағында екен. Құдаларды неліктен үркіткенін сұрағанда: «Мына генерал жеңген кінәлі», – деп жұбайын негімен нұсқап әдетінше мырс етті. Жәміш жеңгесі шайын қамдай жүріп, жайрандай сөйлесті. Жүзінде ешқандай өкпе-реніштің нышаны байқалмайды. Салдырлай баяндап болған оқиғаны бастан-аяқ айтып берді. Бүлінген ештеңе жоқ сияқты. Шай үстінде Маман құдаларды бүрсүгінге шақырып қойғанын хабарлады.

– Мамау жан, айтқаның болсын. Екі жасты айырып қастығым бар ма? Өзімнің қызымның да бақыты емес пе? –

деп жайылып түсті. Тіпті көңілдене сөзін жалғап – Басынан кіріскен екенсің енді бар ғой Қуаныш екеуің тойымыздың құдалығында да соңына дейін бірге жүресіңдер, – деп нығарлап жіберді. Ақыры келісілгендей қыз ұзатылып, дүбірлеген той өтті екі жақта да. Елдің аузындағы алып-қашпа сөз осы.

Көп балалы отбастарына ұйғарылған дүние мүлікті жіпке тізіп болғасын тізімді сатушыға тапсырған алқа мүшелері уһ деп демдерін алысты.

– Сендер бар жауапкершілікті маған арта тастап оңай құтылдындар-ау. Орындауы қалай болар екен? – деп Тақан күле қарады.

– Бабай, енді бізден қайран жоқ. Енді Бәтима-жеңгейге сеніңіз, – деп Маман ағасына әзіл тастады. Тақанның жұбайы Бәтима әр істің ыңғайын парасатпен бағамдайтын ақыл иесі. Сөзге де ұста. Оның орнықты уәждеріне ешкім дауласа алмайды. Ауылдың еркектерін қайрап, әйелдерін заңдап орынды орындарына қойып тастайтын. Жәміш те тек осы Бәтимамен ғана санасып, құрмет тұтады.

* * *

Намазғұлдың жотасына қарай өрлеген ақ жигули ұшар басына жеткенде бірақ тоқтады. Степнякты Біржан сал бейіті жағынан айналып өтіп, Кеңашыға апаратын тас жолмен үш-төрт шақырымдай ұзап шыққанда жолдың сол жақ бетінде екі жылқыны қуалап келе жатқан салт аттыны көзі шалған Нұрлан бірден таныған.

– Өй мынау біздің байталдар ғой, – деп елең етті.

– Ә, олар бұл жақта не қып жүр, – деп Маман да дегбірсізденді. Алайда жақындағанша назарына іліндіре алмай құр сүзілумен болды. Тек баласынан сұрағаны айдаушының бет алған бағыты ғана.

– Ауылға қарай, соңында өзіміздің Серік жылқышымыз, – дегесін-ақ көңілі сабасына түсті. Кейінгі жылдары жайылымдағы қыл құйрықты тұрмақ қорадағы байлаулы сиырдың өзін бас жібінен жетектеп кететін баукеспелер шықты. Сондықтан адамның ойына әу дегеннен жамандық оралатындығы кездейсоқ емес. Оның үстіне алты-жеті жыл бұрын Кеңашының түгел жылқысын сыпырып қуып кеткені әлі есінде. Барымталанған көп малдың ішінде Маман әулетінің жайылымдағы барлық жылқысы да осы күнге дейін ізімғайым жоқ. Баяғыда мыңдап бағылатын сопқоздың жылқылары да ұрлықтан дін аман жайылып жата беретін. Ол заманның жылқышылары да басқа еді ғой шіркін! Қалың жылқының соңында қосын сүйреп көшіп жүретін солардың жаны сірі, еңбегі адал екен. Қазіргілер түнде бақпақ түгілі, күндіз қайыруға да ерінеді. Қызыл іңірде егінге түсіп, шулатып жатқандары. Меншігінде бие ұстаған аты болмаса иелерінің де малсақтықтары бұрынғыдай емес секілді. Ауылға айдап келсе, барып түгендеуге де жалқау. «Біздікілерді де байқай салшы», – деп көршісіне тапсырады. Маңына жан жуымаған тай-құнандар тарпаңнан асау. Соғымға ұстарда кісіге жалынады. Ат құлағында ойнаған бабалардан ұят. Орыс, немістің қай жылқысын сатып алсаң да көз тоярлықтай көшелі, ірі, мінездері қойдан жуас, шетінен семіз. Құлынынан асты-үстіне түсіп, уқалап, сыйпалап күткесін әрине сондай болмағанда қайтсін. Пәлен үйірде оңған айғыр жоқ. Оны бірігіп сатып алуға ақшаларын қимайды. Атам қазақтың «Бие жылына, айғыр күніне құлындайды» дегенін ұмытқан. Бие сауып, қымыз баптайтындар да азайды. Жылдың он екі айында күбісі күмпілдеп жататын Қарыс ақсақалдар мен Шәрия бәйбішелер қайда.

Жылқышы Серікке жолыққасын мән-жайға қанықты. Қос байтал бастарын шұлғып тастап желге қарсы қиыстап

барады екен. – Теріс іздемегенде ұзатпай қайырап едім, Намазғұлдың төбесіне көтерілгенімде бірден байқадым, – деді астындағы аты сүмектеп терге малшынған бақташы.

– Бізді қарсы алуға шыққан ғой шамасы, – деп сөзін әзілге бұра езуіне күлкі үйірді Нұрлан.

Машинадан сырғи түскен Маман бойын тіктеп айналаға назар салды. Көздің нұры тайғасын алыстағыны ажыратып көре алмай бұлдыраңдаған сағымға қинала тесілді. Көгілдір түстес шәйі шымылдықтың арғы бетінен жарық бөлмедегі сұлу қалыңдықтың ажарын тамашалағандай. Соның өзінде жүрегімен қай жақта ненің барын сезіп тұр. «Үй алдында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең. Үй ішінде қарт болса, жазулы тұрған хатпен тең», – деген нақыл тіліне оралып, ернінің ұшынан ғана күбірледі. Бұл Намазғұлға білдірген ишара ықыласы болатын. Көкірегі сайрап тұрған адамға көздің көрмегені түк те емес-ау. Көзі бақырайып, көкірегі танымағаннан бейшара бар ма, жалғанда?!

Сонау жақта көк мұнар сағымға оранған Бурабай таулары мұндалайды. Жердің маңдайына, елдің таңдайына берген құтты Маман көрмей тұр дейсің бе? Көргенде қандай. Оның көзіне кешегі Бурабай да, бүгінгі Бурабай да, тіпті ертеңгі Бурабай да көрініп тұр. Арқаның Абылай аспас сары беліне аса мейірімді жаратушының ықыласын иіп, жомарттығын үйіп берген сыйлығына арғысы ата-бабамыз шүкіршілік етіп өтсе, бергісі біз мақтанамыз. Шүкіршілігінен жазбаған бұрынғыларымыз оны қорғап, сақтауға келгенде қанын да, жанын да киюдан аянбады. Бүгінгі біздің мақтаншылығымыз кейде қуандырса, кейде қорқытады. Қуантатыны рухани ләззат пен табиғи жан рахатын арттыру жолындағы саналы әрекеттер. Қорқытатыны құлқынға құрылған пайдакүнемдік әккі ашкөздік. –Бурабай қымбаттап барады, – деп келді немерелерін қыдыртып апарған көп балалы ана бір кесе

шайды 150 теңгеге сатып алып ішкенін айтып. Иә, Бурабай қымбаттап барады. Бірақ кім үшін?...

Маман талай рет Бурабайда дем алған. Әр жылда арнайы уақыт бөліп, үй ішін апарып армансыз аралататын. Алыстан келген дос-жаран, құда-жекжаттарына да Бурабайды таныстырмай жібермейтін. Қазақ тарихындағы ұлы кезеңдердің бірі Абылай заманына халқының ескерткіші құдайдың қолынан шыққан туынды болуы тегін емес қой. Кемел ойлы, кемеңгер басшыны халық қашан да бағалай білген. Сондықтан кие тұтып мәңгілікке тапсырған. Абылай хан да, оның данагөй билері, сайыпқыран батырлары да сол мәңгі жасыл Бурабайдың ішінде әлі күнге жүргендей елестейді. Жаңа Нұрланға төбенің басына бұрылшы дегенде өңірге де, өмірге де өз биігінен қарауға ниеттенгендей. Жасы ұлғайған қарттың шола қараған жанарында елестер жылжып, естеліктерге жан бітірді.

* * *

Намазғұлдың етегіндегі тоған судың былайғы жағында сопқоздың биелері сауылатын. Сауыншылардың жетекшісі Ермағанбетов Қабдөштің әйелі Мәриям. Шын аты Полина. Некесі қиылғаннан бері қазақтар Мәриям деп атап кеткен. Қымызды ондай келістіріп баптайтын әйел қазақтардың арасында да ілуде-қадау. Қара қоспен екі арада жүретін көлікті Баймолда айдайды. Ол бір ішкенде сегіз литр, ерегестірсе он литр қымызды сіміре сап аузын алақанымен сипап кете беретін. Құрдастығына бағып, Мәрияммен қылжақтап қатты ойнайтын. Ондай сәттерде Мәриям қазақы қалжыңға да дес бермейтін.

Бірде Маман күндегіше бие шарбаққа соқса, сауыннан саумал толы шелекті көтеріп келе жатқан Мәриям мұны көріп, күле амандасты.

– Биелеріңе тіл бітті ме? Өзің тіптен көңілдісің ғой, – деп жай емесін сезген бұл жөней қағытты.

– Досың түнемел ішіп, түгі тікірейіп кетіп еді, кездескен жоқ па?

– Ол қайсысы Баймолда ма?

– Басқа кім болушы еді?

– Тегі құрдасыңды қатырғансың-ау!

– Қатқан қатпағанын білмеймін, бірақ буындары былқылдап, тілі күрмеліп қоштасқан.

– Қой, ол арақ ішпеуші еді ғой?!

– Қымызға араластырса бас тартпайтын көрінеді. Соған деп әдейілеп бір жарты арақты араластырып жарты кәстрөл қымызды сапырып-сапырып дайындап қойғам. Мана келе сап қымыз сұрап әдетінше бастырмалата жөнелді. – Қымыз жоқ, – деп мен де өтірік бет бақтырмадым. Содан білегімнен қапсыра ұстап қинауға көшті. Өзін әбден шөл қысқан екен. – Жарайды іпсең қостағы кәстрөлде түнемел тұр. Басқа жоқ, – деп сығылып шығып, бие саууға жөнелдім. Қайтып келсем Баймолдам шат-шадыман көңілді. Маңдайы терлеп, рахаттанып тұр. Үш-төрт литр қымызды басына бір-ақ төңкеріпті. Сөйтіп көлігіне қолтықтап мінгізіп, ауылға шығарып салдық. Маман Мәриямның тұзағына оңай түскен Баймолданың күйін көз алдына елестетіп біраз күлді.

Сол күні екінті ауа үйіне жеткен Баймолда төргі бөлмесіне тәлтіректеп еніп, төсегіне жетпей едендегі көрпешеге үн-түнсіз сұлай кетіп, қор етті. Жұбайы Гүлсім түннің бір уағына дейін түрткілеп, шайқап оята алмағасын кереуетіне жатып қалған. Таң қылаңдаған шақта бойын эзер жинаған жігіт ағасы ойыннан шашыраған ойын қайыра алмай әйелін оятты.

– Әй, мен неге бөлек жатырмын?

– Ой, Баеке, жұмыстан қатты шаршағансың ғой, төсегіңіз міне салулы.

Баймолла оразасының неден бұзылғанын сонда ұғып, ләм деместен кереуетін сықырлата сыңар жамбастап сырғи жылжып үйреншікті ақ төсегіне табысты.

* * *

Бар кеудесімен ауыл жаққа бұрылған Маман кең тыныстап кеудесін кере дем алды. Бағын ашқан, бауыр басқан мекені ғой бұл Кеңашы. Сексенінші жылдарда үй саны үш жүзге жеткен ауылда бүгінде жүзге тарта ғана шатыр қалған. Жұмыссыздық жайлаған елдің өңі лезде құлазыды. Аяқ-қолы сау адам қайранда қалған балықтай аласұрған кезде көптеген азаматтар көшпеске лаж таппаған. Қазір жағдай түзеле бастады. Шаруашылыққа қажетті бір талай нысандар бұзылып әкетіле жаздаған. Маман қызғыштай қорып ешкімді жолатпады. Соның бәрі кәдеге жарап жатыр. Иесі болмаған көршілес Придорожный елді-мекені құрып бітті. Үйлердің қабырғаларының кірпішіне дейін талауға түскен. Жаудың жүз ұшағы қатар ұшып бомбалағандай тып-типыл.

* * *

Шиелідегі әкесі Әубәкірден қалған қарағай үйді інісі Мереке дүние салғаннан кейін сол қалпында бөренелерін белгілеп бұзып, Кеңашыға көшіріп әкеліп қондырған. Қас шебердің ісінде мін жоқ. Бірде бір ағашына шірік түспепті. Сүйегі сынғырап тұр. Тағы да жүз жылға шыдайтындай түрі бар. Ішкі безендіруі болмаса сыртқы құрлысынан ештеңесін де өзгертірмеді. Бабадан ұрпаққа ауысқан мұра, әулеттің тарихы. Кіндігінен өрбіген төрт ұлы мен төрт қызынан он төрт немере, он екі жиен көрді. Бес шөбере сүйді. Барлығы да Әубәкір бабаларының осы құтты қара шаңырағының заңды мұрагерлері. Аллаға тәубә.

Кеңашы өз алдына жеке шаруашылық болып құрылардан сәл бұрын Әйтiм ауылға соғып, Мамандiкiне түстi. Обылыстық партия бюросына қатысып қайтыпты. Ол кезде елдiң келелi мәселелерi бюро мүшелерiнiң қарауымен шешiлiп, жүзеге асырылатын.

– Мамау, сүйiншiмдi бер. Жеке солқоз болатындықтарыңды бүгiн талқылап бекiттiк. Қой өсiресiндер. Дiнмұхамбет Ахметұлы Қонаевтың қой санын 50 миллионға жеткiзу бағдарламасының 50 мыны сендерге жүктелетiн болды.

– Сүйiншiңе қалағаныңды аларсың досым, осы үйдегi көзiңе түскенiңдi қалай бер. Бiрақ 50 мың қойды қайда сыйғызамыз. Мынандай анекдотты естiдiң бе?

«Айдары желкiлдеген бiр қораз тауықтарды тiзiп қойып, тоқпақтап жиналыс өткiзiп жатыр дейдi.

– Соңғы уақытта жұмыртқаларың ұсақталып барады. Соның кесiрiнен бұрын он-он бiр тиыннан тапсыратын бағамыз жетi-сегiз тиынға дейiн күрт төмендеп кеттi. Масқа-р-ра, мас-қа-р-ра! – дейдi. Сонда кәрi мекиен шыдамай:

– Құрметтi Әтешеке, әр жағындағы үш-төрт теңгеге бола артымызды жыртар жайымыз жоқ. Бiздi де аяңдар, – дептi. Қораз шамданса да сөзiн әрi жалғап өзiнiкiн дәлелдеуге тырысады.

– Құл делiк, бiрақ тым салақсыңдар. Жұмыртқаларың сатпақ-сатпақ кiр. Тапсандар, былай жөндеп, неге таза таппайсыңдар, – деп бастырмалатады. Кәрi мекиен тағы да:

– Оған да кiнәлi құлан сәрiден құлағымыздың етiн жеп, – Жоспар, жоспар, – деп асықтырып, құйрық сүртуге мұрша бермейтiн өздерiң емес пе?» – дептi. Әйтiм шексiлесi қатқанша ұзақ күлдi. Сәлден соң сабыр тауып бастапқы ойын әрi сабақтады.

– Саспа, әуелі құрылып атыңдар. Сендерге әлі еш жерде жоқ механикаландырылған үлкен мал қоралары салынады. Неше түрлі қондырғылар әкелінеді. Республиканың бірінші басшысы өз бастамасын өзі қадағалап отырады.

– Жарайды жаз жайлауда жайып оттатармыз-ау, ал, қысқы азық-түлік мөлшерін қалай қамсыздандырамыз. 50 мыңның тым көп секілді.

– Иә, ол жөнінде мен де ойладым. Бірақ бүйректен сирақ шығарғандай болғым келмеді. Көш жүре түзелмей ме. Біртіндеп көтерілесіңдер. Ә, дегеннен сонша қойды төгіп тастар деймісің. Ол бетке ұстанған межелерің болады. Мал төлінің есебінен өспей ме?

– Бәсе, сөйтіп орайын кеңітсеңші.

– Шаруашылықтың атауы жөнінде де ұсыныстар талқыланды.

– Сонымен қалай деп аталатын болды.

– Әлде бір, Ивановский, Сидоровский кимелеп кетпей тұрғанда өз атын қалдырайық деп орнымнан екі мәрте тұрып ұсыныс жасадым. Әйтпесе қазақтың пікірталасы көбейеді де айналып келгенде орыстың жамбасына түседі. Ақыры «Кеңашы» қой сопқозы болып қабылданды.

– Ерлеген екенсің, досым, мен де жер аттарының орысшаланып бара жатқандығына ішім ашиды. Бұл қазақтың даласы емес пе? Даламызға ат қойып біткесін баламызға да кезек келмесіне кім кепіл.

– Дұрыс айтасың, «Қанына тартпағанның қары сынсын», – деген сөз қарғыс емес өсиет қой, – деп қостады Әйттім. Екі дос жаңа шаруашылықтың ашылғанына да, атауының қазақша аталғандығына да қуанысқан сол күні.

Бертін тәуелсіздіктің қазақ тіліне әперген мемлекеттік мәртебесі Еңбекшілдер ауданында кеңселік іс-қағаздарын қазақшаға көшіруге түрткі болды. Жергілікті

әкімдер жұмыс жүйесін мемлекеттік тілде жүргізеді. Қынжылтатыны обылыс орталығымен арадағы ресми қарым-қатынас әлі күнге екі тілде аралас-құралас қалпында. Әкімшілікке түскен әлдекімнің орысша жазған арызына қазақша жауап қайырғаны үшін облыстағы жиналыста Нұрланға сөгіс жарияланыпты. Сондағысы арыздың иесі қазақ. Орысшасы тасып тұрғандай-ақ ол да орысша жазғанын көрмейсің бе. Әйтеуір не пәле шықса да өзімізден шығады. Сөгіс беруші де қазақтың азаматы. Мұндай қисынсыздыққа Маман бір жағынан налыса, бір жағынан күлкісі келеді.

* * *

Алдыңғы жылы «Богви» фирмасының жігіттері ең әуелі осы Маманның үйіне келіп түскен-ді. Ақсақалдың ел ішіндегі беделін әлде біреу жақсылап ұқтырса керек. Өздерінің мақсат, тілектерін, іскерлік мүмкіншіліктерін рет-ретімен баяндап жеткізді. Ел келісімін берсе қомақты қаржы жұмсап, шайқалған шаруашылықты қалпына келтірмек ниеттерін білдірді. Ықыласымен тыңдаған байырғы ауыл басшысы іскер азаматтарға дәйекпен сөйлеп, талаппен жауап қайтарды.

— Кеңашы 1973-ші жылы наурыз айында Восточныйдан еншісін бір жола бөліп алып, Қарасор бөлімшесімен қосылып жеке қой сопқозы болып құрылды. Қарамағымызға 9000 қой, 1000-нан аса жылқы, қара мал тиді. Алғашқы директоры Құмар Ордабайұлы Жапаровтың басшылығымен еңбекқор азаматтардың арқасында аз жылдың ауқымында аудан көлеміндегі іргелі шаруашылықтардың қатарынан орын иелендік. Қой саны 15000-ға жылқы саны 1650 басқа жетті. Үлкен кешенді мал қоралары салынды. Ахметжанов Аманжол, Әбетов Қайырбек, Тәшімов Сәрсенбай, Шөкентаев Төлеген, Жексенов Қалиолла, Әбзелов Қайролла, секілді еңбек

озаттары шықты. Қос Ленин орденінің иегері Қабдәш Ермағанбетов, Қазақ ССР-нің депутаты Төлеген Әукеев, КССРО-ның XXVI съезінің делегаты Майра Хасеновалар жерлестеріміздің мақтанышына айналды. Атақты еңбек ері Жәмшит Қожантаев бірнеше тіркемемен осы сопқоздың астығын тасыған. Жұртымыз жұмыстан аянбайды. Сопқоздың соңғы директоры Қалиасқар Әйткенов көзі тірі, бүгінде Астанада. Сонымен кездесіп, ақылдассандар да біраз мағлұмат аларсындар. Тек қана алдамаңдар. Еңбек ақыларыш уақытында төлесендер тау қопарып, тас жарады біздің білекті жігіттер. Айтқан уәделерінді орындасандар болды. Өз қара басыма ештеңе де керек емес. Үкіметтің төлейтін зейнетақысы кемпірім екеумізге жеткілікті. Ел үшін шырылдаймын. Кім алдамады оларды. Әлі алдап келеді. Егер сендіре алсаңдар, сенімдерін ақтасаңдар, қазір әрісі бір сағатта ағайынды жинатамын, – деп Маман ел мен жердің қасиет, киесін ескертіп, нығарлап тапсырды.

«Богви» фирмасы жана жұмыс орындарын ашып, жұрттың үмітін жалғады. Бұрын көрмеген шетелдік үлкен комбайндар, дәу тракторлар Кеңашының өндіріс алаңқайында сап түзеп тұр. Жаңадан кешенді мал қораларын салып, ішін қара мал мен жылқыға толтырды. Тіпті науқан кездерінде жұмысшы күшінің жетіспей жатқандығы да естіледі. Былтырғы орақта жақсы еңбек еткендерге машина мінгізіп, қыруар мөлшерде ақшалай сый ақылар үлестірді. Мектептің жөндеу жұмыстарына да қаржылай көмек көрсетуде. Жастардың бос уақыттарына да жағдай жасау мақсатында бөлген тарту-таралғылары да аз емес.

* * *

Елдің ажары азаматынан. Сыртта жүрсе де ауылын жадынан шығармайтын жігіттерді жерлестері мақтан тұтады. Қандай қызметте жүрсе де ат ізін суытпайтын

Қайыргелді келген сайын үлкендерге сәлем беріп, қал жағдайларын біліп тұруға ерінбейді. Сәуле ауылында бөлімше меңгерушісі, Невский, Горковский сопкоздарында парторг болып істеп жүргенде қандай болса, кейінірек Талшық пен Горковскийде директор, Ленин ауданының әкімі қызметтерінде де ауылдастарымен ара қатынасын үзген жоқ. Әлдекімдердей мұрнын шүйіріп, кеудесін кермейді. Жылына бір келіп, ауыл үлкендерінің бастарын қосып, сыбаға жегізу әйелі Күмісжан екеуінің бұлжымайтын әдебі. Қазір Астанада тұрады. Жұмыс орыны Көкшетауда көрінеді. Нағашысы Әкімбектің атына ашқан фирманың қожасы. «Жиен неге ел болмайды малды болса» деген нақыл тегін бе? Үш жұртын да риза етіп жүр. Биыл жаздың аяғына таман әкесі Аманжолға арнап ас бермекші. Жарықтық бір аунап түсетін шығар. Өле-өлгенше Қайыркешім деп өтті ғой.

* * *

Жазушылығы мен айтыстағы ақындығы арқылы қазаққа танылған, Манасын жырлап қырғызды тамсандырған Баянғали Әлімжанов Кеңашының түлегі. Алматыдағы «Жұлдыз» журналындағы қызметін қиып тастап, ауылға көшіп келіп, ауыру шешесі Бәтиманы күтті. Әкесі Тақанды бағып, жұбайы Әлия екеуі сауабына кенелді. Ата-анасының қиналғанда қастарынан табылып, қолдан жөнелте білу де шынайы парасаттың белгісі. Перзентік парызын өтегеннен соң ғана Көкшетау қаласына көшкен. «Ұл болса біздің Баяшқа ұқсасын», – дейді Маман отырған жерлерінде өзге жастарға үлгі етіп. Теледидардан айтыс көрсеткен күні Кеңашының көшесінде бейсауат жүргендерді сирек көресің. Ауылдың асыға күтетіні өздерінің Баянғалилары. Кітаптары үй қыдырып қолдан қолға түспейтін қазына. Әсіресе соңғы шыққан «Жынды Қаратайдың қасіреті», «Ауылымның ақ самалы», «Деген

екен» атты кітаптарын оқығандар, ішіндегі әңгімелерін жатқа айтады. Шал-кемпірлердің өздері бір-біріне «Әлгі Баянғалидың кітабындағы: «Пәленше құсамай отыршы», – деуі соның әсері.

Өткенде Нұрланның столында жатқан қағазды қолына алып қараса Баянғалидың өмірбаяны жазылыпты. Қызығушылықпен оқып шықты. 1954 жылы 16 қазанда туған депті. Шіркін зымырап өткен уақыт-ай! Ол да елу төртке толады екен. Қаз ҰУ-дың филология факултетін 1977 жылы бітіріпті.

Қызмет істеген жерлері де тізіліп тұр. Сәбит Мұқановтың мұражайында, «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Кітап жаршысы», «Көкшетау правдасы» газеттерінде, «Балдырған», «Жұлдыз» журналдарында. Бәрі де Маманға таныс басылымдар. «Қазақфильм» киностудиясында, Еңбекшілдер аудандық мәдениет бөлімінде, Шахмет Құсайынов атындағы театрда істепті. Қазір «Паң Нұрмағанбет» кино студиясының директоры, - дейді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағының, «Ерен еңбегі үшін» орденінің иегері. Осының қайсысы да талмай ізденген, жанкешті еңбектің арқасы. Жарық көрген кітаптары соның айғағы. «Қыйқыматтың хикаялары», «Ұя» тағы басқалары бұл оқыған сүбелі шығармалар. «Ән мен анаша» атты кино шығарғанын естіген. Көріп тамашалауға құштар-ақ. 216 рет айтысқа түсіп, 22 бас жүлде иеленіпті. Бірер аттарын осы ауылға да әкелгенде ағайын-жұрт тегіс қуанған. Келесі парақтағы «Кеңашы» деген өлеңін Маман тіптен құмарта оқыды.

Өркім де өз ауылын алтындайды,
Ауылға айтар әні сарқылмайды.
Басына Намазғұлдың шыға келсем,
Кеңашым қарсы алдымнан жарқырайды.

Қайырмасы:

Кеңащы, Кеңащы, Кеңащы,
Жерін кең, ал суың неге ащы.
Үйретіп үлгісін үлкеннің,
Болашақ жастарға жол ашшы.

Шалдары біздің елдің қандай еді,
Аталы айтқан сөзі балдай еді.
Жаныңды жадыратып шуақ берген,
Жарықтық жанып тұрған шамдай еді.

Бұл жерге кімдер келіп, кімдер кеткен,
Қимайтын ертегідей күндер өткен.
Аңқылдап аман-есен жүздесейік,
Ұл-қызы ауылымның өсіп жеткен.

Қайырмасы дегеніне қарағанда әнге жазылғаны айдан анық. Өзі де әнге сұранып тұрған сөздер ғой. «Кеңащы, Кеңащы, Кеңащы, Жерің кең, ал суың неге ащы», – осы жолдарды үш қайта қайталап оқыды. Қағазды орнына қойғасын да күбірлеп айтып біразға дейін ұмытпа алмаған. Ауылдан ақын шыққаны да бір ғанибет екен-ау. Кеңащы тарапына назарын тіктеген Маман өлеңнің қайырмасындағы сол сөздерді тағы да іштей қайталады.

* * *

Қарттың әжімді жүзін сыпайы желпіген самал жел құлағына да сыбырлап қоятындай. «Әлі мықтысың, осыңнан жазба. Кәрілік те адамның бір мезгілі. Қысты қалай көтерсең оны да солай өткеруге тиіссің». Сексенге толған жалғыз сен бе тәйірі. Тізе қосып, иық түйістіріп бірге жасасқан құрдастарың да бар. Омаров Бостан, Әбжанов Есқан, Әлжанов Ермаған, Темірғалиев Шабдан, Сымағұлов Қайыр, Сүлейменов Қайрат, Шәймерденов

Әмен, Қуандықов Баймолда, Тасмұқанов Қамидолла, Сапаев Ерік, Теміров Әбжан, Көбенев Темірбай, Сұлтанов Балташ, Өзбеков Төленді. Барлығы шеп құраса бір ызбот сарбаз емес пе? Маман замандастарын мақтанышпен еске түсірді. Қай жерде кездесе де арқа-жарқа мәз болысады. Біріне бірі қадірлі.

* * *

Маманның өмір белестерінің аз үйлі ауылдың ауқымына ұқсас шеңберлене тұтасқан өз көкжиегі бар. Оның да кезегімен алмасып таңы атып, күні батады. Оны да бұлт басып, найзағай ойнаған. Әйтсе де қай күннің қалай болғаны түгел есте сақтала ма. Сексен жылдың ішінде неше рет нөсер құйып өтпеді дейсің. Толассыз жауған жаңбырдан соң тастың да кесектері қалып, ұсақ-түйектері шайылып кетпейтін бе еді. Дүниеде шыңдар аз, төбелер көп. Көлдерге қарағанда мұхиттар мен теңіздер де санаулы. Солардың алдыңғыларын көптің көзі тек алыстан ғана көреді. Алайда не ғаламаттың негізі жазықпен жалғасады. Бәріне апаратын жолдар да жазықтан басталады.



ҚҰДАЙБЕРЛІ МЫРЗАБЕК

ҚАРМЫС АТАНЫҢ ҰРПАҒЫ **Өмірбаяндық деректі хикая**

Компьютерге терген: автор
Компьютерлік қалыптау: Секенова Д.Д.
Корректоры: Тілеубердина Г.Т.

Басуға 10.07.2008 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/32. Шартты баспа табағы 9,6
Тапсырыс № 1031. Таралымы 250 дана.
Бағасы келісімді.

«Келешек-2030» баспасы. 020000, Көкшетау қаласы, Горький көшесі,
17 «а» үй, тел. (8-716-2)-31-33-49, факс 31-33-51.
E-mail: Keleshek@mail.ru
<http://www.keleshek.kz>

